


ҚАНАТ ТҰЯҚБАЕВ

РЕСТАВРАЦИЯ- ЖАҢҒЫРТУ ӨНЕРІ



АРЫС
Алматы
2007

ББК 79.0
Т 92

Т 92 ТҰЯҚБАЕВ Қ.

Реставрация – жаңғырту өнері. – Алматы. “Арыс” баспасы, 2007. – 68 бет + 48 түрлі түсті суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-407-5

Қазақстанның тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштері – мәдени мұрамыздың бірегей қазынасы.

Қолдарыңыздағы кітапта арнайы пән ретінде жаңғырту өнерінің қыр-сыры, оның басты ұғым-атаулары, әдістері мен тәсілдері, тарихы мен қазіргі жағдайы алғаш рет жан-жақты сөз болады.

Екі тілде жарық көріп отырған, түрлі түсті суреттермен безендірілген бұл еңбек жаңғыртушы мамандарға, өлкетанушыларға, сондай-ақ ел тарихы мен мәдениетіне бейжай қарамайтын қалың оқырманға арналған.

Т $\frac{4403000000}{00(05)-07}$

ББК 79.0

ISBN 9965-17-407-5

© Тұяқбаев Қ., 2007
© «Арыс», 2007



*Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Халық жазушысы*

ҚАРТАЙМАС ӨНЕРГЕ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ (Алғы сөз орына)

Біріне-бірі себепші болып жататын тіршілік қой. Бала кезімде біздің үйде түймешік бас қоңыр домбыра болушы еді. Әкем дәулескер күйші екен. Соғыс кезінде анам және апалы-сіңлі үш қыздың арасында ерке өскен маған ол өнер қонбады. Қоңыр домбыра да ағайын-тумалардың өнер қуатын біреулеріне қолды болып кетсе керек. Ал мен айдажылда бір соғатын жыршы-термешілерге аузымды ашумен болдым. Ауыл-үйде әңгіме соғатындар аз емес-ті. “Баяғыда...” деп басталатын ұзын-сонар кептердің ешқайсысын жібермейтінмін. Сол әуейлігім мені кітапқұмар етті. Кейін қолыма қалам алдырды. Алматы кітапханалары мен мұрағаттарынан өзім өскен өлке жайындағы арғы-бергі жазылғандарды ақтардым. Сөйтіп жүріп “Ұйқыдан оянған ару” дейтін кітап жаздым.

Ол алдымен “Жұлдыз” журналында басылды. Бір күні ол кезде Орталық партия комитетінің шетелдермен байланыс бөлімін басқаратын Өзбекәлі Жәнібеков ағайға кірсем, үстелдің үстінде әлгі журнал жатыр екен. Көзіме оттай басылғанмен, ол кісі тап менің жазғандарымды оқып жатыр деп еш ойлаған жоқпын. Кірген-шыққандармен елпілдесе қоймайтын суық қабақ, сырбаз кісі апарған қағазыма ләмим деместен қол қойып берді де, үн-түнсіз тынып қалды. “Ал енді не бітіріп отырсың?” дегендей, бетіме тесірейе қарады.

Арада он шақты жыл өтті. Жаңылмасам, 1984 жыл. Жазғытұрым көркем әдебиет секторын басқаратын маған Өз-ағаң кіріп келді. Қол алысты да, үстел басына отыра кетті. Таңырқап қалған менің бетіме жымия көз салды. Үйреншікті томсарған қалпын жадыратып, мырс етіп күлді. “Ақылдасқалы келдім”, – деді. Сөйтсем, жоғары қабаттағы “дәу кабинеттерден” келеді екен. “Сені сыртыңнан құдаластырып қойдым. Біреу-міреу әңгімелесуге шақырса, көктен түскендей болмай, іштей дайындалып жүр. Баяғы “Ұйқыдан оянған аруыңды” қайтадан тағы бір оқып шық. Жиған-тергендеріңді тағы бір қарап қой”, – деді. Қолын созып қоштасып шығып кетті. Аң-таң болып қала бердім. Баяғы үстелінде “Жұлдыз” тегін жатпаған болды. Оқыған екен ғой. Бірақ құдаластырып қойғаны қалай?!

Көп ұзамай оның да сыры белгілі болды. Телефон зың етті: “Кәкімжан Қазыбаевич келіп кетсін дейді”... Хатшы жадырай қарсы алып, жанына отырғызды. Әңгімені алыстан бастады. Орталық тарих мұражайы салынып жатыр. Түркістанда, Таразда көлемді қалпына келтіру жұмысы басталмақ. Семей мен Жидебайда Абайдың, Сырымбет пен Қоянкөзде Шоқанның, Ақмолада Сәкеннің, Ордада Жәңгірдің мемориалдық кешендері, Отырар мен Маңғыстау-Үстірттің архитектуралық-археологиялық қорықтары қолға алынбақ. Құлаққа майдай жағатын хабарлар. Басымды үсті-үстіне изеумен болдым. Кәкімжан аға одан сайын жайбарақаттанып, күмбірлеген қоңыр дауысын соза түседі. Кенет әңгіме маған қарай ойысты. Құлағым тікірейе қалды. “Өзбекәлі көп шаруа жүргізіп жатыр еді. Бірақ басқа қызметке жұмсалып отыр. “Орныға кім қолайлы?” дегенде, сені атапты”.



Төбеме жәй түскендей болды. “Кәкімжан Қазыбайұлы, біздің үйде шегені келініңіз қағады. Мұражай түгілі, тауық күрке салуға жүрегім дауаламайды”, – деп ағымнан ақтарыла бастадым. Бұным хатшының күткен әңгімесі екен. “Шеге қағатындар да, тауық күрке салатындар да табылады. Ал мұражай мен тарихи қорықтарға келсек, оған тас пен балшықты емес, тарихты білетін кісілер керек”, – деп шорт кесіп, әрі қарай ауыз аштырмай қойды.

Сол күні түскі демалыс біте сала мені жаңа жұмыс орныма алып келді. Мәдениет министрлігі ғимаратының өзі сәулет ескерткіші еді. Қабырғалары қалпына келтірілген, қос қабат үйден жаңа сүргіленген қарағай исі аңқиды. Абажадай кең кабинеттің түскей жақтағы қос терезесінің арасындағы ағаштан ойып, шебер қиюластырған Айша Бибі күмбезінің сұлбасы тұр. Ұзыншұбақ мәжіліс үстінде ежелгі Тараздың кіндік махаллаларын қалпына келтірудің Бас жоспары сызылған қатырмалар мен альбомдар тізіліпті...

Мен сөйтіп ол жылдары қызу қолға алынып жатқан тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, жаңа мұражайлар мен мәдениет ғимараттарын тұрғызу майданының бас қолбасшысы Өзбекәлі Жәнібековтің шексіз ойлары мен мігірсіз қызметінің ізі сайрап жатқан кабинеттен келіп бір-ақ шықтым.

Тарихи жәдігерліктер тап-тұйнақтай есепке алынып, әрқайсысы бойынша ғылыми дәйектемелер әзірлене бастапты. Оны жүзеге асыру үшін мамандандырылған ғылымизерттеу және жобалау институты құрылып, өз ісінің патриоты Баян Тұяқбаева басқаратын шығармашылық ұжым іске жұмылыпты. Оның Түркістан, Шымкент, Тараз, Орал, Алматы қалаларының тарихи кіндік орталықтарын қайтадан қалпына келтірудің бас жоспарлары мен әдістемелік негіздері қалай жасақталғанына өзіміз куә болдық.

Ол жұмыстарды техника ғылымының докторы, профессор Т.Жүнісов, геология-минерология ғылымының кандидаты С.Тәкібаева басқарды. Олардың баскөздігімен Түркістанда Қазақстанның тарихи сәулеткерліктерін қалпына келтіруге қажетті құрылыс материалдарын шығару орталығы ұйымдастырылып, кейбір облыстарда шеберханалар ашылды.

Сөйтіп, тарих пен сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру өз алдына іргелі құрылыс индустриясына айнала бастады. Арнаулы “Алматы реставрация” басқармасы ұлғайтылып, Қазақстанның тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру тресі болып құрылды. Ол барлық облыстарда өз құрылымдарын ұйымдастырды. Оны әуелгі кезде Мәліс Ибраһимов дейтін жігіт басқарды. Бұл трестің қасынан мұражай жәдігерліктерін қалпына келтіретін арнайы шеберхана ашылды. Оған Аманжол Жүсіпов, Шәміл Қожақанов, Дәркембай Шоқпаров, Аманжол Найманбаев сынды шебер суреткерлер жетекшілік етті.

Бір тамашасы, бұл саладағы қай қызметті де өз ісін жетік білетін және оның жолында жан-тәнін аямайтын білгір мамандар басқарды. Сондай қалтқысыз қайраткерлердің бірі – Қанат Тұяқбаев. Оны қайда көрсеңіз де қолды-аяқтай жүгіріп, қай істі де оңынан оралтып жүреді. Қазақстандағы қайтадан қалпына келтіру ісінің ең қиын шептерінде істеп, еңбекқорлығымен, өнер сүйгіштігімен, шебер ұйымдастырушылығымен көзге түсіп, мол тәжірибе жинақтаған ол 1987 жылдан бастап осы қиын да “Қазреставрация” тресінің бастығы болып тағайындалды.

Бүгінгі ұлттық руханиятымызда ерекше маңызға ие бұл саланың Қазақстанда өрістеудің бас қолбасшысы аса ірі ұйымдастырушы, көрнекті тарихшы және этнограф, тамаша азамат Өзбекәлі Жәнібеков болды десек, оның сенімді қолқанаттарының арасынан Қанат Тұяқбаевтың алдымен ауызға ілігуі әбден заңды. Ол бір игі істің алғашқы негізі салынған күннен бастап, қазіргі қайтадан қарқын алған шағына дейін ешқайда табан серіппей, қиын бастама көрген қиындықтардың бәрін өз басынан өткеріп, өткен ұрпақтардың ұмытылмас істері мен жаңа ұрпақтардың жасарып, жаңғырып жатқан жасампаз тарихи санасына аянбай еңбек етіп келеді. Қолыңыздағы кітап – соның бір куәсі.

Қажымас қалтқысыз қызметтің қауым тарапынан қашан да тек ыстық ықылас пен шексіз алғысқа лайық екендігі даусыз.



КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде Жер шарында әлі күнге дейін не ғылымда белгісіз, не бір де бір тізімге енгізілмеген ғаламат көлемдегі тарихи және мәдени ескерткіштер тобы кездесетіндігі белгілі болып отыр. Кеңестер Одағы тұсында оларды “жылжитын” және “жылжымайтын” деп бөліп қарастыратын да “жылжитындарға” – бейнелеу, мүсін өнерлерінің үлгілері, қолөнері, зергерлік, тігін-тоқыма сияқты т.б. көптеген мәдени ескерткіштерді, ал “жылжымайындарға” – тарихи, археологиялық, сәулет және қала құрылысы мен монументальді өнер туындылары жатқызылатын. Олардың саны ондаған миллион деп есептелетін және зерттеулер шамамен сол көлемде әлі де есепке алынбаған тарихи және көркемөнер туындылары бар деп есептейтін. (Мұның шындыққа сай екендігін соңғы жылдардағы заттай және рухани ескерткіштерді есепке алу мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсетіп отыр).

Уақыт, ғасырлық оқиғалар, өнерге деген талғамның өзгеруі, алдыңғы ұрпақ мойындамаған өнер туындыларына ғылыми және эстетикалық жағынан әділ баға беріп, ақиқатты қайта қалпына келтіру, жаңадан өнер туындыларын үздіксіз өмірге әкелу, міне, ұлттық мәдениет ескерткіштерін тудырушы негізгі факторлар осылар болып табылады. Бұл процесс те өмірдің өзі сияқты мәңгілік қозғалыста.

Дегенмен, өнер туындыларын дүниеге келтірген соң оны ізбе-із немесе уақыт өте келе қиратудың да үздіксіз жүріп отыратынын ұмытпағанымыз жөн. Егер сансыз соғыстардың кесірінен қираған ескерткіштер, жойылған құндылықтар мен дүниелердің құнын алтынға бағалап көрсек, онда осы алтыннан қалыңдығы сегіз метр, ені он километрлік белдік құйып, онымен жер шарын экватор арқылы буып қоюға болатындығын білетін есті адамдар әлдеқашан есептеп шығарғаны белгілі.

Әйткенмен, жоғалған дүниенің кез келгенін таразының бір басына қойып, қымбат металды оларға түгелдей эквивалент (балама) етіп есептеуге бола ма? Қандай “алтын белбеумен” Александрия немесе Отырар кітапханаларын теңеуге болады немесе венециялықтар 1687 ж. қиратқан Парфенон мен XVIII–XIX ғғ. Сібірге, Қазақстанға қоныс аударушылар мақсатты, ұйымдасқан түрде тонаған жүздеген сақ, савромат қорғандары байлығының құнын қалай анықтамақпыз? Әлемдік мәдениетке Египет пирамидаларын, Константинополь сарайлары мен ғибадатханаларын тонаумен келтірілген зиянды нендей жолмен есептеуге болады.

Тіпті, бүгінгі күні көз алдымызда бюрократизм мен қағазбастылық кесірінен құрып бара жатқан тарихи-мәдени ескерткіштер қаншама, қоғамдық құрылыстардың сілкініске ұшырап, бірін-бірі ауыстыруының өзінен туған себептер, салдарлар, жаңа қоғамдық сана талаптарының әсерінен ескінің көзі, кешегі тізімге алынған мәдени, тарихи ескерткіштер зиянды, қажетсіз, қателік деп табылып, тарих қоқысына айналдырылуда. Кешегі Күн дегенімізді – Түн, Бас дегенімізді – Қас, Ас дегенімізді – Тас деуді әдетке айналдырып, оны “жаңа заман, жаңа қоғам, өркениет талабы” деп жуып-шаю болашақ ұрпақ алдында абырой әпермейтін іс. Өткенді “тарих” деп қабылдап, өзінің де, өзгенің де қателігінен сабақ алуға тырысқан елдер ғана “өркениетті ел” атағына ие болып отыр.



Адамзат мәдениетіне вандализм мен қараңғылық, тарихқа кереғар, асығыс тұжырым жасаушылық пен реакциялық діни фанатизм, көрсоқырлық сияқты өркениет жауларының келтірген бүліншілігі қаншама. Кешегі Кеңес дәуірінде дінге қарсы күрес деген науқандық іс-әрекеттің нәтижесінде діни ғана емес, ғылыми әдебиеттердің де қоса жойылуына “күрескерлердің” сауатсыз, қараңғы, көрсоқыр болуы негізгі себеп болды, ал Ауғанстандағы биіктігі 50 метрлік Будда мүсінінің жойылуына діннің өзін қаруға айналдырған фанатик, көкірегінде көзі жоқтар айыпты деп есептейміз. Олар бүкіл әлем қарсы болғанымен де тоқтамады.

Әлемдік мәдениетке өлшеусіз зиян келтірген соғыстар, революциялар, әскери төңкерістер, саясат пен саяси күштер, ағымдар, діни реакциялық қозғалыстар ғана емес, шын мәнінде, тек жақсы ниеттен туған іс-әрекеттердің де тигізген зияны баршылық.

Міне, сондай мәдени, тарихи ескерткіштерге өте зор зиян келтірген құбылыстың бірі – реставрация – қайта қалпына келтіру болды, иә, иә, нақ сол ХІХ ғасырдың отызыншы жылдарының басында бүкіл Еуропаны эпидемия сияқты жаулап алған “рахымсыз, өршеленген реставрация”. Ондаған жылдарға созылған бұл “жаңартушылық” науқаны ескерткіштерге өртей тиді, тек 1877 жылы Ульям Моррис пен Джон Рескин Лондонда “Көне құрылыстарды қорғау қоғамын” құрып және олардың “Естеріңізді жиыңыздар!” деген жан айқайын жұрт естіп түсінгенше бұл процесс жүре берді. Мәдениеттің тамырына балта шапқан бұл кезең жайлы академик И.Э.Грбарь “Реставрациялық мания тек сәулет өнерімен ғана шектеліп қалған жоқ, бұл модаға еліктеп, басқа да өнер салаларын жайлады, олар көркемсурет, мүсін, қолөнері мен сәндік бұйымдар өнері болатын. Нақ осы кезеңде реставраторлардың қолымен Еуропа музейлерінің ең белгілі картиналары вандалдық әрекетпен қайта жазылды, сол тұста ХVІІ–ХVІІІ ғғ. реставраторларының қолдары жетпеген ең атақты мүсіндер “толықтырылды” және сәндік бұйымдар өнерінің туындылары түрлі толықтырулар, қосымшалар мен қайта жасау арқылы үмітсіз дәрежеде бұрмалауға ұшырады”, – деп жазған болатын [1]. “Реставрациялық қозудың” бұл нәтижелерін қандай валютамен есептеуге болады, оған мүмкіндік бар ма? Қайта қалпына келтіруге бола ма?

Мыңдаған жылдарға созылған кезеңде жоғалған әлемдік мәдениеттің құрбандықтарының құнын өтеуде бүкіл планета алтыны күңгірт тартады. Бұл туралы ертедегі гректер мен римдіктер де ойланған болатын, ал бүкіл адамзат бұл жайлы тек екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана, ол әкелген алапат құрбандықтар мен рухани және материалдық байлықтың жойылуынан кейін шын мәнінде қатты алаңдай бастады. Әлем халықтары қолда барды қиратудан қорғау қажеттігін тап қазір түсініп қана қоймай, одан да зор дәрежедегі ғылыми мәселе күтіп тұрғанын да сезінуі керек: ол реставрация (жаңғырту) немесе консервациялауды (тұмшалау-бізге жеткен күйде арнаулы технологиямен сақтап қалу), реконструкция (воссоздание) не “түк жоқтан” қайта қалпына келтіруді қажет еткен миллиондаған ескерткіштерді қалай сақтап қалу керек, қалай өмірін ұзарту керек деген мәселелерді түбегейлі шешу болып отыр. Ескерткіштердің аман сақталып, әлі де ұзақ мерзім бойы адамдардың көз қуанышына айналуына өркениеттің дамуы, оның өнім өндірудегі жеткен табыстары да зиянын тигізуде. Өндіріс орындарының ауаны, жерді, суды есепсіз улы қалдықтарымен, түтінімен, күйесімен үздіксіз ластауы, техногендік апаттар салдары мәдени, тарихи, сәулет ескерткіштерінің де бүлінуіне, тез тозуына әкеліп соғуда. Адамзат санының тез өсуі азық өндіру көлемін де тоқтаусыз арттыруды талап етіп, нәтижесінде егіс көлемін ұлғайту мақсатымен орман-тоғайларды қырқып-жоюға мәжбүр етуде. Қазіргі күнгі ғылым мен техника жетістіктерінің адамзатқа пайдасы мен зияны тең дәрежеде болып отыр. Академик Д.С.Лихачев: “Мәдени ескерткіштер адамға оны қоршаған табиғат сынды аса қажет-ақ, себебі Адам тек табиғат аясында ғана емес, мәдени ескерткіштер



саясында да тіршілік етеді. Міне, сол себепті табиғатты қорғау мен мәдени ортаны қорғау бір қатарда тұруы тиіс, бұл экологияның ең басты мәселесі” [2] – деген болатын, яғни Адамзат табиғи тепе-теңдікті, әлемдік гармонияны бүлдіру арқылы тек өзіне ғана қастандық жасайды, ал мұның зардабы планеталық өлшеммен ғана анықталады деген сөз. Мұнан шығатын қорытынды: экологиялық күрес дегеніміз мәдени мұра үшін де күрес деген пікірді санаға сіндіру қажеттігі болып отырғанында. Бірақ біз күрестің бір жағымен ғана шектелмей, оның басқа салаларын да қатар дамытуымыз керек, ол – уақыт пен басқа да түрлі күштердің әсерінен тозып, бүліне бастаған ескерткіштерді аман сақтап қалу амалдары болмақ. Сондай бір амалдың түрі – реставрация немесе қайта жаңғырту деп аталады. Мұндағы “жаңғырту” сөзін “жаңарту” атауымен шатыстырмау керек, бұл екеуі екі түрлі мағына беретін, жалпы ғылыми реставрация ұғымына енетін атаулар. Бұл терминдердің әрқайсысына түсінік беріп, мысал келтіру және жалпы ғылыми реставрация дегеніміз не, оның қандай түрлері, әдістері, жолдары бар деген сияқты мәселелер мен Қазақстан реставрациясының тарихы және бүгінгі жай-күйі жайлы келесі беттерде әңгіме болады демекпіз.



І тарау

**РЕСТАВРАЦІЯ
ТАРИХЫНА
ШОЛУ**





Ескерткіштер де адам сияқты – уақыт өткен сайын “қартаяды”, тозады, ескіреді, шөгеді, байланысқан жерлері босайды, ақыры бір күні табиғат апатынан немесе адам факторының әсерінен құлап, қирап, көміліп қалады.

Біз жоғарыда бұл мәселе ежелгі гректер мен римдіктерді де толғандырғанын айтып өттік. Адам өз баспанасы ескіріп тозса, бұзып қайта салып алады, сонымен бірге қауымға, қоғамға ортақ құрылыстар, жәдігерлер болатыны да белгілі. Олар ең үздік сәулетшілер, суретшілер, шеберлердің шабытынан туған өнердің ғажайып жетістігі болғандықтан, көпшілікке ортақ дүниеге – қоғамның, қала берді адамзаттың ортақ мүлкіне, қымбат қазынасына айналады. Мұндай мұраларды атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізу мәселесі ықылым замандарда-ақ адамдарды қатты алаңдатқан тақырыпқа айналған. Сондықтан да адамзат әлемнің жеті кереметіне енетін ескерткіштерінің барлығын дерлік жоғалтып алса да әлі күнге есте сақтап, тамсана әңгіме етіп келеді. Бұл күндері әлемнің кереметі деп есептеуге болатын мұралардың санын жеті емес, жеті мыңға жеткізуге болатын болса да адамзат өзінің атам заманғы, ең алғашқы жеті кереметіне таңдай қағады, сақтай алмағанына өкінеді. Дегенмен, жеті кереметтен бізге жеткен жалғыз мұра – Египет пирамидалары-ақ нағыз кереметтің қандай болатынынан хабар бергендей әсер етеді. Сонымен бірге, адамдар жоғалған, қираған затын не мүлкін қайта қалпына келтіруге құмар, бұл “құмарлық” сол затпен байланысты жақын адамдарды, балалық, жастық шақты еске түсіруімен, сағынышымен байланысты туындайтыны белгілі. Сол сияқты қоғам да өз тарихының жарқын беттерін, әскери жеңістерін, ұлы елбасылары мен қолбасыларын есте қалдыру мақсатында оларға арнап кесенелер, ескерткіштер, ғибадатханалар, мүсіндер, сарайлар салатын болған. Бұл ағым алғашқы адамдар жер бетіне тарай бастаған сонау тас дәуірінен бастау алады. Адамдар сол замандарда-ақ өздерінің сәтті аңшылықтарын бейнелейтін пиктограммалық “картиналарды” өздері өмір сүретін үңгір қабырғаларына, жартастарға табиғи бояулармен немесе үшкір тас құралдармен сызып салып отырған. Мысалы, Австралиядағы Брэдшоу ескерткіштерінде билеп жүрген адамдар бейнеленген картина б.з. дейін 55 000 (елу бес мың) жыл бұрын, ал Францияның Шове үңгіріндегі арыстандар үйірі 30 000 жыл бұрын және Испанияның Альтамира үңгіріндегі бизондар үйірі 15 000 жыл бұрын салынғандығы анықталып отыр, бұл жоғарғы палеолит кезеңі болып табылады [3]. Міне, осындай 300-ден аса үңгірлерде кездесетін пиктограммалық суреттер арқылы-ақ адамдардың бүкіл жер шарына таралуын байқауға болады. Ең бірінші мүсіндерді адамдар б.з. дейін 23 000 жыл бұрын әйел бейнесінде жасай бастайды, бұл алғашқы діни нанымдардың әсерінен қалыптасқан жаңа өнер саласы болып есептеледі.

Бұлар бізге жеткендері ғана, жетпеген немесе әлі күнге жер астында көміліп жатқан ескерткіштер қаншама. Алғашқы қарапайым күрке тұрғызудан басталған құрылыс өнері де дами келе Египет пирамидалары, Артемида ғибадатханасы, Галикарнас мавзолейі, Александрия маяғы, Тәж-Махал сияқты т.б. мыңдаған сәулет өнерінің інжу-маржандарын дүниеге әкелді. Дегенмен олардың ескіріп бүлінуі, табиғат апатынан қирауы да артынша жүріп отырды. Ең алғаш рет жекелеген қымбат ескерткіштерді сақтап қалу шаралары біздің заманымыздың басында қолға алынды, онан бұрын адамдар негізінен құрылысты жөндеу, құлаған жерін қайта тұрғызу жұмыстарымен ғана шектелген болатын. Сақтап қалу жұмысы Рим маңындағы Порто Капена ғибадатханасы қабырғаларының шөгіп құлау процесін тоқтату мақсатында жүргізілді, ол үшін оның сырт жағынан тіреуіш ретінде контрфорстар қаланды.

Орта Азия елдерінде пайдалануға жарамай қалған ескерткішті тастап кететін, бірақ оны бұзып алуға қатаң тыйым салынатын, себебі мұсылман дінінің қағидалары бүлінген, құлаған құрылыс қирандыларын пайдалануға рұқсат етпейтін-ді.



Ежелгі Грецияда көне ескерткіштерге көп көңіл бөлінетін, олар қирап, бұзылса орнына қайтадан жаңасы тұрғызылатын еді. Мысалы, Олимпиядағы Гера құдайдың ағаштан салынған ғибадатханасы (б.з. дейінгі VI ғасыр) уақыт өте келе тозғасын тастан қайта тұрғызылды. Жылнамашы Павсанийдің жазуынша (б.з. дейінгі II ғ.), бұл тас ғибадатханада алғашқы құрылыстың емен ағашынан жасалған ұстыны сақталған.

Римдегі Пантеон өртке ұшыраған соң 110 жылы “реставрацияланады” да бұл жұмыс III ғасырда тағы да қайталаанады. Осында сақталған қабырғадағы жазуға қарағанда “жаңарту” деп аталған бұл жұмыс қазіргі ғылыми реставрациямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, себебі ескерткіш “реставрация” барысында жаңа жобамен түгел қайта салынып шыққан.

Сәулет құрылыстарын ең алғаш рет тарихи ескерткіш ретінде ғана емес, көркемөнер тұрғысында да бағалаған жарлықты 222 ж. император Александр Север шығарды. Соңынан, IV ғасырда Византия императоры Ұлы Константин көне құрылыстарды бұзбақ түгілі олардың сыртын сәндеген бөлшектерін сырып алуға да тыйым салды. Сәулет өнері ескерткіштеріне деген нағыз қамқорлық Рим императоры Майорианның (558 ж.) арнайы жарлығынан байқалады – бұл ресми құжатта сәулет ескерткіштері қала даңқын арттырып қана қоймай, оның сәнін де кіргізетін болғандықтан, оларды сақтау қажеттігі алғаш рет мойындалды. Сонымен бірге, бұл құжатта ескерткіштерді жаңарту жайлы емес, шын мәнінде өмірін ұзарту үшін бекіту (укрепление) жайлы сөз болды, яғни реставрация жұмысы пайда табу мақсатында емес, эстетикалық көзқарас тұрғысынан жүргізілуі тиіс еді. Ескерткіштерді сақтауға байланысты жүргізілетін жұмыстардың барлығы Рим азаматтары есебінен қаржыландырылып отырды. Тек VI ғасырдың соңында остготтар королі Ұлы Теодорих қана Римдегі сәулет ғимараттарын сақтау үшін үлкен қаражат бөлді, сонымен бірге, өнер ескерткіштерін сақтаушы міндетін атқаратын арнайы маман қызметін ашты.

Рим күйреп, Византиядағы өмір өше бастаған тұста (VI–IX ғғ. аралығы) дағдарыс кезеңі туды, сәулет ескерткіштері ұмыт қалғанымен қоймай саналы түрде қиратыла бастады. Тек IX ғасырда Ұлы Карл тұсында ғана сәулет ғимараттарына деген қызығушылық қайта оянды.

Көрші тарихына үңілсек, сәулет ғимараты деп атауға тұратын құрылыстар, академик И.Э.Грабарьдің анықтауынша, X ғасырдан бастап тастан салына бастаған. Құрылыстардың ұзақ сақталуына қатысты алғашқы іс-әрекеттер де осы шамада атқарыла бастаған сияқты. Владимирдегі Успен соборының 1185 жылы өрттен соң қайта салынуы осыған меңзейді. Барлық Еуропа елдері де тап осылай істейтін. Жаңа құрылыс барысында ескі (қираған не өртенген) құрылыс қалдықтары кеңінен пайдаланылып, сақталып отырды. XV ғасырда сәулетші В.Д. Ермолинге Владимирдегі басқа ескерткіштермен қоса Алтын қақпаны да реставрациялау тапсырылды, бұл көненің көзінің көркемөнерлік, сәулеттік, тарихи маңызын мойындау еді.

Бұл тұста бүкіл Еуропада Қайта өркендеу дәуірі (Ренессанс – Возрождение) қызған түс болатын. Италияда XII ғасырдан бастау алып ғылым, білім, өнердің барлық саласын қамтыған Қайта өркендеу дәуірі XV–XVI ғғ. бүкіл Еуропа елдеріне қанат жайды. Италиялықтар бұл дәуірді кезең-кезеңге бөліп: “лученто” – XIII ғ. және “треченто” – XIV ғ. “кватроченто” – XV ғ. және “чинквеченто” – XVI ғ. деп атайды. Сәулет өнерінде готикалық стильді бірте-бірте грек-рим стилі ауыстырды, ал көркемөнер – Микеланджело, Рафаэль, Леонардо да Винчи, Тициан сияқты, поэзия – Данте, Петрарка сияқты, проза – Боккаччо, ғылым – Коперник, Джордано Бруно, Галилей сияқты алыптарды туғызды. Көнеден жеткен сәулет ескерткіштерінің көркемөнерлік құны өз бағасын қайта тапты. XV ғасырдың екінші жартысында Римде (Италия) сәулет ескерткіштерін сақтау жайлы арнайы жарлықтар шығарыла бастады. Мұны Тоскана провинциясы да қолдап,



1571 жылы өз жарлықтарын жариялады. Бұл құжаттарда көне заманнан жеткен белгілі құрылыстардың көркемдік ерекшеліктерін қайта қалпына келтіріп сақтау керектігі баса айтылды. Дегенмен, қазіргі біздің түсінігіміздегі қайта жаңғырту, ғылыми зерттеулер негізінде ескерткішті түпнұсқа жағдайына келтіріп реставрациялау деген ол кезде әлі қалыптаса қойған жоқ еді. Бұл жағдай XVIII ғасырға дейін созылды. Тек жекешелеген сәулет ескерткіштеріне ғана олардың бұрынғы көркін қайтарудың сәті түсті, мысалы, XVII ғасырда Францияның Сен-Мэксен аббаттығындағы шіркеу өте тыңғылықты түрде реставрацияланып, оның готикалық мәнерде жасалған алғашқы бөлшектері толық қалпына келтірілді. XVIII ғасыр басында Ресейде І Петрдің жарлығымен Қазан қаласы түбіндегі Болгар мекеніндегі мұнараның іргетасы “реставрацияланып” қорғауға алынды.

XVIII ғасыр соңынан бастап ұлы Француз революциясынан соң король сарайларын, соборлар мен шіркеулерді мәдениет пен тарих ескерткіштері ретінде реставрациялаудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану дәуірі басталды, бұған дейін қолданылып келген “жаңарту” (обновление) әдісі біраз ұмытылды.

Романтизм дәуірінде (XVIII–XIX ғғ.) “реставрация” деген түсінік өзіндік бір мәнге ие болды, бұл кезең реставраторлары ескерткіштердің мемориалдық – естеліктік мәнін ғана қалдырып, олардың сыртқы келбетін өз қалауларына сәндеп, мүлдем өзгертіп жіберетін болды, мұны олар “көркемөнерлік реставрация” деп атайтын. XVIII ғасырдың екінші жартысында сәулет ескерткіштеріне деген жанашымастық көзқарас қалыптасты, тіпті оларды толық жойып жіберу де байқалды. Алайда кей кездері оларды мемлекет өз қорғауына алатын еді. Осылайша XVIII ғасыр соңында Францияның Ұлттық Конвенті сәулет ескерткіштерінің бүкілхалықтық маңызы бар екенін арнайы декретпен бекітті. XIX ғасыр басындағы Наполеон билігі тұсында ескерткіштерге ерекше көңіл бөлінді. Бірақ билікке Бурбондар әулеті қайта келісімен-ақ (1814–1830 жж.) тек реставрация ғана емес, ескерткіштерді қорғау ісі де мүлдем ұмытылды. Әрі қарай қоғамның ескерткіштерге деген көзқарасы саяси және экономикалық құрылыстың ауысуына қарай өзгеріп отырды. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау ісінде жекелеген жазушылар мен суретшілердің оларды қорғап сөйлеуі үлкен мәнге ие болды. 1832 жылы В.Гюго өзінің “Қиратушыларға соғыс” (“Война разрушителям”) деген мақаласын жариялады, оның “Париж құдайанасы ғибадатханасы” (“Собор Парижской богоматери”) атты романы да француздардың өз елі мен сәулет ғимараттарына деген сүйіспеншілігін оятуда үлкен рөл атқарды. Көне ескерткіштердің көркемдігін насихаттауда саяхатшылардың жолсапарын суреттеген шығармалар да үлкен маңызға ие болды, мысалы, Тейлордың “Көне Францияның көрікті жерлерімен өткен әсерлі саяхаттар” (“Живописные и романтические путешествия по древней Франции”) деген еңбегі осындай қызмет етті.

Ресейде де XIX ғасыр басында көне заман ескерткіштерін уағыздаған иллюстрациялы көптеген кітаптар шығарылды, солардың қатарына И.М.Карамзиннің “Мәскеу ескерткіштері жайлы жазбаларын” (“Записки о московских достопамятностях”) жатқызуға болады.

XIX ғасырға дейін Ресейде сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтірудің (восстановление) негізгі түрі – қайта салу болды. Бұл әдіс бойынша көне, тозған ескерткіш біртіндеп іргетасына, табанына дейін бұзылып алынатын да орнына жаңасы тұрғызылатын. Көне құрылыстың жалпы мәдени және мемориалдық қызметі мен мәні, маңызы жаңа құрылысқа “өткізіліп” жүктелетін. Мысал ретінде Киевтегі X ғасырда салынған Десятинный шіркеуінің XVII ғасырдың ортасында “қайта қалпына келтіріліп”, яғни қайта салынып, көне шіркеудің бар маңызына, рөліне, мәніне, қызметіне ие болғанын айтуға болады. Шын мәнінде ол шіркеу 1240 жылы моңғол шапқыншылығы тұсында-ақ қиратылған болатын, ол құрылыс көне орыс мәдениеті мен өнерінің гүлденген дәуірін



бейнелейтін символы еді. Жаңадан салынған шіркеу сәулеттік шешімі жағынан көне шіркеуден мүлдем басқаша болды: оны жаңа стильде, көнесінің тарихи-мемориалдық маңызын еске ала отырып қана тұрғызған болатын. ХХ ғасыр басында бұл “жаңа” Десятинный шіркеуі де қиратылып, қайта қалпына келтірілген жоқ.

XIX ғасыр реставрациясы негізінен сәулет ескерткіштерінің көркемөнерлік бейнесін қалпына келтіру ұранымен өтті десе де болады. Дегенмен, көптеген жағдайларда олардың нәтижелері көңілден шықпайтын. Бұл кезде Англия мен Францияда көне ғимараттар не бұзылып алынып, орнына басқа құрылыстар салынып жатты немесе сәулетшілер өз ойларынша олардың сыртын сәндеп, мүлдем басқа кейіпке енгізіп жіберді. Нәтижесінде, мұндай әрекеттер ескерткіштердің бейнесіне айтарлықтай зиянын тигізіп, адам танымастай өзгерістерге ұшыратты.

XIX ғасырдың екінші жартысында стиль жайлы мәселе реставрацияда басты мәнге ие болды: ұсақ-түйек детальдар ештеңе емес, ал стильге келсек, бұл сәулет ескерткіштерінің ең қымбат та басты ерекшелігі деп есептелді. Бізге сәулет өнері ескерткіштері өздерінің құрылымы, формасы, сәнделуі, сырт көрінісі т.б. жағынан әр замандарда туған түрлі стильдерге, атап айтсақ, готика, барокко, рококо, классицизм және романтизм сияқты ағымдарға жататыны белгілі. Реставрациядағы ескерткіштің қай стильге жататындығын анықтауға тырысып және сол ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысатындарды “стилистер” деп атады. Бұл әдістің жақсы жағы сараптау әдісін қолданатын, яғни олар ғылыми зерттеу нәтижелеріне арқа сүйейтіндердің алғашқы қарлығаштары еді. Егер реставратор белгілі бір ескерткіштің стильдік мәнін дәл тапқан болса және ол қалай қайта жасап шығаруды үйренген болса, онда ол бұл ескерткіштің қираған, жоғалған бөліктерін қайта жасауға мүмкіндігі бар деп есептелді. Бұдан шығатын қорытынды – реставратордан қираған, бүлінген, жойылған детальдің, қабырғаның т.б. қандай да бір ізін, белгісін табуы қажеттігі талап етілмейтін, оның орнына ол сол дәуірдің стилі жайлы өзінің терең біліміне арқа сүйеп, соны басшылыққа алуы тиіс болды. Яғни жоғалған детальді іздеп әуре болудың қажеті жоқ, ескерткіштің қай стильде жасалғанын дәл тапсаң болды қайта жасай беруіңе болады деген сөз.

Тап осы көзқарас XIX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан романтизм дәуіріндегі реставраторларды XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған “стилист” – реставраторлардан айырып тұрды. Оның басты ерекшелігі мынада еді: романтизм реставраторлары түрлі стильдердің өздеріне ғана тән белгілері болса да араластырып, топтап, жинақтап пайдалана беретін, ал стилистер болса алдын ала ғылыми зерттеу жүргізіп, жоғалған, жетпейтін бөлшектердің басқа ескерткіштердегі аналогтарын тауып, солардан көшіріп қана істейтін. Бір қарағанда бұл дұрыс та болғанымен, бұл ескерткіштердің өзіне ғана тән бет-бейнесін жоғалтуына апарып соғатын, кешегі бір-біріне ұқсамайтын ескерткіштер реставрациядан соң бір-біріне егіздің сыңарындай ұқсап кететін. Бұл әдіс реставрацияны шаблон жасайтын құралға айналдырып жіберді. Шын мәнінде, қандайда болмасын көшірме жасау өнердің негізгі қағидаларына қайшы келетіні белгілі.

Қайта қалпына келтіру ісіне ғылыми негіздегі әдістерді қолдана бастаған кезде ғана бұл жұмыс тиімді нәтиже бере бастады, алғаш рет қиранды төбеге айналған ескерткішті археологтар аршып, одан табылған ірі-ірі бөлшектерді сәулетшілер және инженерлердің көмегімен біріктіріп, бүтін бір қабырғалар, тіпті құрылыстарды қалпына келтіре бастаған сәтте ғана нағыз ғылыми реставрация дүниеге келді дейміз. Мұндай әдіспен ескерткіштердің сыртқы көркемдік бейнесін толық дерлік қайта қалпына келтіруге болатын. Алғаш рет бұл әдіс 1810–1813 жж. аралығында Рим форумындағы Веспасиан ғибадатханасын қайта қалпына келтіру кезінде қолданылды. Помпей қаласында жүргізілген археологиялық қазба барысында құрылыс сынықтары мен бөлшектерін



қайта құрастыру тәсілі кеңінен пайдаланылды. Мұнда табылған барлық ұсақ та ірі бөлшектер жайылып тасталып, құрылыстағы олардың бұрынғы орындары ізделіп табылатын да өз орнына қойылып бекітілетін.

Бұл әдісті барынша дамытқан Н.Баланос болды, ол Афинадағы Пропилея құрылысын қайта қалпына келтіру барысында табылған сынықтар мен бөлшектерді толығымен пайдаланып сараптау (анализ) әдісінің бір түрі – анастилозды дүниеге келтірді және оның негізгі қағидаларын қалыптастырды. Н.Баланос қалпына келтіріліп жатқан құрылыстың бөлшектеріндегі ұсақ-түйек бүлінген (сынған, мүжілген, жарылған, ұшып түскен) жерлерін (әрине бұрынғы кездегі пайда болғандарын) сол күйі қалдыруды ұсынды, мұндай белгілерді ол уақыт әсерінен пайда болған “пати́на” деп есептеді. “Пати́на” деп мыс, қола заттардың сыртын ауаның ылғалдылығына байланысты уақыт өте келе басып қалатын қоңыр түсті жұқа пленка сияқты қабатты айтады, ол затты бүлінуден сақтайды. Егер құрылыстың жалпы беріктігі мен құрылымына әсер етпейтін болса оның бөлшектеріндегі осындай ұсақ бүліну іздерін реставрациялап білдірмей жіберудің қажеті жоқ деп есептеді Н.Баланос. Оның реставрациялаған ескерткіштерінде тіпті елеулі сынықтар, бөлшектер сол күйі қалдырылатын, ал құрылыс бекемдігі үшін оларды қайта қалпына келтіру қажет болған жағдайда Н.Баланос ол жерлерді басқа түсті тастан дәл өзіндей етіп жасайтын. Анастилоз әдісі алғашында негізінен Греция мен Италияда көп қолданылды, қазір бұл кең тараған әдістің бірі.

Ресейде реставрация мәселелеріне ғылыми көзқарас тұрғысынан қадам жасау ХІХ ғасырдың соңында белең алды.

1894 жылы орыс сәулетшілерінің І съезінде академик Г.И.Котов ескерткіштерге ұзақ уақыт барысында қосымша жабыстырылып салынған бөліктер жайлы дұрыс шешім жасады. Ол ескерткіштердің өзіне қарағанда “жастау” көрінетін, бірақ қандай да бір тарихи, көркемдік мәні бар мұндай бөліктерін сақтап қалуды ұсынды және ескерткішті ең алғашқы түпнұсқа түріне келтіріп реставрациялауды қажетсіз деп тапты [4].

XX ғасыр басында академик П.П.Покрышкин бұл қосымша құрылыстар жайлы ойды дамытып, “егер олар ескерткіштің көркемдік шешіміне немесе ғылыми, техникалық жағынан болатын шешімдерге зиянын тигізіп тұратын болса, онда алып тастауға болады деп көрсетті. Сонымен бірге, ғалым жаңадан қалпына келтірілетін бөлшектерге, құрылыстарға олардың жасалған мерзімін көрсетіп таңба басу керек” [5] – деп есептеді. Академик П.П.Покрышкин консервациялауға үлкен мән берді, ол бұл әдіс ең дұрыс шешім деп есептеп, оны бірінші орынға қойды да қайта қалпына келтірудің мынадай түрлерін ұсынды: 1) неғұрлым аз реставрация жасап барып консервациялау; 2) жоспарлы түрде біртіндеп реставрациялау; 3) толық реставрация жасап болып консервациялау.

XX ғасыр сәулетшілері археолог та болуға тиіс болды, олар мүмкіндігінше аз реставрация жасауға тырысты. Сәулет ескерткішіне олар көркемөнер туындысы деп қараған жоқ, керісінше тарихи мәлімет деп қарап, ғылыми құжатты “оқу” деп есептеді. Сондықтан да реставрация мүмкіндігінше аз мөлшерде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын атқаруы тиіс болды және жаңадан қосылған бөлшектер ескісінен бөлектеніп тұруы керектігіне ерекше көңіл бөлді. Археологиялық немесе “аналитикалық реставрация әдісі” деп аталып кеткен бұл бағыттың ерекшелігі осында еді. Қаланған кірпіштер арасындағы ерітінді балшық үгітіліп желге ұшып кеткен жағдайда, П.П.Покрышкин оның орнына басқа түстегі, бұрынғысынан мықтырақ ерітінді балшықты күшпен езіп енгізуді ұсынды. Ол ескіріп, тозған кірпіш қаландысының тарихи мәні бар болса және ғимаратқа зияны тимесе ауыстырып қажеті жоқ деп есептеді. Реставрацияның археологиялық әдісі (методы) деп аталған бұл бағыт әлі күнге дейін ең дұрыс та ғылыми негізделген тәсіл болып отыр.



Археологиялық әдіске консервациялау (түмшалау) – бекіту жұмыстарының бірге дамуы нәтижесінде туған анастилоз әдісі (методы) да жатқызылды. Бұл әдіс 1931 жылы Афинада өткен археологтар мен реставраторлардың конгресінде қолдау тауып бекітілді. Ресейде ХХ ғасырдың басынан бұл әдіс қолданыла бастаған болатын. Бұған Обручтегі Василий шіркеуінің іргетасының табанына төселген тастарды археологтар ешбір қажетсіз жәй суырып алып көруі нәтижесінде болған апат себеп болған еді. Тасы алынған оңтүстік қабырға түгел құлап қалды, артынан ғибадатхананың күмбезі мен оны көтеріп тұрған ұстындары да құлап түсті. Бұл үйіндіге айналған шіркеуді қайта қалпына келтіру сәулетшілер А.В.Щусев пен П.П.Покрышкинге жүктелді. Үйінді астынан олар бүтін дерлік құлаған қабырғаларды, көптеген сәндік бөлшектерді тапты. Оңтүстік қабырға бір қалыпта жайлап құлағандықтан оның сәндік бөлшектері де өз биіктігі тұсында жатты. Басқа жерлердегі көптеген бөлшектер ұзақ жатқандықтан езіліп, үгітіліп кеткен немесе жергілікті тұрғындар теріп алғандықтан бұл реставрацияны толық анастилоз дей алмаймыз. Сондықтан күмбезді қалпына келтіруде реставрацияның син-тездеу әдісін қолдануға тура келді. Бұл жоғарыда әңгіме болған “стилистердің” негізгі әдісі еді, ол бойынша жоғалған бөлшектер осы стильде салынған басқа шіркеулерден көшіріліп алынатын. Ескі кірпіштерді құжат ретінде негізге алып, тап сондай кірпіштерді сол заманның технологиясын пайдалана отырып дайындауға мүмкіндік туды, бірақ жаңа кірпіштер әдейі ақ түсті етіліп шығарылды. Нәтижесінде шіркеу өзінің көне заманғы бет-бейнесін жоғалтпай қалпына келтірілді.

Кеңес дәуіріндегі реставрация мен консервацияның ғылыми негіздері Е.В.Михайловскийдің “Реставрация памятников архитектуры” деген еңбегінде толық баяндалған [6].

Бұл кезеңдегі реставрация тарихына үңілмей Қазақстан реставрациясының қайнар бұлағының көздері жайлы білу мүмкін емес. Кеңес өкіметі де жоқтан барды жасаған жоқ, өзінен бұрынғы қоғамдық құрылыста қалыптасқан және әлемдік реставрация ғылымының алдыңғы қатарында келе жатқан орыс ғалымдары Г.И.Котов, П.П.Покрышкин, Д.П.Сухов, И.В.Рыльский, И.П.Марковников, И.П.Мешков, Н.В.Никитиндердің ерен еңбегі арқасында кеңінен танымал болған Ресей ғылыми реставрациясы негізінде дүниеге келген болатын бұл ғылым. Кеңес тұсында оны И.П.Засыпкин, Д.П.Барановский, И.Э.Грабарь, Э.М.Гендель, В.О.Степанов, В.Н.Энг сияқты ғалымдар әрі қарай дамытты, ал Орта Азия мен Қазақстандағы сәулет ғимараттарын зерттеп, қалпына келтіру ісінде М.Е.Массон, В.Л.Вяткин, Ш.Е.Ратия, Г.А.Пугаченковалардың еңбегі зор болды.

Кеңес өкіметінің бұл жұмыстағы алғашқы қадамы 1924 ж. бірнеше мекемелерді біріктіріп, Орталық мемлекеттік реставрациялық шеберхана (ЦГРМ) құрудан басталды, оның міндетіне мәдени ескерткіштерді есепке алу, тіркеп құжаттау және қорғау жатқызылды [7].

Сол 20-шы жылдарда оның жұмыс жоспарының ауқымдылығы мен романтикалық бояуы бүкіл елде белең алған тез арада қайта жасауға, жаңартуға деген қозғалыспен біте қайнасып жатты. Олардың жұмыс жоспарының көлемі кімді болса да таңғалдыратын еді. Мәскеу, Ленинград, Ярославльдегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарымен бірге Қырым, Кавказ, Орта Азия және Сібір ескерткіштері де қамтылған болатын. Бірақ сол тұстағы елдің экономикалық жағдайы бұл жоспарды тез арада іске асыруға мүмкіндік бере алмайтын, сондықтан 1924 жылдың өзінде-ақ олардың тізімі қысқартылып, ең маңызды деген Мәскеу Кремлі, Василий Блаженный ғибадатханасы, Троицко-Сергиев Лаврасы т.б. Ярославльдегі, Новгородтағы, Псков пен Угличтегі біршама ескерткіштер қалдырылды. Бұл жылдары реставрация әдістемесі мен қағидаларын ғылыммен ұштастыруға көп мән берілді, тіпті есепке алу, тіркеу, анықтау, құжаттау істері де ғылыми тұрғыдан жүргізіліп, реставрация сәулет өнерінің бір саласы болудан жеке ғылым дәрежесі деңгейіне дейін көтерілді.



30-шы жылдары жаңа социалистік типтегі қалалар салу жайлы идея қанат жайды, мұның нәтижесінде Ярославль, Соликамск сияқты көптеген қалалардағы ескерткіштерді “көненің қалдығы, ескі өмірдің көрінісі” ретінде жойылу қаупі етек алды. Бұған өршеленген атеизмнің де кең түрде шабуылға шығуы өз әсерін тигізді.

Бұл жылдары реставрациялық саладағы мамандар бар күш-жігерін сәулет ескерткіштерін саналы түрде қиратып, жоюдан аман сақтап қалу үшін жұмылдырды. Дегенмен, көптеген діни құрылыстарды сақтап қалудың реті келмеді, аман қалғандарының өзі шаруашылықтарға цех, қойма, қамба, мал қора т.б. есебінде таратылып берілді. Орталық шеберхананың ұйымдастыруымен елдің барлық түкпіріне көне сәулет ескерткіштерін есепке алып, сызбасын, өлшемін алатын бригадалар жіберіліп жатты, ескерткішті есепке алып, мемлекет қарамағына өткізу оны қиратудан сақтаудың бірден-бір амалы еді, ал Орталық шеберхананың негізгі міндеті ескерткіштерді қайта қалпына келтіру болғандықтан, бұл салада біршама табыс та бар болатын. Ел жағдайының, шаруашылықтың түзелуі 1924–1927 жылдары аралығында Мәскеу Кремлінде, Коломенскіде, Загорскіде, Дорогобужда, Владимир мен Ярославльде біршама табысты жұмыстар жүргізуге мүмкіндік берді. Самарқанда Б.Н.Засыпкиннің басшылығымен Ұлықбек медресесі, Шир-Дор мен Шахи-Зинда ескерткіштері бекітіліп, реставрация жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесін М.Е.Массон жанжақты зерттеген болатын.

Бірақ 30-шы жылдың басында барлық күш өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын дамытуға жұмылдырылып, 1934 жылы Орталық мемлекеттік реставрациялық шеберхана өз жұмысын тоқтатты [8].

1931 жылы Афинада реставраторлардың халықаралық бірінші конференциясы өтті, оның декларациясында ескерткіштердің стильдік ерекшеліктерін барынша сақтау мен толық реставрация жасаудан, яғни толық қайта жаңғыртудан бас тарту бағыты жарияланды. Ескерткіште жүргізілетін жұмыстың ең бастысы консервация (түмшалау) деп есептелді, ал қалғандары: анастилоз, аршу, толықтыру, жаңарту жұмыстары консервацияның құрамдас бөліктері деп қарастырылды.

Мүраларды аман сақтау жолындағы ең алғашқы жұмыс ретінде олардың қираған, бүлінген жерлерін анықтап тіркеуге алу аталды. 1941 жылы бұл жұмысты өнер ескерткіштерін қалпына келтіру мен қорғау Комиссиясы бастап, 1944–1949 жылдары аралығында ескерткіштерді қорғаудың Бас басқармасы жалғастырды.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары ескерткіштерді негізінен жөндеу-консервациялау жұмыстары оларды зерттеумен қатар жүргізілді. Реставрация тек аман қалған жерлерді әбден зерттеген соң ғана жасалатын. Бірақ соғыс зардабынан қираған ескерткіштердің орасан зор көлемі реставрацияның басқа арнамен бағыт алуына әкеп соқты. Қалалардың сәулеттік құрылымының толыққандығын қалпына келтіру үшін мыңдаған ескерткіштерді де қайта тұрғызу қажет болды. Ең маңызды ескерткіштерді толығымен, кейбірінің қас беттерін немесе интарьерін қайта қалпына келтіру арқылы ғана архитектуралық ансамбльдер мен кешендерді жаңғыртуға болатын. Осылайша толық қайта жаңғырту, толық қайта қалпына келтіру бағыты басты рөлге ие болды.

Бұл кезеңнің реставрациясында қолданылған тәсілдердің барлығын Ленинград пен Новгород ескерткіштерінен көруге болатын еді. Ол кездері реставраторлар қираған бөлшектерді қалпына келтіруде неғұрлым жақын немесе дәл өзіндей материалды пайдалануға тырысатын, нәтижесінде уақыт өткен сайын ескісі қайсы, жаңасы қайсы екенін көзбен айыру мүмкін болмай қалатын, сондықтан реставрациялық жобалау сызбалары болашақ үшін ең маңызды құжатқа айналды.

Ескерткіштердегі реставрациялық жұмыстар ауқымымен қатар инженерлік-техникалық бекіту әдісі де дамыды және ол реставрациялық жұмыстың мақсаттық түрлерінің шығуына әсер етті.



Мысалы, көнеорыс сәулет ескерткіштерінің тастан қаланған іргетасының беріктігін арттыру үшін олардың жарықтарына арнайы ерітіндіні сығыммен айдап енгізу арқылы бекіту (укрепление) әдісі қирай бастаған бөліктерді бұзып алудан және жаңа тастармен ауыстырудан құтқарды. Бұл арқылы ескерткіштің сақталуы, беріктігі артты әрі түпнұсқасы орынында қалды.

Соғыс қиратқан ескерткіштерді толық қайта қалпына келтіру көп жағдайларда ең дұрыс шешім болды, олардың үлкен көлемде жүргізілуі мен көңіл күйге етер әсерінің күштілігі сонша реставрация қағидасының өзгеруіне де әкеп соқты. Бұрын уақыт әсерінен қирап, үгіндіге айналған ескерткіштерді де енді толық қайта қалпына келтіру қажет деген жаңа пікір қалыптасты және қағидаға айнала бастады. Соғыс қимылдары болмаған аумақтарда реставрация соғысқа дейінгі әдістермен ғана жүргізіліп жатты (Ұлықбек медресесі, Гур Әмір мавзолейі, Самцеврисси храмы), дегенмен бірте-бірте толық қайта қалпына келтіру әдісі барлық республикаларда қанат жайып, бұрынғы уақытша бекіту-қалпына келтіру жұмыстарының тұрақты реставрациялық жұмысқа айналуына әсер етті.

1945–1948 жылдары Арнайы ғылыми-реставрациялық шеберханалар (СНРМ) көптеп ашыла бастады және ұлттық сәулет ескерткіштеріне де ірі-ірі реставрациялық жұмыстар жүргізу белең алды. Барлық республикаларда етек алған ғылыми-зерттеу және реставрациялық жұмыстардың орасан зор ауқымының нәтижесінде жинақталған материалдар жаңа әдіснамалық тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. 1950 жылы олар алғаш рет жинақталып “Практика реставрационных работ” деген еңбекте талдау жасалынды. Мұнда реставрациялық жұмыстың ғылыммен, ғылыми зерттеумен тығыз байланыста жүргізілуі талап етілді.

Сонымен, 50-ші жылдары ескерткіштің алғашқы нұсқасын толық қалпына келтіру бағыты реставрацияда басымдық танытты. Бұған Ленинградтағы және оның маңындағы ескерткіштерді толық қайта қалпына келтіру үлкен әсер етті. Бірте-бірте “художественная (көркемөнерлік) реставрация” деген термин қалыптасты, оның басты мақсаты – көненің үздік туындысын толық қайта қалпына келтіру еді. Мұндай жұмыстар көбіне қираған заттың басқа жерлердегі немесе елдердегі аналогтарына арқа сүйейтін деп гипотезаға негізделетін, сондықтан сілтеме-конспектілерден құрастырылған, автордың өз тұжырымы жоқ шығармаға ұқсап кету қаупі болды. Оған мысал ретінде Петродворецтегі Төменгі бақтың Марли ансамблін айтуға болады. Мұнда 1945 жылдан бастап барлық фонтандар, каскадтар, сарай мен жолдар, алаңдар, баспалдақтар, беседкалар мен шамдар т.б. түгел қайта қалпына келтіріле бастады. Олардың көбінің бұрынғы суреттері, сызбалары сақталмағандықтан, басқа елдердегі аналогтарына арқа сүйелді. Авторлардың ұстанған концепциясы бойынша, дәл табылған аналог сол дәуірдің стильдік ерекшелігінен көрі шындыққа бір табан жақын болмақ, яғни ғылыми реставрацияның талабына да сай келеді. Бірте-бірте реставрацияның ленинградтық мектебі қалыптасып, ол жалпы реставрацияның дамуына айтарлықтай әсер етті.

50-ші жылдар реставрация әдіснамасын байытуда өте табысты болды. Бұл жылдары атақты реставратор А.В.Столетов, археолог Н.Н.Воронин, архитекторлар А.В.Ополовников, П.Н.Максимов, М.А.Ильин сияқты ғалымдардың іс-тәжірибесі, зерттеу еңбектері өндірісте кеңінен қолданылды. Дегенмен, А.В.Ополовниковтың ескерткіштердің сыртына “патина” сияқты біртіндеп көп ғасырлар барысында жабыстырылып салына берген бөліктерді “прогрессивтік” – халықтық мәдениетке жататын және “реакциялық, бөтен, дұшпан” немесе “ресми билік жүргізуші” мәдениетіне жататындар деп бөлуі кей жағдайда көп зиянын да тигізді. Тиісінше мұның алдыңғы “прогрессивтік” мәдениетке жататындары қайта қалпына келтіріліп, ал қалғандары жойылуы қажет болатын. Ескерткіштердің қосымша бөліктеріне деген мұндай көзқарас олардың белгілі бір



ғасырға, стильге тән негізгі бөліктерін ғана қалдырып, “нақты кезеңге” бағытталған реставрацияның қанат жаюына әкеп соқты [9].

Реставрациялық шешімдерді ғылыми сараптаудан өткізу 50-ші жылдардың соңында сәулет ескерткіштерін қайта жаңғыртудың әдіснамаларын ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде 1961 жылы ең алғашқы “Методика реставрации памятников архитектуры” деген еңбек дайындалды және онда сол кездері қолданылатын үш негізгі реставрациялық жұмыс түріне тоқталады. Олар:

1. Ғимараттың бойына кейінгі замандары жапсарланған барлық бөлшектерді алып тастап, ең алғашқы нұсқасын өзгертілген, жоғалған жерлерін қалпына келтіре отырып қайта жаңғырту;

2. Ғимаратты белгілі бір датаға, дәуірге, кезеңге туралап, сол кезге дейін оған жапсарланған құрылыстарды сақтай отырып қайта қалпына келтіру (мұны “нақты кезеңге” туралап реставрациялау деп те атайды);

3. Ғимараттың жоғалған бөлшектерін архив материалдарына және құжатталған фрагменттеріне қарап алғашқы нұсқасында қайта қалпына келтіру, бірақ мұндай бөлшектері ғылыми құжат не басқа материалдармен дәйектелмесе сол қалпында қалдыру қажет. Сонымен бірге, кейінгі замандарда (көркемдік құны бар) жапсарланған бөлшектері мен құрылыстары болса сол күйі қалдырылуы керек.

Мұнда екі нақты қозғаушы күшті атап көрсетуге болады: олардың бірі – бекіту-түмшалау (укрепительно-консервационные) жұмыстарының біртіндеп екінші қатарға шығып қалуы, олар ішінара (фрагментарная) және толық реставрация жұмыстарының құрамдас бөлігі болатын; екіншісі – барлық үш бағытта да жоғалған бөліктерді үлкен көлемде қайта қалпына келтіру жұмыстарының орын алуы. 50-ші жылдардың көптеген жұмыстары ішінара қайта қалпына келтіру мен түмшалау реставрациясының эталонына айналса да практикада толық қайта қалпына келтіру жалпы басты бағдарға айналды. Бұл бағдар тек қирандылар ғана емес, ұзақ мерзім барысында әбден тозып, әртүрлі бөліктерін жоғалтқан ескерткіштерге де қатысты болып шықты.

Бірақ 60-шы жылдардың басында-ақ реставраторлар біртіндеп тек таза консервацияны немесе толық қайта жаңғыртуды қолдайтындар деп екіге бөлінді.

1964 жылы дүниежүзі бірігіп қабылдаған Венеция Хартиясы реставрация жұмысындағы бағыттардың орындарының ауысуына ықпал етті: ендігі жерде басымдылық немесе бірінші шара толық реставрацияға емес, ескерткіштің түпнұсқалығы мен тарихилығын барынша сақтап қалуға берілетін болды. Алғашқы орынға консервация (түмшалау) қойылды, қайта қалпына келтірілетін ескерткішке кейіннен жапсарланған қабаттар, бөлшектер, құрылыстарды алып тастау қажетсіз деп табылды және ғимараттың бүкіл болмысын бір стильге (салынған заманға тән стильге) келтіруге тырысу да жоққа шығарылды.

60-шы жылдар консервация мен реставрацияны жақтаушылардың арасындағы күреспен өтті.

Келесі жылдар ішінара (фрагментарлық) реставрация мен көркемдік (художественная) консервация әдістерін кеңінен қолдану кезеңі болды, ал толық қайта жаңғырту барынша аз жүргізілді. Дегенмен, консервацияны реставрацияның негізгі түрі ретінде бекітудің реті келмеді, мұның бірнеше себебі болды. Біріншіден, инженерлік консервацияны (қабырғалардың қисаюын, іргетастардың шөгуін, жарықтардың ұлғаюын т.б. тән тәрізді түрлі механизмдер, тростар, металл конструкциялар арқылы тоқтату) кеңінен қолдану өте күрделі болып шықты. Бұл әдістер көбіне күткен нәтижені бермейтін және эстетикалық тұрғыдан да ойдан шыға қоймайтын.

Екіншіден, қирандыға айналған ескерткішті көпшілікке көрсетуде көркемдік-эстетикалық мәселелерді шешу қиындық туғызды, әсіресе қала территориясындағыларын экспозиция құрамына енгізу қиынның-қиыны болды.



Үшіншіден, қиранды түріндегі ескерткіштерді қазіргі талаптарға сай пайдалану үшін ыңғайлау толық реставрацияланған немесе қалпына келтірілгендеріне қарағанда мүлдем кереғар мәселелер туғызды.

Төртіншіден, консервация тәсілі реставрация өндірісіне тиімсіз болып шықты, себебі, ол басқаларына қарағанда көп төмен бағаланатын құрылыс жұмысының қатарына жатқызылатын. Мұның барлығы Венеция конгресінен кейін өз ұстанымын біршама жақсартқан консервацияның абыройының төмендеуіне ғана емес ішінара (фрагментарлық) реставрацияның да кеміп кетуіне әкеп соқты. 70-ші жылдардың ортасынан бастап реставрация практикасында толық қайта жаңғырту бағыты тағы да үстемдік алды, соғыстан кейінгі жылдарда реставрацияда методика, технология салалары бойынша жүргізілген ізденістер толық қайта жаңғырту әдістерін ғылыми негіздегенімен консервация мен ішінара реставрацияның тиімділігі дәлелденген болатын, сонда да әлгіндей тенденция қалыптасты [10].

Қазіргі күні консервация мен ішінара реставрацияның әлі де ашылмаған қырлары бар екендігі белгілі болып, барынша кеңірек қолданылуы қажет көркемдік әдіснама ретінде ұсынылуда.

Сонымен бірге, толық қайта жаңғырту, қайта қалпына келтіру мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ, бұған бірнеше жағдайлар әсер етеді. Мұндай реставрацияға тек сәулет ескерткіштері ғана емес, сонымен бірге, қала құрылысы тарихына қатысты бүтін бір тарихи құрылыстар кешендері қайта қалпына келтіріле бастады. Олардың ішінде тарихи-мемориалдық мәні бар жекелеген ғимараттар да көп болатын. Көбіне мұндай үйлер мәдениет ескерткіші деген атауы бола тұра онда бір кездері өмір сүрген тұлғаға арнап музейге айналдыру үшін ішкі құрылымы да, сыртқы көрінісі де өзгертіліп, мүлде басқа кейіпке енгізіледі (Мәскеудегі Лермонтовтың музей-үйі, Тихвиндегі Римский-Корсаковтың музей-үйі және тағы басқалары). Мұндай дәрежедегі ескерткіштерді қайта қалпына келтіруде көбіне ғылыми дәлелдер мен фактілер екінші қатарда қалып қояды, аналогтарға және еркін гипотезаға арқа сүйеу байқалады. Сол тұлға өмір сүрген заманның стилі негізге алынып, ғимарат қана емес, ішіндегі жиһазынан бастап баспалдақтарына дейін сол стильді сақтауы тиіс деп есептеледі. Ғалым С.С.Подъяпольский қазіргі заманғы реставрация әдіснамаларына тоқтала келіп, жоғарыдағыдай ескерткіштерді жеке топ етіп қарастырады және оларға сәулет ескерткіштерінен бөлек (жұмсартылған, жеңілдетілген) талаптар мен әдіснамалар қолдануды ұсынады. Егер мұндай тарихи құрылыс ескерткіш деген құқыққа ие болмаса, онда реставраторларға барынша еркіндік беріледі. Мұндай ағым соғыстан кейінгі жылдардағы қираған қалаларды жаппай қайта қалпына келтіру барысында олардың тарихи бөліктерін реконструкциялау кезінде қалыптасқан болатын.

Соғыс келтірген зардапты жою ұзаққа созылды және осы тұста тарихи қалалар мен олардың орталығын реконструкциялау (бір нәрсенің сақталған қалдықтары, суреттелуі, үйінділерінің астындағы негіздері, іргетастары, фото және графикалық т.б. құжаттары бойынша қайта қалпына келтіру) деген жаңа термин пайда болды. Аса күшті зардап шеккен немесе дымы қалмаған ескерткіштерді ішінара ғана қайта тұрғызуға мүмкіндік бар еді, сондықтан қанша дәл өзіндей етіп қалпына келтіруге тырысқанымен, барлық ғимараттарды толық “тірілту” ілуде бір рет қана кездесетін және қанша айтқанымен бұл жаңа құрылыс, жаңа технология, жаңа материал екендігі байқалып қалатын. Қаланың тарихи бөлігіндегі ғимараттарды түгел қайта қалпына келтіру мүмкін болмағандықтан, көбіне жаңа скверлер, алаңдар немесе бос жерлер пайда болатын. Біртіндеп мұндай жерлерге басқа құрылыстар салынып кетті де реконструкция реставрацияның бір әдіснамасы болудан қала бастады, ол енді жаппай қайта құрылыс салуға айналып бара жатты. Мұндай құбылыс әр жерде, әр қалада өзіндік ерекшелікке ие болғандығы



белгілі. Одақтық республикаларда да солай болды. Бұған шеккен зардаптың ауыр-жеңілдігі, жергілікті мәдени дәстүрлер мен ескерткіштердің саны, тарихи құрылыстардың сапасы және т.б. көптеген себептер әсер ететін.

Дегенмен, тарихи қалалардың орталықтарын реконструкциялау кезінде барлығына ортақ заңдылық – орталықтардың жоспарын ешбір өзгертпей сақтау қатаң қадағаланды, мұның нәтижесінде қалалар құрылымын жобалау ережелері мен ескі көшелер түзілімі сақталып қалды.

Реконструкция негізінде реставрациядағы тағы бір бағыт – регенерация дүниеге келді, бұл терминмен негізінен көне қалалардың тарихи орталықтарын сақтау мен реконструкциялау, яғни бөлшектерді (ғимараттарды) қалпына келтіру арқылы бүтінді (қала орталығын, құрылыстар кешенін) толық қайта қалпына келтіріп, болашаққа жеткізу анықталады.

Ең алғашқылардың бірі деп 1958 жылы Вильнюс қаласының тарихи ядросын регенерациялау жобасын атауға болады. Қатардағы тарихи құрылысты регенерациялауда оның көне фасадтарын кейінгі жапсармалардан аршу да, жоғалған немесе бітпей қалған жерлерін қайта қалап, жапсырып, құрылысын аяқтау да, сонымен бірге, айнала қоршаған ғимараттардың стиліндегі пайдаланылған сәндік бөлшектерді мұнда да жапсарлау сияқты және т.б. көптеген әдістер еркін қолданыла беретін. Сәулет ескерткіштерінде өте сақтықпен, түбегейлі зерттеліп барып қана қолданылатын заттар қатардағы тарихи құрылыстарда кең түрде іске асырылатын. Регенерация біртіндеп тарихи құрылымы әртүрлі көптеген қалаларға тарады.

XX ғасырдың 50-ші жылдарының соңы мен 60-шы жылдардың басында Эстония, Латвия, Литвада тұңғыш халықтық сәулет өнері ескерткіштерінің ашық аспан астындағы музейлері ұйымдастырылды. Көне, әсіресе әбден тозған құрылыстар арнайы бір жерге көшіріліп, топтастырылып орналастырылатын, мұндай музейлердің “экспонаттары” көбіне ағаштан салынған ескерткіштер еді. Ағаш үйлер, үйшіктер, кілеттер, сарайлар, диірмендер, діни құрылыстар және т.б. аман сақтаудың, реставрациялаудың негізгі әдіснамасы консервация деп есептелгенімен, әдетте мұндай құрылыстардың шіріген, үгітіліп кеткен жерлері көп болатындықтан, жаңартылған жерлерлері де көп мөлшерде кездесетін. Мұндай реставрацияда материалдың (ағаштың) түрі де, сапасы да түпнұсқамен бірдей болуы тиіс болғандықтан, ескісі мен жаңасы ерекше бөлектеніп тұратын, бұл оларды “су жаңа” (новодел) құрылыс сияқты етіп көрсететін-ді [11].

Қалалардың тарихи орталығын реконструкция жасау мен ашық аспан астындағы музейлер ұйымдастыру 70–80-ші жылдары кең қанат жайды және бүгінге дейін жалғасуда.

Соғыстан кейінгі реставрацияны Венеция конгресінен кейінгі өткен уақыт аралығында бағалауда біржақты шешім айту қиын. Әрине, Ленинград, Павловск, Пушкин, Петродворец, Новгород, Чернигов, Самарқанд, Вильнюстегі және т.б. көптеген қайта қалпына келтірілген жұмыстарды реставрацияның алтын қорына қосуға болады, сонымен бірге әлдеқашан бітсе де тоқтаусыз айтыс, талас туғызып келе жатқан қайта жаңғыртылған, қайта қалпына келтірілген ондаған ескерткіштер де баршылық және олардың да саны күн санап арта түсуде.

Реставрация әдіснамаларының дамуына және жалпы көне мұраларға деген көзқарастың өзгеруіне саяси құрылымның, қоғамдық құрылыстың, үстем саяси көзқарастың да әсер ететіндігі белгілі. Біздің міндетіміз осы мәселеде бүкіләлемдік дәрежедегі көзқарастардың, өркениеттік қатынастардың, ғылымның алдыңғы қатарға шығып, үстемдік етуіне қызмет ету болмақ.

II тарау

**ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ
РЕСТАВРАЦИЯ**





Кез келген ескерткішті сақтау үшін әлсін-әлсін оған консервациялық (түмшалау) және реставрациялық (қайта жаңғырту) жұмыстары жүргізіліп отырылуы тиіс. Қазіргі күні реставрация ісі жайлы көптеген мамандардың оның теориясы мен методикасына арнаған еңбектері жарияланған. Ескерткішті консервациялау мен реставрациялау методикасы бұл әрбір реставратордан өз ісіне творчестволық көзқарасты талап ететін, ұдайы ізденуді, дамытуды, ғылыми зерттеуді қажет ететін нағыз жанды тірлік. Ойлап көріңіздерші: құрылыс техникасы мен құрылыс материалдарының технологиясы, сәулет өнері, археология мен этнология, этнография және тарих, мифология және фольклористика, филология және философия, химия мен физика, математика мен геометрия, рентгенография мен информатика, музыка мен өнертану тарихы, поэзия, этимология, микробиология, дендрология, ботаника, тоқыма, тері илеу және ағаш өңдеу технологиясы, гидрогеология мен метеорология, міне, осылар және т.б. көптеген ғылым мен өнер, еңбек салаларының көмегімен ұлттық мәдениет ескерткіштері қайта қалпына келтіріледі. Реставрацияның жалпы теориясын қалыптастыруда энциклопедиялық – ұжымдық ілім мен күш-жігер қажет. Реставрация дәуірдің, оның ғылымының ұшар басында тұруы тиіс, сонда ғана ол сапалы болмақ. Кез келген ғылымды дамыту үшін энтузиастар, өз ісіне бар өмірін арнаған жансебіл “ғашық” жандар керек-ақ. Реставратор да талантты зерттеуші болуымен қатар археологияның негіздерінен хабардар, құрылыс өнерін, оның материалдарын, технологиясын бес саусағындай білетін, талғамы өте жоғары, сұлулықты бағалай білетін маман болуы аса қажет.

Бір деммен қысқа мерзімде салынған құрылыстар, әсіресе орта ғасырда өте сирек кездеседі, олардың да көбі кейінірек түрлі өзгертулерге, қайта салуларға, қосымша құрылыстармен ұлғайтуға ұшыраған. Сондықтан жұмысты бастамай тұрып түрлі қолда бар құжаттар мен ескерткіштің сызба көріністерін әбден зерттеп, оның қай бөлігі қай кезеңде салынғанын дәл анықтап алу қажет. Реставратор құрылыстың тек типологиялық ерекшеліктерін ғана емес, оның ішкі құрылымын да, яғни “анатомиясын” да, стильдік өзгешелігін де жетік білуі тиіс.

Сәулет ескерткіштері көбіне үлкен өнер иесінің, ірі шебердің, суретшінің творчестволық еңбегінің жемісі болып келеді, сондықтан оны қайта қалпына келтіру кезінде реставратор оған өзіндік ештеңе қосуға да, алып тастауға да, өзгертуге де құқығы жоқ, керісінше шебердің түпкі ойын, қолтаңбасын барынша сақтауы тиіс және ең бастысы, жоғалған жерлеріндегі қалған іздері бойынша дәл анықтаған бөлшектерін ешбір өзгеріссіз қайта қалпына келтіруі қажет.

Қазіргі реставрация теориясында ескерткіштің қоғамдық құны жайлы бес түрлі көзқарас пен түсінік қалыптасқан, олардың алғашқысы – ескерткіштің қоғамға тиімділігі, пайдалылығы; екіншісі – тарихи-естеліктілігі (мемориальность); үшіншісі – ғылымтанымдылық жағы; төртіншісі – эстетикалық талғамды дамытуы және бесіншісі – рухани да, діни де қасиетті жер (сакральность) екендігі болып табылады. Бұлардың алғашқысы, яғни қоғамға тиімді-пайдалы жағы (утилитарность) біздің құлағымызға жат естілуі де мүмкін, бірақ қазіргі нарық заманында кез келген іске салынған қаражаттың қайтарымы болуы тиіс. Реставрация жасаудағы мақсаттың бірі – ескерткіш оны сақтауға, қалпына келтіруге кеткен шығынды қайтарып қана қоймай, табыс та табуы керек, яғни пайдалы болуы шарт, бұл оның қоғамдық құндылығы деп есептеледі. Мұны атақты египеттік археолог, Каир университетінің профессоры Гамаль Әбд әл-Рахимнің “Мәдени мұралардың өзі де ел экономикасының бір бөлігі, оларды да кез келген ел сатып пайда табады” – деген сөзінен-ақ байқаймыз. Құрметті профессор бұл жерде көне Мысырға ағылып жататын туристерден түсетін пайданы әңгіме етіп отырғаны анық. Халықаралық туризмді жақсы жолға қойған Египет үкіметі жыл сайын экономиканың бұл саласының өзінен-ақ жеті миллиард доллар табыс табады екен, ал сувенир сату индустриясынан қара халықтың қолына тікелей түсетін қаражатты есептеу мүмкін емес көрінеді.



Енді ескерткішті реставрациялаудан бұрын қандай істер атқарылуы тиістігіне көз жіберейік. Бұл кезең де бірнеше сатыдан тұрады:

- бірінші – ескерткішті іздеп табу, анықтау, дәл орынын, көрінісін, жағдайын құжаттау (фиксация);
- екінші – ескерткішті ғылыми зерттеуден өткізу (архитектуралық, археологиялық);
- үшінші – ескерткіштің тарихын зерттеу (архивтерден, ғылыми әдебиеттерден, аңыз – әңгімелерден) және жергілікті тұрғындар арасынан ақпараттар (информация) жинау;
- төртінші – ескерткішті мүліктік және ғылыми паспортпен құжаттап, қорғау аймағын анықтап, мемлекет қорғауына алу (жергілікті, облыстық, республикалық деген категориялардың бірі бойынша).

Міне, осы кезеңнен өткен ескерткіш арнайы каталогтарға, реестрлерге енгізілсе тіптен жақсы, оны қайта қалпына келтіру не консервациялау мәселесін жергілікті әкімшілік органдары да көтеруіне болады. Ескерткіш мемлекеттік бағдарламаға, жоспарға енгізілмеген болса, қаражат жергілікті бюджетте қарастырылуы тиіс. Мәселе шешілген жағдайда Мәдени-заттай ескерткіштерді зерттеу және жобалау мекемесі тыңғылықты зерттеп, реставрацияның қай түрі, әдісі жүргізілуі қажеттігі анықталып, жобасы, сметасы, ескерткішке пайдаланатын құрылыс материалдарының зертханаларда технологиясы және т.б. құжаттары дайындалады да мекеменің техникалық кеңесінде қаралып, қабылданған шешім Министрліктің арнайы Методикалық кеңесінде (кеңес мүшелері бірнеше салалардың мамандарынан тұрады) бекітіледі. Методикалық кеңес жобаның халықаралық, мемлекеттік ескерткіштерді қорғау, сақтау, қайта қалпына келтіру жайлы заңдары мен талаптарына сай келген жағдайда оны бекітеді. Сонан соң кезек арнайы лицензиясы бар, реставрация ісінде көп жылғы тәжірибе жинақтаған, арнаулы мамандары мен техникалық керек-жарақтары бар кәсіпорынға беріледі. Біткен істі де арнайы комиссия қабылдап алады, сондықтан жергілікті тұрғындардың өз ынтасы мен қаражаттарына, арнайы лицензиясы жоқ мамандар мен мекемелерге тапсырыс беріп жасатқан кейбір ескерткіштерді жөндеу, “қалпына келтіру” немесе жаңадан тұрғызу әрекеттерінің барлығы заңға қайшы, реставрация қағидаларына, талаптарына кереғар, “мәдени ескерткіш” деген атауға сай келмейтін, өркениетке жат іс-қимыл болып табылады.

Соңғы екі ғасыр (XIX–XX ғғ.) реставрация ғылымының қағидалары ескерткішті қорғау мен сақтауды ұйымдастыру және реставрация әдістерінің дамуы жағдайында қалыптасты. Реставрациялық әрекеттердің қайсысы болмасын ескерткіштің мәдени құндылықтарына белгілі бір көлемде зардап шектіретіні белгілі, дегенмен, мұндай кемшіліктерден ескерткішті болашақ ұрпақтар үшін аман сақтап жеткізу қажеттілігі басым түсіп жатады. Реставрациялық әрекеттің стратегиясы мына қағидаларды басшылыққа алуы керек. Реставрация болашақта:

- пайдаланылған материалдардың кері әсерін тез жоюға мүмкіндік қалдыруы қажет;
 - атқарылатын реставрациялық жұмыстардың сапасына, мүмкіндігіне зияны тимеуі керек;
 - ескерткіштің барлық бөліктеріне бара алатын мүмкіндіктерді қалдыруы тиіс.
- Сонымен бірге, ескерткіш түпнұсқалығын сақтауы қажет, яғни:
- оның сақталып қалған көне материалдарына неғұрлым қол тимегені абзал;
 - реставрацияға ұшыраған жерлері де көне дизайндық шешімімен және орындалу техникасы жағынан барынша үйлесім табуы керек (түсі, өңі, құрамы, құрылымы және көлемі);
 - түпнұсқа материалдың археологиялық маңызы бар екенін ескере отырып, оның үстінен жаңа толықтырулардың түспеуін қадағалау қажет;
 - реставрациялық әрекет түпнұсқа дизайнның, құрылыстың орындалу техникасының, жалпы ескерткіштің, ескерткішті қоршаған орта мен мәдени ландшафтың сақтауына жауап беруі тиіс.



Міне, осы талаптар түгел орындалған жағдайларда ғана сапалы реставрация жүргізілді деп есептеуге болады. Бұл талаптар Қазақстан да бір мүшесі болып отырған ЮНЕСКО, ИККРОМ, ИКОМОС сияқты халықаралық ұйымдардың құжаттарынан алынған [12]. Сондықтан кез келген реставрациялық әрекетті бастамас бұрын жұмысшыларға дейін консервация мен реставрацияның бұл қағидаларын жақсы біліп алуы тиіс және олар өз ісінің нағыз шебері болуы қажет. Бүлдіру оңай, түзету қиын екенін ешқашан естен шығармай, атқарылатын істі егжей-тегжейіне дейін зерттеп, көз жеткізіп барып қана ескерткішке қол тигізген ләзім. Себебі, реставрацияның басты заңы – “гипотеза басталған тұста реставрация тоқтатылуы керек” деп тұжырымдалған.

Халықаралық құжаттарда ескерткішті реставрациялау консервацияның бір әдісі ғана деп беріледі, олардың басты талабы неғұрлым аз қол тигізіп, ұзақ мерзімге консервациялауға тырысу деп анықталған. Енді қазіргі күні ең көп қолданылып жүрген консервация мен реставрация әдістеріне шолу жасап көрейік. Консервацияның түрлері халықаралық құжаттарда **қорғау** (протекцион), **сақтау** (презервацион) және **тұмшалау** (консервацион) деп аталады.

Бұлардың алғашқысына қорғау ғана емес оны ұйымдастыру да кіреді, яғни ескерткішті қорғау дегеніміз оны тонаудан, қиратудан, бүлдіруден (адамдар әрекетінен) аман болуын жан-жақты ұйымдастыру. Сонымен бірге, ескерткіштің қоршаған ортаның зиянды әсерінен бүлінуінен қорғау (экология) мен оның айналасына сәнін, көрінісін бұзатын құрылыстардың, жолдардың түсуін болдырмау да қорғауға кіреді. Тарихи территориялардың аман сақталуына қорғау аймақтарын (буферлік зона) ұйымдастыру да көп жәрдем береді. Мемлекеттік қорғауға – ескерткішке зиянын тигізетін барлық негативтік әрекеттерден сақтауға мүмкіндік беретін түрлі заңдар, құжаттар, талаптар, үкімет шешімдері, бұйрықтар, бағдарламалар т.б. жатады.

Ал физикалық қорғауға ескерткіштерді табиғи күштердің әсерінен сақтайтын шатырлар, бастырмалар, баспаналар тұрғызу, сонымен бірге, қауіптің бетін қайтару мүмкін болмаған жағдайда ескерткішті басқа жерге көшіру шаралары да жатады.

Консервациялық әрекеттің екінші түрі – сақтау деп аталады. Бұған ескерткішті сол күйі аман сақтау үшін қабылданған және іске асырылған іс-шаралар кіреді. Латын тілдерінде “презервацион” сөзі “алдын алу әрекеттері” деген мағына береді. Сақтауға бағытталған жұмыстардың ішіне ескерткішті әрдайым және үздіксіз бақылап отыру, әрқашанда күтімге алып, жағдайын көтермелеп отыру да кіреді. Бұл дегеніміз, ескерткіштің толыққандығын сақтау үшін, қажет болған жағдайда оны жөндеу жұмыстарын да жүргізіп отыру деген сөз. Практикада мұндай шешім ескерткіштің жағдайы ылғал мен судың, химикаттардың, түрлі жәндіктер мен кеміргіштердің, өсімдіктер мен микроорганизмдердің зиянды әрекеттерінің нәтижесінде қиындап кеткен кездері қабылданады. Мұндай жағдай анықталысымен тез арада шешім қабылданып, іске көшу керек.

Ал үшінші түр – консервация – тұмшалаудың өзіне келсек, бұл ескерткіштің тап осы күнгі жағдайын барынша ұзарту мақсатымен атқарылатын әрекеттер жиынтығы болып табылады. Оның міндетіне ескерткіштің қауіпсіздігін, сол кезеңдегі жағдайының бұзылмауын, өзгермеуін қамтамасыз ету шаралары жатады. Тұмшалау – консервацияның негізгі пайымы деп ғимараттардың, кешендердің, тарихи қалалардың аман сақталуына бағытталған іс-әрекеттерді түсінуіміз керек, оған ескерткіштерді күту, жағдайын көтермелеу, жөндеу, бекіту және күшейтіп нығайту жұмыстары да жатады.

Тарихи қалалар аумақтары мен мәдени ландшафтарға келсек, мұнда консервация объектіні басқаруды кешенді ұйымдастырудың бір бөлігі ғана болып табылады. Бұл жерде территорияны қорғау аймағына айналдыра отырып оған біртіндеп өзгерістер енуі мүмкін екендігін (айналасына құрылыстар салынуы, коммуникация, т.б.) әрдайым есте ұстау қажет.



Консервацияның тағы бір түрі “инженерлік консервация” деп аталады. Ол бір жағынан реставрацияның жөндеу жұмыстарына да, бекіту (укрепление) жұмыстарына да ұқсас. Дегенмен, оны реставрациядағы “хирургиялық операция” деп атаған жөн сияқты, себебі жөндеу жұмыстары кезінде кірпіштің көне қаландысының сақталуына онша мән берілмейді, ал реставрацияда бұл ең маңызды нәрсе. Инженерлік консервация кезінде реставратор ескерткіштің құрылымдық (конструктивный) ерекшеліктерін, қолданылған материалдардың құрамын, беріктігін т.б. терең зерттеуі тиіс, ал жөндеу жұмыстары мұны қажет етпейді, сонымен бірге жөндеу кезінде қымбат әрі қазір аз қолданылатын материалдар жаңа және арзандау түрімен алмастырылуы мүмкін, инженерлік консервация мұны мүлдем жоққа шығарады.

Себебі инженерлік консервацияның басты міндетіне сәулет ғимараттарының қабырғаларының шөгуін тоқтатып, бекітіп тастау, қисайған ғимараттарды көтеріп өз орнына қою, жарылған қабырғалардың негізгі бөліктен ажырауын тоқтатып бекіту, ескерткіштердің орналасқан жерлеріндегі жер асты суларын қажетті жағдайға келтіріп реттеу, түрлі дренаждық каналдар, құбырлар жүйесін жобалау, тіпті бүтін ғимаратты бұзбай рельске отырғызып жаңа жерге көшіру сияқты т.б. көптеген жұмыстар кіреді. Бұлардан басқа инженерлік консервацияға ағаштан, тастан қаланған құрылыстарды түрлі ерітінділермен, металл, ағаш конструкциялармен, тростармен, қазық-қадалармен, свайлармен бекіту және жер қабатының көшуімен (оползни) күресу де кіреді.

Кеңес дәуірінде біршама үздік инженерлік консервация жұмыстары атқарылды, атап айтсақ, Борис Годуновтың мекен-жайындағы қоңырау соғатын звонницасының, Ярославльдегі Иоанн Предтеча шіркеуінің қоңырау мұнарасының, Самарқан мұнаралары мен Бибі Ханым мешіті қабырғаларының біржақты шөгу әсерінен жантаюын тоқтатып, қайтадан түзу қалпына арнайы көтергіштердің көмегімен келтірудің сәті түсті.

Архангельскідегі Боровско-Успенск шіркеуінің қоңырау мұнарасын түзету кезінде ғажап технология қолданылды. Бұл шіркеудің іргетасы есебінде ағаш бөренелері (венцы) төселген (1762 ж.) болатын, уақыт өте келе әбден шіріп, қоқымға айналып кеткен ағашты алмастыру қажет болды. Бір қызығы, ағаш қабаттарының барлығы бірдей шірімей, мұнараның батыс жағы ғана үн болып езіліп, құрылыс осы жағына қарай жантая бастаған. Мұнараның ұшында бұл қисаю құрылыстың өз өсінен 128 см ауытқуына әкеп соққан. 1912 жылы мұндай құрылысты көтеретін механизм жоқ болғандықтан, шірімеген бөренелерді мұнараның астынан алып тастау арқылы құрылыстың шығыс бетін төмен түсіруге шешім қабылданды. Мұны сол кездегі белгілі маман П.П.Покрышкин іске асырды, ол үшін ол ағаш бөренелерді әр жер-әр жерден суырып алып, орнына еспе құм салынған қапшықтарды тығыздап орналастырады. Осылайша біртіндеп бөренелердің барлығын құм салынған қапшықтармен ауыстырған соң қапшықтардың ауызын шешіп, бүйірін тесіп ішіндегі құмды төге бастайды. Барлық қапшықты бір мөлшерде біртіндеп қана босата отырып мұнараның көтеріліп қалып кеткен шығыс бөлігін батыс бөлігінің деңгейіне дейін түсіреді. Оның алдында ағаш іргетастың астын әр жерден тесіп, тас қалау арқылы бүкіл мұнараның астына мықты іргетас-жастық орнатылып қойылған болатын.

1955 жылы Румыниядағы Ребежишь шіркеуін көтеру де инженерлік консервацияның жетістігі болды. Шіркеу тұрған жер су қоймасының астында қалатын болып және құрылысты басқа жерге көшіру мүмкіндігі болмағандықтан оны жоғары қарай 3,5 метрге көтеру қажет деген шешім қабылданды. Шіркеу әбден тозғандықтан оны ішінен де, сыртынан да ағаш тіреулермен, тақтай белдіктермен жақсылап бекітті. Сонан соң шіркеу іргетасының асты қазылып, оған темірбетон ленталары құйылып шықты да оның үстіне әр жерден барлығы 48 гидравликалық көтергіш (домкрат) орнатылды. Көтергіштер бір мезгілде 3 миллиметр ғана көтеріп, ескерткішті темірбетон лентадан ажыратты, осылай-



ша біртіндеп құрылыс 2 м биіктікке дейін көтерілген соң астына бетон плиталардан өте мықты іргетас арнайы ерітіндімен қаланып шықты. Сонан соң көтергіштер қайта құрылып, ескерткіш тағы да 1,5 метрге дейін көтеріліп, іргетас қалау жалғастырылды. Ескерткішті көтеру 10 күн ғана уақыт алды.

Италияның Пиза қаласындағы XI-XII ғғ. салынған собордың қоңырау соғар мұнарасы да өз өсінен 4,8 метрге дейін ауытқып тұрғаны белгілі, 54 метрлік бұл мұнараның жантаю деңгейі қауіпті шепке жеткен кезде бұрынғы орнына қайта апарылды. Ол үшін мұнараның көтеріліп тұрған іргетасының астына көтергіштер орнатылады да, ал мұнараның ұшар басы мен беліне арнайы жалпақ белдіктер орнатылып, олардың бір ұшы мұнара жанынан (қисайған жағына қарама-қарсы беттен) орнатылған темір арқадан асырылып тасталады. Сонан соң бұл темір арқандардың арқадан асып салбырап тұрған ұштарына алдымен ауыр гирлер (балласт) ілінеді. Бірте-бірте гирлер саны көбейтіліп өте ауыр салмақ мұнараның ұшы мен белінен оралған белдіктер арқылы оны қисайған жағынан кері тарта бастайды. Жүздеген арқанға ілінген гирлерге жаңадан қосылатындарының салмағы да біртіндеп төмендетіле береді, бұл кезде көтеріліп кеткен іргетасты тіреп тұрған домкраттар да біртіндеп төмен түсіріле береді. Міне, осылайша миллиметрлеп қана жайымен мұнара өз өсіне қарай жақындатылып, қауіпсіз шепке жеткен соң сол қисайған күйінде бекітіліп тасталады. Егер мұнара тіп-тік жағдайға көтерілсе, оны көруге баратын туристердің де саны күрт азаятын еді.

Ең үздік инженерлік консервация өткен ғасырдың 70-ші жылдары Асуан су қоймасын салу кезінде жүргізілді. Су қоймасы астында қалу қаупі төнген ежелгі Мысыр ескерткіштерін биік жерге көшіру үшін Египет үкіметі ЮНЕСКО-ға өтініш жасады. Бүкіл дүниежүзінен жиналған мамандар Абу Симбел ғибадатханасын, оның алдындағы II Рамзес перғауынның биіктігі 18 метрлік алып төрт мүсінін, ұзындығы 55 метрлік екі храмымен қоса жаңа жерге көшірді. Ол үшін барлық құрылыс блоктарға тілініп алынып су жетпейтін жерде қайта құрастырылды. Сол жылдары Египет Нубиясынан барлығы 22 ғибадатхана көшірілген болатын. Бұл нағыз өркениеттің қандай болатынын әлем халықтарына паш еткен қадам болды.

“Консервация” термині сонымен бірге ғимараттың белгілі бір бөлігіне ғана жүргізілген іс-шараларды да білдіреді, мұндай іс-шаралар музей экспонаттарына да, археологиялық табыстарға да қолданылады. Мұндай әрекеттер “консервацияны” бұл тұрғыдан түсінуде түпнұсқа материалды тазалау, сол қалпын арнайы ерітіндімен бекітіп, қатырып тастау және қорғаныс қабығымен өн бойын қаптау сияқты жұмыстардан ғана тұрады. Себебі, консервацияның, яғни “түмшалаудың” басты мақсаты ескерткіштің түпнұсқалығын, бүтін қалпын барынша сақтау болып табылады.

Қазіргі заманғы құрылыс техникасы мен технологиясы кез келген құрылысты да, қирандыны да сол күйі бекітіп тастауға мүмкіндік береді. Осы тұста консервацияның тағы бір түрі – бекіту (консолидацион) туындайды. Орысша “укрепление” деп анықталатын бұл сөз “нығыздау, жұмылдыру, бекіту, беріктендіру, тығыздату” деген де мағыналар береді, яғни бекіту дегеніміз қазірге дейін өмір сүріп келген мәдени мұраға жататын туындының құрылымының толық болуын сақтау және ғұмырын барынша ұзарту мақсатында байланыстырушы заттармен бекітіп, қатырып тастау болып шығады.

Дегенмен, кейде мұндай бекітуге қолданған заттар ескерткішке кері әсер етуі де мүмкін, сондықтан байланыстырып бекітетін заттың зиянды жағын, қоршаған ортаға тигізетін әсерін, тағы басқа жақтарын тыңғылықты зерттеп, оны ұзақ не қысқа мерзімге пайдалану жағын да шешіп, сонан соң ғана қолдану керек. Сонымен бірге, белгілі бір уақыт өткен соң ескерткішке қалай болғанда да қайта айналып соғуға тура келеді, себебі оның сақталуы бекіту жұмысының атқарылуының сапасына да көп байланысты. Мысалы, мұндай жұмыстар іргетасты бекіту кезінде мығымдығы төмен тас пайдаланылған



болса, оның ылғал мен температура ауытқуынан үгітілуі мүмкін, ал тас қатты болған жағдайда оларды біріктірген ерітінді езіліп ағып не желмен ұшып кетуі мүмкін. Кей жағдайда ескі технологияның орнына жаңасын пайдаланып, жаңа да берік материалдарды қолдану үшін қайта соғу қажеттігі тууы да әбден мүмкін. Ең бастысы – сыртқы көрінісін бұзбау, өзгертпеу қажет (іргетас не қабырғаның), қабырғаға салынған фреска немесе қаптама қыш, әйтпесе мүсін болса да бүлдіріп алмауға тырысу керек.

Осы кезге дейін консервациялаудың барлық түрлерінде тек көне материал мен көне әдіс-технология қолданылуы тиіс деп есептелініп келді. Керісінше, егер ескерткіштің сыны, сырын, жалпы құрылымын, көрінісін бұзбайтын болса, сонымен бірге оның ғұмырын ұзартуға жәрдемі тиер болса, сапасы көнеге қарағанда көп артық болса, онда қорықпай жаңа байланыстырушы, біріктіруші материалды да, технологияны да қолдана беретін кез келді деп есептейміз. Жоғарыда айтқанымыздай, көбіне көне технологияның сапасының төмендігі ескерткішке қайта-қайта реставрация, консервация жасауға апарып соғады.

Кейде реставрация барысында басқа бір көне ғимараттың немесе осы ескерткіштің бұрынғы нұсқасының қалдықтары, іздері кездеседі. Оларды сол күйі сақтауға тырысу керек, сондықтан жұмыс жобасы (проект) бүкіл реставрация барысында толықтырылып отыратын құжат болуы керек және сол жұмыспен бірге аяқталуы да тиіс.

Ендігі әңгіме болатын жұмыстар тікелей реставрацияға – қайта жаңғыртуға қатысты болмақ. Қайта жаңғырту (реставрация) термині бұрындары әртүрлі мағынада қолданылған; ең көп қолданылатын мағынасы – ескерткіштің жоғалған бет-бейнесін немесе формасын қайта қайтару деген түсінік береді. Солтүстік Америкада бұл термин ғимаратты “белгілі бір тарихи кезеңге сай түрінде қайта жаңғырту” мағынасында қолданылды, ал Англияда (1877 ж. Джон Рескин мен Уильям Морристің “Естерінді жинаңдар!” деген жан айқайынан туған айтысқа толы пікір алысудан соң) реставрация жағымсыз, бүлдіруші әрекет ретінде қарастырылатын. Латын Америкасында көбіне бұл термин сәулет өнері мұраларын консервациялау мағынасында қолданылатын еді.

Біздің заманымызда Венеция Хартиясынан соң бұл терминге ерекше анықтама беріліп, ол құжаттың 9-13 баптарында тұжырымдалды [13]. Ендігі жерде реставрацияның мақсаты ескерткіштің толық бүтіндігін сақтау ғана емес, оның мәдени құндылықтарын да анықтап ашып көрсету және оның түпнұсқалық дизайнын “оқып, тануды” жақсарту, жеңілдету болып табылады. Қайта жаңғырту жұмысы өте жоғарғы дәрежедегі мамандар атқаратын арнайы процесс деп есептеле бастады. Ол тек тарихи-сындық сараптауға ғана негізделіп, гипотезаға ешқашан арқа сүйемеуі тиіс, оның қазіргі мақсаты ескерткіштің түпнұсқа материалдан тұратын алғашқы жағдайын ашып көрсету болып есептеледі. Бұлар бұрынғы кездегі ескерткіштің түпнұсқалық бейнесін, жоғалған формасын қайта қалпына келтіру арқылы өмірге қайтару, – деп тұжырымдалып келген мақсаттан мүлде өзгеше. Француздар мұны “құнды жағдайға келтіру”, “бағасын қалыпқа келтіру” деген сияқты сөздермен анықтайды.

Кейбір реставраторлар ескерткіштің жоғалған белгісіз бөлігін қайта қалпына келтірмей оны консервациялау мүмкін емес деп есептейді. Шын мәнінде, ескерткіштің кез келген бөлігі, тіпті ескерткіш қирандыға айналған болса да оған ешқандай негізделмеген толықтырулар жасамай-ақ ұзақ уақытқа бекітіп тастауға болады. Методологиялық жағынан қате шешім жасалған реставрациялар да жеткілікті. Мысалы, Нахичевандағы XII ғасырда салынған “Момино Хатун” кесенесі солардың бірі. Бұл кесененің күмбезі әлдеқашан қирап, құлап түскен-ді, реставрация жасалмас бұрын бірнеше қатар кірпіш қаландылары әр жерде тіс сияқты шошайып тұратын. Басқа осыған ұқсас (аналог) кесенелерге қарасақ, күмбез жоғарыға қарай созыла бітуі керек сияқты. Сақталған ең биік “тіс” сияқты бөлігінің биіктігі күмбездің жалпы биіктігінің үштен біріндей болатын. Күмбездің



жалпы биіктігі мен иілу градусын білмесе де реставраторлар оның барлық жағын ең биік “тіске” дейін қалап шыққан. Күмбез енді жоғарғы бөлігінің үштен екісін біртегіс етіп кесіп тастаған конусқа ұқсап қалды. Мұндай үсті теп-тегіс бітпеген күмбездің көрінісі кесененің жалпы пропорциясына да сай келмей, ұсқынын мүлде бұзып жіберді. Егер реставраторлар күмбездің сақталған бөлігін консервациялап қана қойғанда оның шындыққа жақын көрінісі мен тарихи-мәдени құндылығын сақтап қалатын еді.

Реставрацияның мұндай әдіснамасы сөзсіз қате, дегенмен күмбезді дәл осындай кесенелердің күмбезіне қарап қайта тұрғыза салу да қателік болар еді. Ескерткіштерді бір типке келтіру қадамдары мен әрекеттерін (стилистердің) француз жазушысы Анатоль Франс “жалған ғылым және жабайы талғам” деп есептеген болатын [14]. Шын мәнінде, сәулет өнерінің ерекше туындысын ескерткіштен шаблонға айналдыруға болмайды. Барлық істің түйіні әрбір ескерткіштің өзіне ғана тән (мейлі азғана болсын) ерекшеліктері болатындығына және сонысымен де құнды екендігіне келіп тіреліп тұр, ал реставрация мұндай өзгешіліктерді сақтап қалу үшін де жүргізіледі.

Реставрацияның – “қайта қалпына келтіру” (реконструкция) деп аталатын мұндай түрі ғылыми зерттеулерге ғана сүйеніп жасалуы тиіс. Жоғарыдағы мысал мұндай зерттеудің болмағандығының бірден-бір айғағы. “Воссоздание, восстановление” деген орыс сөздерімен анықталатын бұл термин қирап, шашылып кеткен бөлшектерді көне материал мен жаңа материалды араластыра отырып қайта қалпына келтірген кезде қолданылады. Қайта қалпына келтіру ескерткішті архитектуралық және археологиялық зерттеулердің дәл де толық есептеріне, құжаттарына, сызбаларына және олардың дұрыстығын дәлелдейтін материалдық табыстарға сүйене отырып жасалуы керек, мұндай істе ешқандай да долбар, шамалау мен гипотеза деген болмауы тиіс.

Соғыс, жерсілкіну немесе өрт сияқты апаттардың салдарынан болған қирандыларды қайта қалпына келтіру заңды болып есептелгенімен, оны тарихи объектінің шырайын ашу үшін пайдаланылған іс-шара ретінде қолдану үлкен күмән туғызады.

Ескерткішті жаңа жерге көшіріп қондыру да қайта қалпына келтіру ісінсіз орындалмайды. Мұндай көшіру ескерткішке су астында қалу, қоршаған ортаның, ауаның ластануы сияқты қауіптер төнген кезде ғана іске асырылады.

Біз соғыстан кейін (1941–1945 жж.) Еуропа елдерінде де, елімізде де болған аса ірі көлемдегі қайта қалпына келтіру істері жайлы жоғарыда әңгіме еткенбіз. Мұндай бағыттың белең алуына соғыс салған зардапты тез арада жою үшін төтенше шешімдер қабылдау қажеттігі де әсер еткендігі айқын, алайда көп жағдайда бұл шешім ескерткіштерді қорғау мен реставрациялаудың сол кезге дейін-ақ қалыптасқан талаптары мен заңдарына қайшы да келіп жатты. Шетелдерде де бұл бағыт тап осындай жағдай туғызып келді, мысалы, Батыс Германияда 70–80-ші жылдардың өзінде көптеген ескерткіш қайта қалпына келтірілді, алайда олардың қирауына соғыстың еш қатысы жоқ болатын, сонымен бірге 50–60-шы жылдары бұл құрылыстарды қайта қалпына келтіру қажеттігі туралы мүлдем әңгіме де болмайтын, оны реставрация заңына қайшы деп есептейтін. Мұның барлығы сәулет ғимараттарына деген қоғамдық қатынастың бір түзу бойымен дамымайтындығын көрсетеді. Кеше ғана Венеция Хартиясында (1964 ж.) қабылданған “Консервация – иә, реставрация – жоқ” деген бағыт мүлдем кереғар мағынада дамыды. Бұл толық қалпына келтіру идеясының қарапайым халық қана емес, маман реставраторлардың да санасына сіңіп қалғандығын көрсетті. Мүмкін қазіргі кезеңде ескерткіштердің қоғамдық құндылығына деген жаңа көзқарас қалыптасып та, бекіп те үлгірген шығар, дегенмен із-түзсіз жоғалып кетті деген өткен ғасырлардағы қоғамдық құндылықтардың көпшіліктің, халықтың ұлттық санасында өзгерген түрде болса да сақталып қалып, реставрацияның теориясы мен практикасының дамуына өзінше әсер етіп отыратындығына куә болудамыз. Тіпті өзіміздің Қазақстандағы кезек күтіп жатқан тарихи-мәдени,



сәулет ескерткіштері ешбір маманды қатыстырмай-ақ жергілікті халықтың рухани жандүниесінің қалауымен “қайта қалпына келтіреміз” деген тілекпен, адам нанғысыз түрде қайта салынып жатқандығын көріп отырмыз. Ескерткіш мемлекет есебінде, қорғауында екендігіне қарамастан, өз ғасырының сәулеттік ерекшеліктері (стилі) сақталмастан, зерттелместен бір-бірінен айнамайтын “күмбез тұрғызу” белең алды. Тіпті, кейде ол күмбездің астында шын мәнінде әйтеуір бір адамның мүрдесі бар екендігіне де күмән туғызатын жағдайлар бар. “Біздің бабамыз да батыр, әулие, тарихи тұлға болған” деген байбаламмен әр ру, әр тайпа өз құндылықтарын жасауға тырысуда, бұған сол рудың қалталы азаматтары да, жергілікті әкімдері де, ру-тайпа “президенттері” де атсалысуда. Мұндай трайбалистік ағымның аяғы жақсылыққа апармайтыны белгілі, аруақты нан табу және табыс көзіне айналдыру, жалпыұлттық емес оның құрамдас бөлігінің идолын қалыптастыру, руаралық бәсеке, жүзаралық жарыс өркениетті ел болсақ деген ниеттен туып отырған жоқ, пендешіліктен туып отыр! Мұның кесірі бүкіл түркі жұртына ортақ әулиелердің (Баба Түкті Шашты Әзіз) тарихи-мәдени құны бар кесенелерінің қирандысының орнына сәулет өнерінің талаптарына да, пропорция заңына да сай келмейтін, олар өмір сүрген кезеңдегі сәулеттік ерекшеліктерден ада, аты әйтеуір бір “күмбез” деуге ғана жарайтын тарихи да, мәдени де ешбір құны жоқ “ескерткіштердің” дүниеге келуіне әкеліп соғуда.

Қазіргі заманғы реставрация түрлеріне қайта соғайық, оның тағы бір заңды әдісі – анастилоз (шашылып кеткен бөлшектерді қайта құрастырып, бүтін қалыпқа келтіру) деп аталады. Бұл грек сөзі орысша “воссоединение существующих, но разрозненных фрагментов” деген мағына береді. Бұл әдіс көбіне дәл табылған бөлшектерді өз орнына қоюға болатын құрылыстарда пайдаланылады, оның өзінде де ағаш бөренелерді қайта қиыстыру немесе тас блоктарды құрғақтай қайта қалап шығу сияқты жұмыстарда ғана, ал кірпіштерден ерітінді (раствор) пайдалана отырып бүтін қабырға (моноклит) қалап шығу анастилозға жатпайды. Анастилоз дегеніміз жоқтан барды жасайтын қайта қалпына келтіру емес, оның мақсаты реставрация жасалып жатқан құрылыстың маңынан табылған, өте жақсы да бүтін сақталған түпнұсқа бөлшектерді орын-орынына қойып, сол құрылыстың жоғалған формасын алғашқы түріне келтіру болып есептеледі. Мұнда түпнұсқа бөлшектің тап сол ескерткіштен түскендігі археологиялық зерттеу арқылы анықталуы қажет және оны көбейтіп жасап ескерткіштің басқа жерлерін реставрациялаға болмайды. Қазіргі күні Әлемдік мұралар тізіміне енген ескерткіштерге тек осы анастилоз әдісін пайдаланып қана әрі қарай реставрация жасауға рұқсат етілген.

Соңғы кездері құрылыстың толық формасын қалпына келтіру барысында анастилоз жасалған ескерткіштерге реинтеграция жасауға да рұқсат етілген (реинтеграцион) – толыққандылығын, бүтін күйін қайта қалпына келтіру немесе жоғалған жерлерін (лакуны) толықтыру деген сөз, бұл әдіс ескерткіштің бөлшектері сынып, ұшып түсіп немесе бұрынғы замандарда жоғалған болса және оны қайта жасау ескерткіштің стилін, жалпы көрінісін, дизайнын толық қалпына келтіруге анық мүмкіндік беріп, өзін ақтаса ғана атқарылады. Егер амал ескерткіштің толыққандылығын күшейте алмайтын болса немесе жоғалған жердің көлемі аса үлкен болса, реинтеграция жасалмауы тиіс. Реинтеграция түпнұсқаға түсі жағынан да, дизайны, құрамы, формасы жағынан да ұқсас болуы тиіс, сонымен бірге ол түпнұсқадан бөлектеніп те тұруы керек – бұл түпнұсқаның көркемдік және тарихи құжаттылығын бұрмалауға жол бермейді [15]. Бірақ бұл өзгешілік тым көзге ұрып та тұрмағаны дұрыс, оны ерекшелеп, ескісінен “астын сызып” көрсетуге де болмайды, сонымен бірге түпнұсқаға қарағанда жаңасының көлемі артық та болмауы керек.

Егерде анастилозды пайдаланып, ескерткішті толық қайта құрастыра алмайтын жағдайда ол қиранды күйінде-ақ консервация жасалуы қажет. Қираған бөлшектер жер бетінде немесе топырақ астында ұзақ жатқандықтан, ауа райының әсерінен қатты



тозып, алғашқы нұсқасын жоғалтып алса және бұл ескерткіштің стильдік ерекшелігін қайтара алмайтын болса, анастилоз жасалмауы керек. Анастилоз өте қиын жұмыс және ескерткішті кез келген уақытта бұрынғы қалпына келтіре алу үшін барлық жұмыс пен бөлшектер құжатталып отыруы керек. Егер анастилоз өте үлкен көлемде жасалса, ол кинодекорацияға ұқсап кетеді де мәдени құндылығы төмендейді. Ал реинтеграция арқылы тағы да толықтырылатын болса, онда мүлде жаңа құрылыс пайда болады, бұл ескерткіштің тарихи түпнұсқалығының жойылуына апарып соғады. Өте үлкен көлемде қалпына келтіру болашақта дезинформация (теріс ақпарат) тууына әсер етеді. Сонымен бірге анастилоз жасау үшін алынатын бөлшектің жер астында жатқан күйінде археологиялық, тарихи ақпарат сақтайтынын, ал оны қазып алған соң бұл қасиетін жоғалтатынын, сондықтан да кез келген бөлшек жатқан жерінде суретке (фотосуретке) түсіріліп, құжатталуы тиіс екендігін ешқашан естен шығаруға болмайды.

Қайта қалпына келтіру бағыты дами келе реставрациядағы тағы бір құбылыстың пайда болуына әкеп соқты, ол қалалардың тарихи орталығын сақтап қалу және жоғалғандарын қайта қалпына келтіруге бағытталған “регенерация” еді. Мұнда қаланың міндетті түрде көне болуы шарт емес еді және сақталып қалатын не қалпына келтірілетін объектілердің барлығы сәулет өнерінің үздік ескерткіші болуы талап етілмейтін. Олардың құрамында мешіттер, шіркеулер, қала басқармасының ғимараты, сауда, мәдени орталықтар, дүкендер, тұрғын үйлер, тас төселген көшелер, тротуарлар, көше шамдары, тіпті жарнамалық атаулар да т.б. көптеген элементтер кіретін. Қаланың тарихи орталығын немесе бір ауданын, кварталын, бүкіл бір көшесін, махалләсін сол қалпында сақтап қалу аса көп мағлұмат жинауды қажет етеді. Латынша “регенерацио” деген сөз – қайта қалпына келтіру, қайта туғызу деген мағыналарда айтылады. Біздің елімізде мұндай қадам Кеңес Одағы тұсында 1958 жылы Вильнюстің тарихи орталығын қалпына келтіру жобасынан басталғанын бірінші бөлімде қысқаша айтып кеткенбіз. Қарапайым тарихи құрылыстарды регенерациялау әртүрлі тәсілмен іске асырылды: үйлердің ескі қас беттері (фасадтары) кейінгі жапсырмалардан аршылды, жойылып кеткен жерлері қайта тұрғызылды, жаңадан салынған құрылыстарды қоршаған құрылыстардың сырт бейнесіне келтіруге бағытталған жұмыстар атқарылды. Ескерткіштерді реставрациялауда рұқсат етіле бермейтін әдістер мұнда кеңінен қолданылды. Бұл ағым үлкен қолдау тауып, уақыт өте келе Мәскеу, Ленинград, Новгородта бүтін бір кешендер, көшелер тарихи-мәдени орталықтарға айналдырылды.

Италияда мұндай ағым 1939 жылы басталған болатын, осы жылы арнайы заң қабылданып, тарихи құрылыстарды пайдаланып отырған мекемелер мен тұрғын халықтың ол ғимараттарға бұлдіру, өзгерту, қосымша құрылыстар жапсыру сияқты әрекеттерінің барлығына қатаң тыйым салынды. Соның арқасында Венеция, Флоренция, Болонья, Сиена, Перуджа, Виченца және Рим қалаларының орталығы ғана емес, үлкен-үлкен басқа да аудандарын сақтап қалудың сәті түсті, ал қазір ол қалалардың өзі түгел дерлік ашық аспан астындағы музей іспетті болып отыр. Сонымен бірге мұндай табысқа Англия да жетіп отыр, оның Йорк, Честер, Чичестер, Бат, Винчестер, Стемфорд, Плимут және басқа да көптеген қалаларының тарихи орталықтары сол күйі сақталып музейлендірілген және бір ерекшелілігі мұнда қала тұрғындары да, қала әкімшілігі де, сауда орталықтары да шоғырлана орналасып өмір сүруде.

Біздің аймақта мұндай әрекет Самарқан, Бұхара, Хиуа қалаларында шамалы болса да іске асырылды, ал Қазақстанға келсек әлі күнге тарихи Түркістанның бір бөлігін қайта қалпына келтіру жобасы қағаз жүзінде ғана қалып келеді. 2005 жылдан бері көне Сауран қаласының орталық бөлігінде үлкен қазба жұмыстары басталды, көп жылға жоспарланып отырған бұл қазба шамамен 6–8 гектар жердегі күйген қыштан тұрғызылған құрылыстардың ізін, қалдығын, қирандысын ашуы тиіс. Алғашқы нәтижелер қуантар-



лық, егер қазбаның артынша аршылған құрылысты қайта қалпына келтіру (жартылай болса да) жұмыстары жүргізіліп отырса бірнеше жылдан соң-ақ Самарқан регистаны сияқты Сауанның ірі-ірі қоғамдық құрылыстар қоршаған орталық майдан алаңын және магистральді көшесі мен қақпасын көзбен көруге мүмкіндік туар еді. 1980 жылдары белгілі архитектор-реставратор Б.Т.Тұяқбаеваның ынта-жігері арқасында көне Түркістанның да XIX ғасырға жататын бүкіл бір махалләсі мен көшесін қалпына келтіру жұмысының жоспары жасалып, қазба жұмысы археолог Ә.О.Итеновтың жетекшілігімен басталып та кеткен еді. Кейіннен қаражат тапшылығына байланысты бұл жұмыс жалғасын таппады. Сонымен бірге бізде патша үкіметі тұсында салынған Орынбор–Ташкент теміржолы бойындағы қалаларда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында салынған көптеген құрылыстар бар, олар әсіресе Арыс, Түркістан, Қызылорда қалаларында жақсы сақталған және әлі күнге тұрғын үй немесе теміржол вокзалдары, тіпті қалалық басқару, шаруашылық, финанс, байланыс және медицина мекемелері орналасып пайдаланып отыр.

Өте сапалы кірпіштен Ресейде “Провинциялық архитектура” деп аталатын сәулет өнері бағдарында салынған бұл құрылыстар әлі де жүз жыл тұратынына күмәніміз жоқ. Жергілікті дәрежедегі қорғауға алынғанымен бұл құрылыстарды бақылайтын, қорғайтын мекеме де, қаражат та жоқ, сондықтан оларды мемлекеттік (республикалық) дәрежедегі қорғауға алып, реставрация жүргізіп, тарихи орталықтарға айналдырмасак, музейлендірмесек олардан айырылып қалуымыз мүмкін.

Реставрацияның тағы бір түрі “тарихи стратиграфия” деп аталады, бұл әдіс бұрындары көп қолданылатын. Оның басты міндеті сәулет ескерткішінің бұрынғы, жапсырмалардан ада кезіндегі түпнұсқасының немесе бұл ескерткіштен бұрын осы жерде тұрған ескерткіштің сақталып қалған қабырғаларын, қалдықтарын аршып көрсету, мүмкін болса экспозицияға енгізу болып табылады. Мұндай реставрация нақты бір жерде ғана, көлемі онша үлкен емес күйінде және негізгі ескерткіштің сәулеттік шешіміне зияны тимейтін етіліп қана жүргізіледі. Мысал үшін Әзірет Сұлтан кесенесінің солтүстік порталындағы арнайы жасалған ойықты айтсақ та жеткілікті, беті айналанып экспозицияға айналдырылған бұл ойықтан біз XII ғасырда Қожа Ахмет Иасауидің басына тұрғызылған ең алғашқы кесененің қабырғасын көре аламыз. Көлемі Қабірхана бөлмесіндей ғана ол кесене қабырғаларының сыртынан XIV ғасырдың аяғында қазіргі тұрған кесене қабырғалары қапталып қаланып кеткен, осының салдарынан біз көне ескерткішпен де көрісе аламыз. Ал “Халуат” жер асты мешітінің солтүстік бөлігінде жүргізілген тарихи стратиграфиялық қазба мен реставрация нәтижесінде мешіттің XV–XVIII ғғ. едендерін, қабырға қалдықтарын, ошақтарды және XIX ғасыр аяғында Ресей патшалығы тұсында дайындалған кірпіштен қаланған су жылыту пеші мен Таһаратхана құрылысын аршып музейлендірудің сәті түсті, мұндай реставрацияға Түркістан цитаделінің XVIII ғасырдағы магистральді көшесінің қалпына келтірілген көрінісін де жатқызуға болады. Мұнда сол ғасырдағы үйлер, қақпалар, шаруашылық және тұрғын бөлмелер дәл өзіндей етіліп қалпына келтірілген.

Жоғарыда әңгіме болған реставрация түрлері мен әдістері тарихи және табиғи ландшафтардың да сақталуы мен қалпына келтірілуін қамтамасыз етпейінше декорация сияқты жетімсіреп қалады.

Тарихи ландшафт деп ескерткіш орналасқан жердегі құрылыстардың да, оның айналасына бірнеше шақырым жерге дейін орналасқан объектілердің де биіктігі, стилі сақталуын айтамыз. Мысалы, Әзірет Сұлтан сияқты аса ірі құрылыстың мұндай тарихи ландшафты радиусы 14 шақырымдық шеңберді құрайды, яғни кесенеден осы қашықтыққа дейін одан биік құрылыс түспеуі керек (өкінішке қарай, Кеңес дәуірінде бұл талап сақталмаған). Салынатын тұрғын үйлер (кесенеге жақындары) екі-үш қабаттан



аспауы тиіс, ал табиғи ландшафтқа келсек, бұл осы маңда (әсіресе кесене айналасында) өсірілетін ағаштар мен гүлдер т.б. өсімдіктер жергілікті табиғатқа сай, яғни ғасырлар бойы өсіп келе жатқан ағаш тұқымдары мен өсімдіктер болуы шарт. Мұның барлығы жиналып мәдени ландшафты құрайды. Шын мәнінде, әр географиялық белдеу мен табиғи аймақтың өзіне тән қалыптасқан флорасы мен фаунасы бар, оған зорлық жасап, сол жерге тән емес өсімдік әкеліп, жасыл желек белдеуін жасауға тырысу халықаралық ескерткіштерді қорғау мен сақтау талаптарына да қайшы келеді.

Сәулет және тарих ескерткішін қорғау біржақты ғана жүргізілмей, оның айналасындағы сәулеттік-кеңістіктік (архитектурно-пространственная), құрылымдық-кеңістіктік (композиционно-пространственная) шешімдері сақталып және ол табиғи ландшафтпен үйлесім тапқанда ғана шын мәніндегі тарихи орталық қайта қалпына келеді. Сонда ғана ең атақты ескерткіштер әртүрлі тарихи күштердің, оқиғалардың байланысы арқасында бір дәуірдің “ескерткіші” ғана деген рөлден – халықтың, оның мемлекеттілігінің, оның тарихи миссиясының символына айналады.



III тарау

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСТАВРАЦИЯСЫНЫҢ
ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ**





Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан тарихи-мәдени ескерткіштерінің жағынан ТМД елдері ішінде алғашқы бестікке кіретініне күмәніміз жоқ. Солардың ішінде сәулет-құрылыс өнері ескерткіштері де айтарлықтай көлемде сақталған, олардың дені орта ғасырларға тән болып келеді. Бұл ескерткіштерді сақтау, қайта қалпына келтіру (реставрациялау) мәселесі ХХ ғ. шындап қолға алына бастағынымен, оларды жөндеу жұмыстары одан көп бұрын басталған болатын. Мыңдаған ескерткіштің ішіндегі ең белгілісі де, бірегейі де Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Иасауи) кесенесі екендігі белгілі, осы ескерткішті жөндеу, сақтау жұмыстары мен амалдары Қазақстан реставрациясының қалыптасуына негіз болды десек қателеспейміз. Бұл кесенедегі ең алғашқы жөндеу жұмыстары ХVI ғ. жүргізілген болатын.

Кесене құрылысы сол маңда орналасқан ХII–ХIV ғасырлардың кішігірім кесенелерін біртіндеп бұзып, олардың кірпіштерін Әзірет Сұлтан кесенесінің құрылысына пайдаланудан басталды. Осылайша биіктігі 14–15 метрлік құрылыстың бірінші кезеңі 1391–1395 жж. аралығында тұрғызылып, ол екінші қабаттың төбе жабынымен аяқталады. Бас портал – Пештақ жартысына дейін қаланып, сырты сырлы қышпен қапталуын күтіп тұрды. Алайда 1393–1399 жж. аралығында өткен екінші кезеңде портал өзіне тиісті биіктікке дейін (60–65 м) қаланбады, бар-жоғы 41 м биіктікпен тоқтап қалды. Бұған себеп аса ауыр бұл бөлік бірден шөгіп, оның Қазандық бөлмесімен жалғасқан жері ажырап жарыла бастауы еді, сонымен бірге, портал нишасын жапқан арка да ортасынан екіге бөліне бастаған кезі болатын (тіпті құлап түскен болуы да мүмкін). Кесененің бұл бөлігінің (мұнаралар мен аркаға дейінгі аралық) қабырға қалыңдығы 3 метрден 5 метрге дейін барады және құрылыстың астына 2 метр тереңдікке дейін іргетас қаланған бөлігі де тек осы жерлері ғана, әйтсе де тап осы бөлік екі жаққа қарай шөге бастап, арканың қиысқан ұшы мен артқы қабырғасы (шипцовая стена) екі айырылып, жарық пайда болады. Бұл кезде (1399 ж.) ұсталардың дені Самарқандағы Бибі Ханым мешітінің құрылысына алып кетілген болатын, Түркістанда негізінен кесенені сырлы қышпен қаптау жұмыстары жүріп жатты. Пештақтың биіктігі 65 метрге дейін көтерілмегендіктен Қазандық бөлмесінің екінші күмбезі де қаланбай қалды, бірақ күмбездің бірінші қабатының сырты көгілдір түсті бояулы қышпен қапталды. Егер екінші күмбез қаланғанда біріншісі сегіз бұрышты мойынның үстінен қонатын биік барабанның (қабірхананыкі сияқты) ішінде қалып, оны сырлы қышпен қаптаудың қажеті болмай қалатын еді. *(Осы жерде кесенеге тікелей қатысы бар Әмір Темірдің тарихына қысқаша тоқтала кеткен жөн: Ақ Орданы Темірдің көмегімен 1377 ж. басып алған Тоқтамыс 1388 ж. Темір иелігіндегі Сауран, Иасы қалаларын да басып алып тонауға ұшыратады. Оған қарсы 1389 ж. Темір жорық ұйымдастырып, Иасы-Түркістанға соғады, сол кезде ХII ғ. Ахмет Иасауидің басына тұрғызылған кесененің Тоқтамыс тонағаннан кейінгі ауыр халін көріп жаңасын тұрғызуға бұйрық берген болуы керек. Тоқтамыс далаға шегініп кеткен соң Темір 1391 ж. жаңа жорық ұйымдастырып, оның соңына түседі. Ұлытауда қуып жетіп, жеңіп, бар тонағанын қайтарып алады, сол кезде кесенеге алғашқы қаржыны бөлген болуы мүмкін. 1395 ж. Темір Тоқтамысқа қарсы тағы да жорыққа шығып оны күйрете жеңеді. Бұл жолы да Түркістанға соғып, құрылыстың жай-жапсарымен танысады. Шараф ад-дин Әли Иездидің “Жеңіс кітабы” (Зафар-наме) атты еңбегінде Темірдің 1397 ж. Түркістанға тағы да соғып, зиярат етіп, шырақшыларға сыйлық бергені және кесенені қайта салуға бұйрық бергені айтылады. Шын мәнінде бұл кезде қабырғалары тұрғызылып қойылған кесененің күмбезі, жалпы жоспары, бөлмелердің қызметі, сыртқы ою-өрнектері жайлы әңгіме болған деп есептейді зерттеушілер. Қазан мен шырағдандарды құюды да осы кезде ұсталарға тапсырма берген болуы керек. Құрылыс 1405 жылға дейін созылса да бітпей қалған. 1399 жылы Самарқанда Бибі Ханым (Әмір Темірдің әйелі) мешіт салдыратын болып ұсталардың біразы сонда жіберіледі. 1405 ж.*



ақпанда Әмір Темір қайтыс болып, оның ұрпақтары тұтқындар мен құлдарға амнистия (кешірім) жариялайды да көптеген ұсталар, шеберлер өз елдеріне қайтып кетеді. Кесене құрылысының бітпей қалуына осы себептер де әсер еткен болар деп болжауға болады).

1591 ж. Бұхара ханы II Абдолла Түркістанға келген кезде Пештақтың артқы қабырғасының жоғарғы жағы әлдеқашан құлап түскен болатын. Тарихта “Құрылысшы Абдолла” деген атпен белгілі бұл хан Пештақтың артын қайта қалатып, артқы қабырғасына “Абдолла хан нишасы” деп аталып кеткен бес бұрышты ойықты да қоса қалатады. Бұл жерде бұрын да бір нишаның болғандығын оның төбесінде 1 метрдей жерден өткен басқа бір арканың ізі байқатады [16]. Абдолла хан кесене қабырғасының қаптама қыштарының да түсіп қалған жерлерін жөндетеді [17]. XVI ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасы аралығында кесенеде айтарлықтай жөндеу, қайта салу, өзгерту сияқты жұмыстар жүргізілген жоқ [18]. Абдолла хан атқарған жұмыстарды реставрацияға жатқызуға болмайды, сонымен бірге оның сапасының да нашар болғандығын Мір-Салық Бекшурин хабарлайды [19].

1598–1798 жж. аралығында Түркістан Қазақ хандығының қол астында болып, кесене алғашында мемлекетті басқару ісінде пайдаланылады да бірте-бірте ұлттық пантеонға айналады. XVIII ғ. аяғында Бұхара хандығы Түркістанды жаулап алып, қала олардан 1819 ж. Қоқан хандығының қол астына өтеді. Олар кесене айналасын әскери құрылыстармен (қорғандармен) қоршап тастайды. 1846 ж. Түркістанды билеуші Қанат-шах Қоқан хандығынан бөлініп кетпек болғанда қоқан әскерлері Баулық, Тастақ арықтарының суын кесенеге қарай бұрып жібереді, осының салдарынан кесене бірнеше ай бойы су ішінде тұрады, мұның құрылыстың беріктігін, оның бөліктерінің бір-бірімен байланысын қандай дәрежеде төмендеткенін айтпаса да түсінікті. Тап осы кезде Мешіт бөлмесінің батыс және солтүстік қабырғалары қауіпті түрде тез шөге бастаған, себебі, кесененің тап осы бөлігінде өте көп мүрде жерленгендігі кейіннен анықталды.

1864 ж. маусымда Түркістанды орыс әскерлері басып алды. Қаланы қоршау кезінде кесенеге бекінген қоқандықтарды қуып шығу үшін орыс әскерлері зеңбіректен (фальконет) 12 оқ (снаряд) атады, олар Асхана бөлмесінің төбе жабыны мен оңтүстік-батыс қабырғасын, Құдықхана және Үлкен Ақсарай бөлмелерінің төбе жабынын қатты зақымдайды. Кесененің бұл бөліктері опырылып, өте қиын жағдайды бастан кешіреді. 1866 жылдан бастап Ресейдің әскери, ғылыми баспасөздерінде М.С.Бекшурин, П.И.Пашино, П.И.Лерх сияқты шығыстанушы ғалымдардың Әзірет Сұлтан кесенесі жайлы материалдары жариялана бастайды. Кесене жағдайының өте нашарлығы, кейбір төбе жабындары мен қабырғалардағы жарықтардың үлкендігі себепті Түркістанның жергілікті әскери басқармасы (1870 жылдары) “Кесене құлаған жағдайда түбіндегі қам кесектен салынған әскери казармаларды басып қалуы мүмкін” – деп, кесенені түгел бұзып алуға шешім шығарады. Мұндай ессіздік әрекетті тек Ташкенттегі генерал-губернаторлықтың араласуы ғана тоқтатты [20].

Дегенмен бұл оқиға өлке әкімшілігінің кесенеге көңіл аударуына өз әсерін тигізді, нәтижесінде 1872 жылы кесене айналасы ғасырлар бойы жиналған қоқыс пен қыш сынықтарынан тазартылды, мұндай жұмыс ғимараттың бөлмелерінде және шатырында да атқарылып, бұл жұмыстар баспасөзде жөндеу жұмыстары ретінде жарияланды. Шамамен осы жылдары генерал-губернатор Кауфманның тапсырмасымен А. Кун өзінің атақты “Түркістан альбомына” арнап фотосуреттер түсіре бастайды. Оның мақсаты Ресей императорына қол астындағы Азия халықтары жайлы толық мағлұмат дайындау еді, 24 альбомнан тұратын бұл жинаққа Орта Азиядағы халықтардың тұрмысы, кәсіп түрлері, этнографиясы (құрал-саймандары, киім-кешегі, әдет-ғұрыптары), елді мекендері, үйлері, сәулет ескерткіштері, қалалары т.б. фото көріністері топтастырылған болатын. Міне, осы суреттердің жетеуі Әзірет Сұлтан кесенесін бейнелейді, бұл кейінгі кездегі рестав-



рация және кесенені қайта қалпына келтіру жұмыстарына көп мәлімет берген құжат болды. Әсіресе, оңтүстік-батыстан түсірілген фотосуретте кесененің зеңбірек оғынан қираған Асхана бөлмесінің аса аянышты көрінісін көруге болады.

Орыс ориенталист ғалымдары мен жұртшылықтың пікірінің ықпалы арқасында Ресей үкімет орындары да кесенеге назар аудара бастады. 1883 ж. “Туркестанские ведомости” газеті Әзірет Сұлтан кесенесінде “кең түрде реставрация” жүргізілмекші деп хабарлады [21].

Ал 1884 ж. патша үкіметі кесенені жөндеуге 15 мың сом қаржы бөледі. Бұл ол кез үшін орасан мол ақша болатын. Жұмысты әскери инженер Печенкин деген азамат басқарды, жөндеу жұмыстарына Ташкенттен халық ұсталары да шақырылды, сонымен бірге арнайы шақырылған сәулетшілер мен инженерлер түрлі архитектуралық бөлшектердің егжей-тегжейлі сызбаларын және кесененің құрылым жоспарын жасап шықты. Екі жылға (1884—1886 жж.) созылған жөндеу жұмыстарының архиві сақталмаған, атқарылған жұмыстар 1889 жылғы Робин мен 1905 жылғы Гейнцельманның зерттеулерінен белгілі. Кесене құрылымына жүргізілген пайдалы әрекеттің бірі оның сыртқы қаптама қыштарының іргетасының астына (гидроизоляция) ылғал өткізбейтін төсеніштің төселуі болды, сонымен бірге шатырды қоқыстан тазарту мен оны және Пештақ жабынын алебастрмен сылап шығу, ең бастысы – Мешіт бөлмесінің сыртынан төрт контрфорстардың (тірулер) қалануы уақытша болса да кесене бөліктерінің (құрылыс ондаған бөліктерден-блоктардан тұрады) ажырап кетпеуіне дем берді. Бірақ осы 80-ші жылдары Қазандық, Қабірхана және Мешіт бөлмелерінің ішкі қабырғаларын әктеп шығу ең сорақы іс болды, бұл арқылы бөлмелердің қабырғаларындағы, фриздеріндегі, сталактиттері мен күмбез астындағы түрлі-түсті желім негізіндегі бояулармен жазылған оюлар мен жазулар түгел ағартылып, әктеліп тасталды. Робиннің деректері бойынша, Қазандық бөлмесіндегі ою-өрнектер еденнен 19 аршын (13,5 м.) биіктікте, қабырғаларды бойлай ені 1,5 аршындық (106 см) жолақ күйінде болған. Қазіргі күні тек Мешіт бөлмесінің аркаларынан ғана бұл ою-өрнектің үзік-үзік қалдықтарын әрең байқаймыз (Ресейлік аршын 71,12 см тең).

Екінші бір қателік қайта оралмас өрнектермен сәнделген Қазандық, Қабірхана және Мешіт бөлмелерінің панельдерінің жойылуы болды. “Қашин буруш” деп аталатын мозайкалық тәсілмен сәнделген бұл панельдер әлі мың жыл тұрар еді, олардың қалдығы бүгінде тек Қазандық бөлмесінің Қабірханаға кірер қуысында ғана сақталған. Панельдер сырылып тасталған соң сыланып және көгілдір түсті майлы бояумен сырланып тасталды, ал бұрыштарына сия көк түсті майоликамен қапталған ұстындар орнатылды.

Іште жүргізілген үшінші жұмыс – Қазандық, Қабірхана және Мешіт бөлмелерінің едендерінің күйген қышпен қайта төселуі болды. 1884—1886 жж. жүргізілген бұл жұмысты кесенені авариялық жағдайдан құтқару әрекетіне ғана жатқызуға болады, ол реставрацияға да, консервацияға да жатпайтын жәй ғана ірі жөндеу жұмысы еді.

Атқарылған жұмыстардың “Туркестанские ведомости” газетінің беттерінде кең түрде насихатталуына Ташкент мэрі, Археологияны сүйетіндердің ташкенттік бөлімінің мүшесі (ТКЛА), кейінірек Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) профессоры Н.Г.Малицкийдің ықпалы мол болды. 1890 жылдардың соңынан бастап кесенені жөндеу жұмыстарының қажеттілігі мен онда қалған шырағандарды алу жайлы Түркістан генерал-губернаторлығы және оны ауыстырған әскери-инженерлік басқарма мен Императорлық Археологиялық Комиссия арасындағы үздіксіз хат жазысу кезеңі басталды, тіпті бұған Император Сарайы Канцеляриясы да тартылды. Байқап отырғанымыздай, мұнан бұрынғы жөндеу жұмыстарының ақысы және кейбір ірі дінбасыларының мүрдесін кесене ішіне жерлеуге берген рұқсаты үшін патша үкіметі бір үлкен, бір кіші шырағанды алып та кеткен сияқты, ендігі жөндеу жұмыстары үшін қалған шырағандарды сұратып отыр. Хаттарға жалпы шолу жасасақ мынаны байқаймыз:



1906 жылдың мамырында Түркістан генерал-губернаторы Субботин Археологиялық Комиссия төрағасы граф Бобринскийге жазған хатында кесенені жөндеу үшін елден қаржы жинауға жарияланған шешім жергілікті тұрғындардан шырақшы-шайхтардың алатын өтемін тым көтеріп жіберуге апарып соғатынын және наразылық туғызатынын айтып, кесенені мемлекет тарапынан жөндетуге өтініш білдіреді. Жауап хатта Комиссияның бұған қаржысы жоқ екендігі, ол тек императорға өтінішті жеткізе алатындығы айтылады және өтініш императорға баяндалған соң оның тегін жөндеу жұмыстарын жүргізгені үшін қалған шырағандарды Эрмитажға алуға ниеті бар екені айтылады. Осы жерде айта кететін бір жай 1884 ж. 9 наурызында Ресей әскери министрлігінің Сырдария облыстық басқармасының ғ 392 бұйрығы бойынша кесене ішіне мәйіт жерлеуге қатаң тыйым салынған болатын, әйтсе де одан соң да көптеген адам жерленгені кесенеді сақталған құлпытастардан белгілі [22].

Ел ішінде сақталған әңгімелерге қарағанда, кейінгі жерленген адамдар үшін енапат мал немесе ақша төленіп отырған, ол аздай кесене шырақшылары ірі дін өкілдерін жерлеу үшін шырағандарды берген деген де әңгіме бар. Ал 1884 ж. ерте көктемінде мәйіт жерлеуге қатаң тыйым салған үкімет сол жылы-ақ 15000 сом көлеміндегі аса ірі ақшаны лақ еткізіп бере салғаны, әрі бұл жөндеу жұмыстарының архивінің сақталмауы таңғалдырады және көңілге күдік ұялатады. Сонымен бірге 90-шы жылдардың соңында орталық пен жергілікті басшылық арасында жазылған хаттарда жөндеу жұмысымен қатар “қалған шырағандарды” кесенеден алдыру мәселелерінің бірігіп кетуі жоғарыдағы он бес мың сом да қазір Эрмитажда тұрған екі шырағдан үшін берілген жоқ па екен деген ой туғызады [23].

1905 ж. 11 ақпанында Қабірхана терезесінен түскен ұры бір үлкен шырағданның үстіңгі жағын ұрлап кетеді, астыңғы бөлігі еденге мықтап бекітіліп тасталған болатын [24]. Сол жылдың мамырынан бастап жөндеу мәселесі қайта көтеріліп, ол тағы да императордың жөндеу ақысы ретінде шырағандарды алғысы келетіндігі жайлы тілегімен түйыққа тіреледі. Жергілікті үкімет шайхтармен қанша келіссөз жүргізгенімен, олар шырағандарды сатудан да, жөндеу ақысына беруден де бас тартады. Осы кезде Бобринский генерал-губернатордан шайхтарға полицейлік шара қолданып қысым жасауды, мысал ретінде кесенені уақытша жауып тастауды өтінеді. 1908 ж. генерал Н.И.Гродеков оған жауап хат жазып бұлай істеу қауіпті болатынын, ондай шара мұсылмандар арасында толқулар туғызуы мүмкін екендігін ескертеді. Бобринский сонда да қоймай 1908 ж. наурызында Столыпинге хат жазып, кесенені жөндеу үшін қаржы бөлдіруін өтінеді, бұл жайлы хабар баспасөзде тек 1911 жылы ғана жарияланады [25].

Ал 1910 ж. бұрын ұрланған шырағданның үстіңгі бөлігі шетелден табылып (сірә фотосуреті түсіріліп алынған болуы керек), Түркістанда қалған астыңғы бөлігін Археологиялық Комиссия екі бөлікті салыстырып көру үшін сұратады және ақыры алдырып тынады. Бүгіндері Эрмитажда тұрған үлкен шырағданның астыңғы бөлігі сол болуы тиіс, ал үстіңгі ұрланған бөлігі Луврда (Париж) деп есептеледі.

1907 жылы кесенені жөндеуге жергілікті халықтан ерікті түрде қаржы жинауға әрекет жасалып, оны тек 1910 ж. ғана іске асырудың сәті түсті. Жиналған 12000 сом ақшаға Сырдария облыстық басқармасының құрылыс бөлімінің технигі Н.А.Козловскийдің басшылығымен біраз жұмыс атқарылды. Ең негізгі жұмыс – Асхана бөлмесінің оңтүстік-батыс қабырғасының үстіңгі жағы мен төбе жабыны патша кірпішімен (күйдірілген қыш – Ресей империясы тұсында дайындалған кірпіштерді жалпы халық арасында солай атап кеткен) қайта қаланып шықты. Күмбездердің орнына крест сияқты жон арқаларға орнатылған (шіркеулердегі сияқты) төбе жабыны қаланып, үсті тегіс етіліп жабылды. Бұл бөлме 1864 жылы зеңбірек оғынан қатты зақымдалған болатын. Бірақ Н.А.Козловскийдің өзі “Құрылыс Уставына” қайшы әрекеттер қолданған деп айыпта-



лып түрмеге жабылды. Енді ерікті жәрдем ақша жиятын ерекше комиссия құрылып, оның құрамына әкімшілік мүшелері де енгізілді, бірнеше инженерлерден құрылған арнайы комиссия кесенені қарап шығып, оны толық жөндеу үшін жүз мың сом қаражат қажет деп тапты. Кейбір бөлмелер қауіпті деп есептеліп олардың есіктеріне құлып салынды. Арнайы депозитке жиналған ақша ақыры жаратылмай 1917 ж. Октябрь төңкерісі кезінде жойылып кетті.

Шырағданның ұрлануы және т.б. көне заттарды ұрлауға жасалған талпыныстарды бетке тұтқан Ресей Императорлық Комиссиясы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталардан бұрын (1914—1918 жж.) Түркістан генерал-губернаторлығына кесенедегі барлық шырағдандарды қауіпсіз жерге – Император Эрмитажына жіберуді сұрап тағы да үлкен өтініш жасайды. Бірақ бұл өтінішке жазған жауап хатында генерал-губернатор А.В.Самсонов толық та тыңғылықты дәйектелген үзілді-кесілді қарсылығын білдіреді [26].

Кеңес өкіметінің алғашқы шарасы 1922 ж. жасалды, бұл жылы арнаулы комиссия құрылып, ол кесененің жағдайы жайлы акт түзді. 1925 ж. сәулетші М.М.Логинов пен профессор Б.П.Денике кесенені өлшеп, суретке түсіріп, тыңғылықты зерттеді. Бұл кездегі жұмыстар Туркомстарис, соңынан Средазкомстаристің құзырымен жүргізілді.

1928 ж. сәулетші Н.М.Бачинский мен тарихшы-археолог М.Е.Массонның басшылығымен кесененің іргетасы және Пештақ зерттелді. Құрылыстың Құдықхана бөлмесінің күмбезі қайта қаланды, Үлкен Ақсарайдың аркалары да, жарықтары да бұзылып қайта қаланды, сонымен бірге Пештақтың төбе жабыны қайта жасалып, үсті алебастрмен сыланды, артқы қабырғасындағы ұзына бойғы жарықтардың екі жағына қазық қағылып, белдік темірлермен тартылды. Бірақ алебастр сыбақ бірнеше жылдан соң-ақ жарылып, үгітіліп кетті, ал темір белдіктерді 10 жылдан соң қолмен-ақ суырып алуға болатын еді.

1930 жылдан 1941 жылға дейінгі аралықта үкімет шешімімен прорабтық шаруашылық ұйымдастырылып біраз жұмыстар жүргізілді. Бүкілодақтық көркемөнер академиясының профессоры Н.Б.Бакланов пен Узкомстарис сәулетшілері Б.Н.Засыпкин және М.Ф.Мауэр басшылық жасаған бұл кезеңде атқарылған жұмыстар негізінен кесенені сақтап қалу шаралары еді. Мысалы, Н.Б.Бакланов Пештақ пен Мешіт бөлмелерін біртіндеп бұзып қайта қалап шығуды ұсында. Б.Н.Засыпкин мен М.Ф.Мауэр болса түпнұсқа құрылымды сақтап қалу үшін бекіту, консервациялау жұмыстарын ұсынып, бұл келесі атқарылатын жұмыстарға арқау болды. Үлкен Ақсарайдың қабырғалары екінші қабат деңгейінде және шатыры темір біліктермен тартылып тасталды; оның аркалары мен күмбездері бұзылып алынып қайтадан сол кірпіштермен қаланып шықты. Пештақтың төбе жабыны мен Қабірхананың бедерлі күмбезінің сырлы (бояулы) қышы түсіп қалған жерлері қайта сыланды; Мешіт бөлмесінің қабырғалары мен күмбезінің төменгі негізгі бөлігі темір біліктер, рельстер арқылы бекітіліп, нығайтылды. Мұндағы бөренеден тұратын бел ағаштар шіріп кеткен болатын, солардың орнына рельстер орнатылды; қабырғалардың астына іргетас күйылды, шатыр құрылымдары өзгертіліп парапет (шатырдың жиегімен жүргізілген дуал - қоршау) жөнделді. Шатырды тағы бір жақсылап тазалау жүргізілді, суағарлар жөнделіп кіші күмбездердің сырты бояусыз қаптама қышпен қапталды және Қазандықтың үлкен күмбезі де бояусыз қышпен қапталды.

Дегенмен, сыртқы жұмыстарда су ұстамайтын алебастрды пайдаланғандықтан біраз уақыт өткен соң-ақ жөндеу жұмысының нәтижесі жоққа шықты. Шынымен реставрация жұмысын Қазандық күмбезінің төрт қабырғалы негізінің батыс бетінде ғана жүргізудің сәті түсті, бұл жұмысты самарқандық ұста Күли Жәмилов атқарып шықты.

1945 жылдан бастап үкімет шешімімен Қазақстан территориясындағы сәулет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, зерттеу және қайта жаңғырту мен қалпына келтіру ісі ҚазССР Министрлер Кеңесі жанындағы Архитектура жөніндегі республикалық басқарма қарамағына көшірілді.



Тек 1951 жылдан бастап шын мәніндегі ғылыми реставрация жұмысы басталды. 1951—1957 жж. Өзбек ССР Министрлер Кеңесінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Арнаулы ғылыми-реставрациялық өндірістік шеберханасы (СНРПМ) ҚазақССР-мен арадағы келісім-шарт бойынша елеулі жұмыстар жүргізді. Бұл жылдар аралығында кесененің Пештағының пилондарынан басқа қабырғаларының барлығының астына іргетас құйылды. Қазандық, Қабірхана, Мешіт бөлмелерінің едендері көтеріліп төселіп, қабырғаларының сырт жағы ғасырлар бойы жиналған топырақ қабатынан аршылды. Барлық қабырғалардың сыртындағы қаптама қыштары қайта жаңғыртылды, Пештақтың артқы қабырғасындағы жарықтар мен төбе жабыны қайта қаланып жабылды. Сонымен сыртқы фасадтардың (қасбеттердің) төменгі тастан қаланған белдемше-панельдері қалпына келтірілді. Шатырды ылғалдан қорғау мақсатындағы және солтүстік портал мен фасад ойықтарындағы мозайкалық сәндеулерді реставрациялау мен Қабірхана күмбезінің түрлі-түсті ою-өрнекті қаптама қыштарын қалпына келтіру жайлы жұмыстардың толық жобасы жасалынды. Реставрация жұмыстарына сол тұстағы жетекші ғалым-сәулетшілер басшылық жасады, атап айтсақ, 1951—1952 жж. Б.Засыпкин, 1952—1954 жж. Т.Карумидзе, 1955—1959 жж. Р.Ратнер мен Л. Маньковская.

Жұмысқа басынан аяғына дейін прорабтар В.Калинин мен Б.Тәлібаев, шебер-ұсталар – А.Мұсаев, Х.Шаханов, А.Уахидов және А.Төрехановтар қатысты.

1959 жылдың ортасына дейін ескерткіштің сәулеттік-археологиялық өлшемдері тарихта бірінші рет толық жасалып бітті: сәулетшілер – Б.Железняков, Е.Осипов, А.Хусайынов пен Х.Абдуллаевтар кесененің барлық қабаттары мен шатырының; В.Ловкачев, Л.Маньковская, С.Неумывкин және И.Усманходжаевтар – кесененің ұзынынан және көлденеңінен түсірілген 24 тілме көрінісін барлық декоры мен жарықтарын қоса; Т.Карумидзе, В.Филимонов, И.Плетнев, С.Ходиева, Л.Маньковская, С.Неумывкин және В.Ловкачевтар – барлық қасбеттерінің (фасадтарының) қаптама қышпен жасалынған “өрнектерін”, мозайкалық шешімдерін, майоликалық сәндемелерін, фасадтары мен интерьерлеріндегі ағаштан ойылған бөлшектерін; С. Неумывкин – күмбездер мен жон арқа жабындарының сталактитпен көмкерілген кеңістіктерін; Б.Засыпкин – кесененің төменгі таспен қапталған бөлігін реставрациялаудың археологиялық зерттеулермен дәйектелген жобасын; Г.Никитин – Қазандық, Қабірхана, Мешіт бөлмелерінің жоғары жақтарындағы бояумен салынған өрнектерінің тазаланған көрінісін дайындап шықты. Инженер Н.Гражданкина жөндеу, реставрациялау, қайта жаңғырту жұмыстары барысында ғимараттың өн бойынан алынған құрылыс материалдарына үздіксіз лабораториялық сараптау, зерттеулер жұмыстарын жүргізіп отырды.

Осы жылдар ішінде кесенеге цементтен (бетон) іргетас орнату, ғимараттың бүйір беттерін қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Қазандық күмбезінің төрт және сегіз қырлы қабырғаларын тыстау (қаптау) жұмысы сәулетші Т.Карумидзенің басшылығымен жүргізілді. 1954 ж. ескерткіш іргетасын жапқан топырақ қабаты бастапқы деңгейіне дейін аршылды, мәдени қабаттардың қалыңдығы кей тұстарда екі жарым метрге дейін жеткен болып шықты. Бастапқы кездегі қаптама тастарды негізге ала отырып, барлық қабырғалар іргесі қалпына келтірілді. Шағын күмбездер де осы жылдары жөнделді [27].

1952—1957 жж. аралығында археолог К.А.Шахуриннің басшылығымен 1896 ж. құлап қалған және қасындағы қорған қабырғасының еріген топырағымен көміліп жатқан Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, археологтар В.Булатова, Н.Немцевалардың башылығымен қорғау аймағында орналасқан XVI—XVIII ғғ. жататын бірнеше ескерткіштер аршылып зерттелді. Құрылыстардың құрылымдарының есебін алу мен қорғау аймағын жоспарлау жобасын дайындауға инженерлер Е.Батурицкий, В.Расказовский мен В.Земляницындар қатысты.

Реставрация жұмыстарына ғылыми басшылық жасаған Б.Н.Засыпкин нысананың реставрацияға дейінгі жұмыс барысындағы және кейінгі жағдайларын тұрақты түрде құжат-



тап отыру (фотосуретке түсіру, күнделік жазып отыру, өлшемдерін алу т.б.) жүйесін қалыптастырды, осының нәтижесінде өте бағалы да көлемді архив жинақталды. Алайда 1957 ж. арнаулы Ғылыми-реставрациялық өндірістік шеберханасы жабылып, 1958 ж. Өзбек ССР-мен арада жасалған келісім-шарт бұзылды.

1960—1963 жж. аралығында реставрация жұмыстарын Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті жалғастырды (КазГострой), бірақ алдыңғы реставрациямен сабақтастық болмағандықтан, жұмыстың ғылыми-зерттеумен байланысы үзіліп, қарапайым құрылыс-жөндеу жұмысына айналып кетті. Ғимараттың қорғау аймағын абаттандыру жұмыстары барысында, электр жүйесін орнату, қоршау шарбақтар тұрғызу, кесене іргесіне бетон плиталар төсеу кезінде көптеген археологиялық нысандардың жер бетіндегі бөлігінің қиратылып, жойылып кетуіне жол берілді. Олардың кірпіштері бұзылып алынып, Пештақтың парапетін қалауға жұмсалды. Кесененің кірпіш төселген шатыры бұзылып алынып қайта төселінді, бірақ бұл кезде жон арқа жабындары кептіріліп үлгермеген болатын. Ішкі интерьерлердегі Темір заманынан келе жатқан ғаныштан, ғанышқақтан жасалынған көне сылақтар шабылып түсіріліп, әк пен цементтен жасалынған лаймен қайта сыланды. Көп өтпей-ақ ылғалдың әсерінен төбедегі және іргедегі сылақтар көтеріліп түсіп қалды. Қазандық пен Қабірханадағы аса қиындықпен аршылған құрғақ бояумен жазылған ою-өрнектер қайтадан әктеліп тасталды. Сталактиттердің ұялары оларды ұстап тұрған бекіту ағаштарының шірігендері алмастырылмастан-ақ жөнделе бастады. Кірпіштен төселген жаңа едендер де көне деңгейдегі биіктікте төселген жоқ. Реставрация мен жөндеу жұмыстарының арасындағы аспан мен жердей айырмашылық бар екендігін анық байқатқан бұл жұмыстар кесенеге зияннан басқа ештеңе әкелген жоқ. Бұл жұмыстардың тарихи-мәдени жоспарының болмауы себепті ғимарат маңындағы көнеден келе жатқан көптеген маңызды ескерткіштердің жойылып кетуіне жол берілді. Кішкене кесенелер мен мінәжат орындары, дәстүрлі тұрғын үйлер, жер астында көміліп жатқан құрылыстар қайта қалпына келтірілмегендіктен немесе сақталмағандықтан Қожа Ахмет Иасауи ғимараты масштабтық белгі өлшемдерінен жүрдай болып, сопайып жалғыз қалды.

1966 ж. Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен Мәдениет министрлігіне қарайтын Республикалық ғылыми-реставрациялық шеберхана құрылды. Реставрациялық жұмыстардың жаңа кезеңі тұңғыш рет Қазақстандық мекеменің күшімен жүргізілетін болды және мұнан бұрынғы реставрациялық жұмыстардың ғылыми-зерттеумен дәйектелмеген бағыттары ғана сабақтаса жалғасын тапты. Бұл үшін арнайы дайындалған мамандар тобын А.Н.Проскурин мен Б.Т.Тұяқбаевалар басқарды. Кесене реставрациясын аяқтаудың жоспары түзіліп, міндеттері айқындалды. Оның ең алғашқысы Арыс-Түркістан каналының әсерінен көтерілген жер асты суларының кесенеге тигізер зиянын анықтап, оны жою амалдары еді. Жер асты ылғалдылығы артқан сайын ғимараттың шоғу процесі де ұлғаюы мүмкін болғандықтан оның кесенеге тигізіп отырған әсерін үздіксіз бақылауға алу үшін қабырғалардағы барлық капилляр түріндегі жарықтарға да, ірілеріне де гипстен маяктар орнатылды.

Екінші жұмыс Түркістанда арнайы ортағасырлық технологиямен кірпіштер дайындайтын керамикалық цехтың ұйымдастырылуы еді, ол кесененің әлі жаңғыртылып үлгермеген жерлеріне арнап қаптама қыштар, түрлі-түсті бояулы өрнегі бар, шыңылтырмен қапталған сәндік қыштар, құрылыс қыштарын және т.б. дайындайтын болды. Алда барлық бөлмелердің едендерін тарихи деңгейінде қайта төсеп шығу, Қазандық, Қабірхана және Мешіт бөлмелерінің шыңылтырлы алты бұрышты қышпен қапталған панельдерін, бордюрлерін қайта қалпына келтіру, барлық эпиграфикалық жазуларды зерттеп толықтырып, аяқтап шығу сияқты т.б. көптеген жұмыстар күтіп тұрды.



Бұл жұмыстарды атқару үшін 1970 ж. реставрациялық шеберхана жанынан жобалау-смета жасау тобы құрылды да ол 1972 ж. жобалау-смета дайындау шеберханасына айналдырылды. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің тікелей басқаруындағы бұл шеберхана негізінен Әзірет Сұлтан кесенесін реставрациялауға жобалау, смета дайындау істерімен айналысты. Дайын болған жобаларды іске асыру үшін 1972 ж. Түркістан ғылыми-реставрациялық шеберханасы құрылды. Сол жылы ҚазССР Министрлер Кеңесінің 29 наурыздағы нөмірі 189-шы қаулысымен Алматыда Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарын атқаратын Мәдениет министрлігіне қарайтын Республикалық арнаулы ғылыми-реставрациялық өндірістік шеберханасы құрылды да 1980 жылы ҚазССР Министрлер Кеңесінің 4 маусымдағы нөмірі 235-ші қаулысымен бұл шеберхана Республикалық ғылыми-реставрациялық өндірістік “Қазреставрация” бірлестігі болып қайта құрылды, ал 1987 жылы бұл бірлестік Мәдениет министрлігінің Республикалық арнаулы реставрациялық “Қазреставрация” тресі болып қайта жасақталды. 1981 жылға дейін бірлестіктің құрамында болған жобалау-сметалық шеберханасының негізінде 1981 жылы тарихи-мәдени ескерткіштерді консервациялау және реставрациялау жөніндегі жобалау “Казпроектреставрация” институты ашылды.

“Қазреставрация” арнаулы тресі бірте-бірте бір мақсаттағы реставрациялық өндіріс орындары жинақталған өте ірі трестке айналып, 1993 жылға дейін 19 облыс орталықтарында және Түркістан, Жаркент қалаларында жеке-жеке өндірістік жаңғырту шеберханаларын ашып, жұмысы жақсы жолға қойылды. Осы жұмыстардың барлығы бұл күндері дүниеден өткен үлкен ғалым-этнограф, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен және ұйымдастырушылығымен атқарылды. Өткен жылдар аралығында “Қазреставрацияға” қарасты арнаулы шеберханалар мен кәсіпорындар арқасында Қазақстанда орналасқан 300-ден аса республикалық және облыстық дәрежедегі тарихи-мәдени ескерткіштер толық қайта жаңғыртылды, қайта қалпына келтірілді және айналасы абаттандырылып, оларды дұрыс пайдалану ісі жолға қойылды. “Казпроектреставрация” жобалау институты, Ә.Марғұлан атындағы Археологиялық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен т.б. көптеген мекемелер бірігіп жүргізген барлау, зерттеу, тіркеу, есепке алу, архив жинақтау, ескерткіштер жинағын шығару жұмыстары да бірізге қойылып, нәтижесінде 25 мыңнан астам жылжымайтын ескерткіштер бары анықталды, бұл жұмыс әлі күнге жалғасып, жылма-жыл ескерткіштер көлемі анықталып арта түсуде. Осы ескерткіштердің 18,5 мыңы есепке алынып, 13,5 мыңы төлқұжаттандырылды, ал 8 мыңнан астамы мемлекет қорғауына алынып, 209-ы республикалық дәрежедегі ескерткіш есебінде құжатталды. Мұнан басқа 89 мемлекеттік музейлердің экспозициясы мен қорларында 2 млн. 56 мың данадан асатын мәдени, тарихи құндылықтар, ал кітапханаларда 66 млн. 840 мың том кітаптар мен сирек қолжазбалар сақталуда. “Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштері шежіресінің” Оңтүстік Қазақстан (1994 ж.) және Жамбыл облыстарына (2002 ж.) арналған томдары шығарылды, ал Ахмет Иасауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу орталығы (М.Елеуовтың басқаруымен) Оңтүстік Қазақстан облысының археологиялық картасын дайындап бастыра бастады. Алғашқы томы Түлкібас ауданына арналған (2004 ж.), келесі томы Түркістан ауданы жайлы болмақ. Университеттің Тұран археологиялық экспедициясы 2002–2004 жж. аралығында Түлкібас ауданынан – 141, Түркістан ауданынан – 158, Қызылорда облысының Шиелі ауданынан – 56, Жаңақорған ауданынан – 76 ескерткіш ашқан және бұлардың көбі ғылымға бұрын белгісіз болатын [28].

Ал “Әзірет Сұлтан” қорық-музейі мен Археология институты бірігіп ұйымдастырған Түркістан археологиялық экспедициясы 1996–2005 жж. аралығында бұрын ғылымға белгісіз, еш жерде тіркелмеген 20 қала мен қоныс және 220-дан аса кәріз құдықтар



жүйесін ашып зерттеген, мұның барлығы бір Түркістан ауданында ғана. Облыстың мұралары енгізілген “Шежіреде” бұл ауданнан 35 қала мен қоныс қана тіркелген болса, олар қазір 100-ден асып отыр, ал көріздерден тек Сауран маңындағы екі-ақ көріз жүйесі белгілі болатын [29]. Мұның барлығын айтып отырған себебіміз – Қазақстан территориясында әлі де мыңдаған ескерткіштердің есепке де, тіркеуге де, қорғауға да алынбай отырғандығына көпшіліктің, қоғамның, мемлекеттік ұжымдардың көңілін аудару.

Біз жоғарыда 1972 ж. Түркістан ғылыми-реставрациялық шеберханасының құрылғанын айтқанбыз. Осы мекеме тәжірибе жинақтай келе республикадағы бірден-бір нағыз ортағасырлық технологияны игерген, соны пайдаланып өнім шығаратын өндіріс орнына айналды. Сол жылдардан ғылыми-зерттеу жұмысын басты құрал еткен бұл мекеме жұмысқа көптеген архитекторларды, археологтарды, химик-технологтарды тарта білді. Сол жылдары мекемені басқарған Б.Т.Тұяқбаева мен сәулетші А.Н.Проскурин жұмысқа химик-ғалым С.С.Тәжібаеваны шақырып, Әзірет Сұлтан кесенесінің бояулы қаптама қыштарының құрамын зерттеуі үлкен табыс әкелді. Нәтижесінде шыңылтырмен қапталған бояулы (майолика, керамика) қыштардың да, бояусыз құрылыс қыштарының да, оларды біріктіріп тұрған ерітінді (раствор) құрамдарын да, тіпті бөлмелердегі сылақтардың да құрамы ғана емес, оның жасалу технологиясын да анықтаудың және оларды дайындаудың сәті түсті. Сапасы мен төзімділігі, беріктігі, бояуларының түсі көне кірпіштерден кемшін түсіп жатса да бұл үлкен табыс болатын, сонымен бірге түс жағын алатын болсақ, реставрацияның басты мақсаты ескіні дәлме-дәл, адам да, құрал да айыра алмайтындай етіп қайталау емес, керісінше, жаңасы ескісінен сәл де болса өзгешілігінің арқасында байқалып тұруы тиіс екендігін де ұмытпауымыз керек. Аты аталған кісілердің ерен еңбегі арқасында 1951—1958 жж. арасында жүргізілген кесенедегі реставрациялық жұмыстардың бітпей қалғандары 1982 жылы толық аяқталды, сонымен бірге кесене айналасындағы көптеген ортағасырлық ескерткіштер қайта қалпына келтіріліп, кешенді ескерткішке айналды. Солардың ең алғашқыларының бірі XVI—XVII ғғ. жататын белгісіз кесененің жер астындағы бөлігі еді, бұл 1977 жылы жер тегістеу жұмыстары кезінде кездейсоқ ашылып, археологтар Л.Б.Ерзакович, Б.Нұрмұханбетов пен сәулетші А.Ордабаев түгел аршып зерттеген ескерткіш болатын [30]. Кесенеден батысқа қарай 45 м жерде орналасқан бұл ескерткіш жанұялық мүрдехана (склеп) деп аталады, оның үстіне кесене тұрғызылуы тиіс, бірақ жер бетіндегі бөлігі бізге дейін жетпеген. Кесенені бұзған адамдар оның астыңғы мүрдехана бөлігінің оңтүстік-шығыс қабырғасын және күмбезді жауып тұрған тегіс төбе жабынын да бұзып алыпты, міне, осы жоғалған бөлігін өзінікіндей кірпіштермен қайта қалпына келтіруді **реинтеграция** дейді. Бұл жұмыс 1980 жылы іске асырылды, ал 2000 жылы қайта жаңғыртылып, айналасы абаттандырылып, музей құрамына енгізілді.

Екінші бір ескерткіш Есім хан кесенесі деп аталатын XVII—XVIII ғғ. ескерткіші. Мұны 1958 жылы археолог Н.Б.Немцева зерттеп, не Есім ханның, не Жәңгір ханның кесенесі болуы мүмкін – деген болатын [31]. Бұл кесененің де жер астындағы мүрдехана бөлігі жақсы сақталған, ал кесененің жер бетіндегі қабырғаларының жарты метрге көтерілген бөлігі сақталып қалған. Мұның да жоғалған жоғарғы қабырғаларын 3,5 метрге, ал порталының пилондарын 4,0 метрге дейін өзінікіндей қыштарды дайындап реинтеграция жасау арқылы көтерудің сәті түсті. Күмбездің құрылысы белгісіз болғандықтан, кесене толық қалпына келтірілген жоқ, алайда ұзақ жылдарға созылған зерттеулер нәтижесінде ескерткішті ежелгі қалпына келтірудің жобасы дайындалды, мамандар сараптамасынан өтіп, бекітілсе Есім хан кесенесінің толық бейнесін де көретін күн алыс емес.

Үшіншісі, XV ғ. салынған Түркістандағы ең бір үздік сәулет ескерткіші болып саналатын Рабия Сұлтан Бегім кесенесі. Тарихшылардың айтуынша, құрылыс 1495 жылға



дейін тимуридтердің билігі тұсында немесе 1510—1530 жылдар арсында Шайбани мемлекетінің билігі Рабияның ұлдары Сүйініш пен Көшкінші хандардың қолында болған кезде салынуы мүмкін [32]. Кесене 1896 жылы әбден ескіріп құлап түседі де оның кірпіштері Әзірет Сұлтан кесенесінде ХХ ғ. басында жүргізілген жөндеу жұмыстарына жұмсалады. Ескерткішті 1954 ж. археолог К.А.Шахурин ашып зерттеген [33]. Бұл кезде құрылыстың тек жер астындағы мүрдехана бөлмесі мен кесене қабырғаларының 3 метр-дей биіктікке дейінгі бөліктері ғана сақталған болып шықты, солай бола тұра ХІХ ғ. түсірілген фотосуреттер мен гравюраларға, архитектуралық зерттеулерге сүйеніп, оны толық қалпына келтірудің жобасы жасалынды. 1980 жылы басталған толық қалпына келтіру (воссоздание) жұмыстары 1989 жылы аяқталды, ал кесенені қоршай орналасқан қосалқы бөлмелердің қабырғалары жерден 2 метр биіктікке ғана келтірілді, бұл реставрация заңын сақтаудан болған қажеттілік еді. Кесене күмбезі мен барабандағы шыңылтырлы, бояулы қаптама қыштар, т.б. бөліктері 2000 жылы қайта жаңғыртылды.

Кесенелермен қатар осы жылдары діни құрылыстар да зерттеліп, түрлі реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Солардың бірі – Шілдехана жер асты мешіті, суфистердің 40 күн шілдеде діни әдет-ғұрыптар өткізетін бұл құрылыс нысаны Әзірет Сұлтан кесенесінен солтүстік-батысқа қарай 22 м жерде орналасқан. Құрылыс ХІV—ХV ғғ. салынған деп есептеледі, уақыт өте келе қирап көміліп қалған ескерткішті 1958 ж. Н.Б.Немцева, 1972—1973 жж. Т.Н.Сенигова аршып зерттеді [34]. Тек төрт қабырғасымен кіреберіс дәлізі сақталған ескерткіш 1980 жылы реинтеграцияланып барып бекітілді (консервация). Ал 2000 жылы жиналған материалдар негізінде жобасы дайындалып, толық қалпына келтірілді және айналасы абаттандырылды.

Келесі ескерткіш – Үлкен Халуат жерасты мешіті болатын, бұл құрылыс кесенеден оңтүстікке қарай 150 м жерде орналасқан. Өте күрделі бұл құрылыстың негізі ХІІ ғ. қаланып, уақыт өте келе 18 бөлмеден тұратын үлкен жерасты мешітіне айналады. Зерттеушілер ХV—ХVІІІ ғғ. екі рет кеңейтіліп қайта салынған деп есептейді [35]. 1942 жылға дейін аман сақталған бұл құрылысты Ұлы Отан соғысы жылдары Түркістанда май сығатын зауыт салу үшін қабырғаларын бұзып, кірпіштерін алады да тек ортадағы Мешіт бөлмесі мен жер астындағы Ғар бөлмелері қалдырылады. Бұзардан бұрын мүсінші А.Л.Шмидт бұл жартылай жерасты құрылысының макетін қағаз, картон, фанераны пайдалана отырып жасап шығады. Өте дәлдікпен сапалы жасалған макет 1980 жылдары оны қайта қалпына келтіруде (реконструкция-воссоздание) баға жетпес жәрдем берді. Кең түрде жүргізілген археологиялық зерттеулер негізінде барлық қабырғаларының іздері, едендері аршылып, ғасыры анықталды. Ғар бөлмесі шын мәнінде ХІІ ғ. салынған болып шықты және қалған бөліктері де бірнеше рет бұзылып, үлкейтіліп отырғандығы белгілі болды [36]. Мұны қазіргі күні толық қалпына келтірілген оңтүстік-шығыс бөлігінен және жартылай қалпына келтірілген солтүстік бөлігінен көруге болады. Құрылыстың оңтүстік жартысы 1985—1990 жылдары аралығында тұрғызылса, солтүстік бөлігі 1999—2000 жылдары қайта қалпына келтірілді. Мұнда тұңғыш рет анастилоз әдісі қолданылып, археологиялық қазба кезінде табылған кірпіштерден “Тахаратхана” бөлмесінің едені мен ортадағы су жиналатын, жуынатын құрылысы және ғ 13, 14, 15, 16, 17, 18 бөлмелердегі ХV, ХVІІ, ХVІІІ, ХІХ ғғ. жататын едендер қайта қалпына келтірілді. Анастилоз әдісі шашылып кеткен, құлап түскен және көміліп қалған құрылыстарды аршып зерттеу барысында табылған бөлшектерін өз орнына қою арқылы қайта қалпына келтіру екенін біз жоғарыда айтқанбыз. Осы әдісті қолдану арқасында ХVІІІ, ХІХ ғғ. Халуат мешітінің су жылытатын ошақтары, қыштан төселінген едендері де қалпына келтірілді.

Тығы бір ХІІ ғасырда салынған жерасты құрылысы — Әулие Құмшық Ата мешіті болып табылады. Бұл мешітті алғашқы рет 1972 жылы археолог Т.Н.Сенигова аршып зерттеген болатын [37]. Қазба жұмысынан соң 80 пайызы бүтін шыққан бұл құрылыс



қараусыз қалып, жергілікті тұрғындар түгелге дерлік бұзып алып кеткенді. Тек төменгі 4 қатар кірпіш қабырғалары қалған ескерткішті қайта қалпына келтіру жобасы 1979 жылы дайындалып, 1985 жылы іске асырылды. Археологиялық зерттеу кезінде жасалған сызбалар, фотосуреттер оны дәл өзіндей етіп тұрғызуға негіз болды. Ұзындығы 16 метрлік жерасты мешіті XI—XII ғғ. салынып, XX ғ. басына дейін халыққа қызмет еткен, мұнда негізінен сопылар діни-әдет ғұрып өткізіп отырған. 2000 жылы құрылыстың айналасы абаттандырылып, ашық аспан астындағы музей экспозициясына енгізілді. Бұл жұмысты да қайта қалпына келтіру (реконструкция) әдісіне жатқызамыз.

Ендігі бір 80-ші жылдарғы реставрация жұмысында атқарылған ірі жұмыс деп қала аркінің (цитаделінің) қорған қабырғасының солтүстік-шығыс бетінің қайта қалпына келтірілуін айтамыз. Бұл ескерткішті 1973 ж. Т.Н.Сенигова археологиялық қазба арқылы зерттеген болатын [38]. Қазба қорған қабырғасының сақталған биіктігі 180 см, табанының ені – 190 см екендігін және оның биік топырақ жалдың үстіне салынғандығын көрсетті. Жалпы биіктігі 10 метрге дейін баратын қорған қабырғасының бұл бетінің ұзындығы 90 метрге жететін. Екі бұрышындағы мұнаралары мен қақпасының орыны 1978—1979 жылдары зерттелді [39]. Осы жылдары оңтүстік-шығыс қабырғасы да стратегиялық шурфтар салу арқылы зерттеліп, қабырғаның сақталып қалған биіктігі – 2,8 м, сыртының еңістігі – 79 градус екендігі анықталды. 1983—1984 жж. солтүстік және солтүстік-батыс қабырғалары зерттеліп, арктің қорғаны бес бұрышты болып келетіндігі дәлелденді [40]. Қорған қабырғасының өлшемдері: СБ беті – 130 м; СШ – 90 м; ОБ – 200 м; ОШ – 130 м және солтүстік беті – 90 метрге тең болғандығы анықталды. 1988—1989 жж. қорған қабырғасының ішкі құрылымдары зерттеліп, қала еркін толық қайта қалпына келтіруге жеткілікті ғылыми материал жинақталды [41]. Дегенмен 1980 жылы арк қорған қабырғасының тек солтүстік-шығыс беті мен қақпасы ғана тұрғызылды, ал қалған бөліктерін толық қайта қалпына келтіру 1998—2000 жылдары орындалды.

Осы жылдардағы таза реставрация – қайта жаңғырту жұмысы деп XVI ғ. салынған Шығыс моншасын айтуға болады. Бес күмбезді, жартылай жерге көмілген бұл құрылыс 1580—1593 жж. Бұхара ханы II Абдолланың тұсында салынған болуы керек. Содан 1975 ж. дейін тоқтаусыз жұмыс істеген бұл ғимарат мемлекет қорғауына алынып, қас бетіне кіреберіс дәліз, бастырма қосылып, айналасы абаттандырылып, 1979 ж. мұражайға айналдырылды [42].

Осындай қайта жаңғырту жұмысы XII ғасырдағы Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың жанұясы тұрған үйдің орнына XIX ғ. аяғында тұрғызылған Жұма мешітіне де жүргізілді. Халуат мешітінің оңтүстік-батысына орналасқан бұл құрылыс сопыларға қызмет еткендіктен басқа мешіттердегіге қарағанда михрабы өзгешелеу сәнделген. Іргетасынан бастап саз кесектен қаланған құрылыс 1980 жылы қайта жаңғыртудан өткізіліп, “Археология музейі” ретінде ашылды. Әбден тозып, ағаштарын термиттер жеп, қауіпті жағдайға келген соң бұл құрылыс 2000 ж. бұзылып толық қайта қалпына келтірілді.

Жоғарыдағы деректерден байқағанымыздай, 1972—1982 жылдар аралығы Қазақстан реставрациясының қалыптасу кезеңі болды, дегенмен осы қысқа мерзім ішінде-ақ өндіріс пен өнерді, ғылымды ұштастыра білген төл реставраторларымыз бұл өнердің әртүрлі әдістерін толық меңгеріп қана қоймай жалғызсырап тұрған Әзірет Сұлтан кесенесін қоршай орналасқан оншақты ескерткішті қайта қалпына келтіріп, тарихи ортаны, сәулеттік құрылыстар кешенін регенерация жасап, өмірге қайта әкелді. Бұл Қазақстан реставрациясының көрші елдерге өзін мойындату еді, ендігі жерде өз ғалымдарымыз, өз инженерлеріміз бен өз жұмысшы-шеберлеріміз, өз мектебіміз арқасында-ақ кез келген ескерткішті қайта жаңғыртуға құқымыз да, мүмкіндігіміз де бар елге айналдық.

80-ші жылдар негізінен Әзірет Сұлтан қорық аймағындағы қалпына келтірілген, қайта жаңғыртылған ескерткіштердің кем-кетігін түзету сияқты істермен және қала аркінің



қорған қабырғасының оңтүстік-шығыс, солтүстік, солтүстік-батыс бөліктерінің іргетасын, төменгі қабатын қайта қалпына келтіру жұмыстарына бағытталды. Рабия Сұлтан Бегім кесенесі мен Әзірет Сұлтан кесенесінің солтүстік-батыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктерін қоршай орналасқан арк қорған қабырғасының ізімен қорғанның төменгі (биіктігі – 2,5–3 м) бөлігі қайта қалпына келтірілді.

Осы жылдар ішінде (1980–1990 жж.) тек Түркістанда ғана емес, Қазақстанның басқа қалалары мен облыстарында 250-ден аса республикалық және облыстық дәрежедегі тарихи-мәдени ескерткіштер қайта жаңғыртылды, айналасы абаттандырылып, оларды дұрыс пайдалану ісі жолға қойыла бастады. Мысалға солардың бірнешеуін атап өткен дұрыс болар, олар: Алматы қаласы бойынша XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына жататын ағаштан салынған сәулет өнерінің бар жетістігі табылатын (модерн) – Үш класты Верный қаласының гимназиясы, БҚылас атындағы халық аспаптар музейі орналасқан бұрынғы Офицерлер үйі, көпес Ғабдуалиевтің үйі – “Қызыл-Таң” мата дүкені, көпес Шахворостовтың үйі, баубақша өсіруші ғалым – Баум үйі, көпес Гавриловтың үйі – бар-жоғы 13–15 ғимарат жаңғыртылып, қайта қалпына келтіріліп, онда мәдени, ағарту, кітапханалар және ғылыми мекемелер орналасты. Алматы облысы бойынша Жамбыл кесенесі мен мемориалдық музей кешенінің ғимараттары мен т.б., Қызылорда қаласында орналасқан Айтбай мешіті кешенінің қарамағына кіретін ғимараттармен бірге облыстарда Сырлы-Там, Ақтас, Айқожа, Болған ана, Бегім ана кесенелері мен мешіт-медреселері сияқты ондаған басқа да мәдени-тарихи мұралар, Жамбыл облысы бойынша Шоқай датқа, Сыпатай батыр, Ноғай ишан мешіт-медреселері мен кесенелері, Жезқазған облысы бойынша Жұбан ана, Домбауыл, Аяққамыр, Жүзден кесенелерімен бірге т.б. мұралар, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау және басқа да облыстардың әрқайсысында 10–12 тарихи, сәулеттік және рухани маңызы бар ескерткіштер қалпына келтіріліп, ел игілігіне тапсырылған болатын.

Жоғарыда айтылған жылдар ішінде ескерткіштерді ғылыми-зерттеу, жобалау және іс жүзінде жаңғырту бойынша зор тәжірибе жинақталды.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, жаңғырту және пайдалану саласында жұмысшы-реставратор, сәулетші-жобалаушы және басқа да мамандықтар бойынша кадрлар оқытылып, даярланды. Сол жылдары ескерткіштерді ғылыми-зерттеу және жобалау институтында (“Казпроектреставрация”) 200-ге жуық адам, Республикалық арнаулы жаңғырту тресі “Казреставрация” кәсіпорнында және оның облыстардағы бөлімшелерінде 1500-ден астам мамандар жұмыс істеді.

Қазақстанның егемендік алып, алғашқы қабылдаған заңдарының ішінде “Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы” Заң 1992 жылдың шілдесінде, ал “Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы” Заң 1993 жылдың қазан айында бұхаралық ақпаратта жарық көрді. 1995 жылдың наурыз айының 10-нда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен “Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражай қоры туралы” Ереже бекітілді.

18 тарихи қалалардың (Түркістан, Тараз, Алматы, Семей, Орал, Өскемен, Шымкент, Петропавл және т.б.) тіректі тарихи-сәулеттік және қала тұрғызу жоспарлары, ескерткіштерді мемлекеттік қорғау аймақтарының жобалары әзірленді.

Алайда 1993–1996 жылдар елдің тарихи-мәдени мұрасы мен қорғау-жаңғырту мекемелері үшін ең ауыр жылдар болды деп айтуға болады.

Ескерткіштерді қорғау және жаңғырту жұмыстарын қаржыландыру күрт қысқарды. Мәдениет субъектілері олардың орналасқан жері бойынша 1995 жылғы 4 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жергілікті атқарушы органдардың қарамағына өтті. Сол кездегі жүргізілген “оңтайландыру” және “экономикалық



үйлесімділік” науқаны тұсында тарихи-мәдени қорықтардың ахуалы өте нашарлады, облыстық мәдениет басқармаларына қарайтын ескерткіштерді қорғау инспекцияларының көпшілігі таратылды, ал бұрынғы республикалық арнаулы жаңғырту “Қазреставрация” тресінің қарамағындағы 19 облыстық ғылыми-жаңғырту өндірістік шеберханалары өздерінің қарамағына өткен соң жергілікті атқарушы органдардың шешімімен басым көпшілігі жекешелендірілді, біразы арзан бағаға сатылды. Аман қалған “Қызылордареставрация”, “Алматы жаңғырту және жөндеу құрылыс басқармасы”, “Оралреставрация”, “Талдықорғанреставрация” мен “Целиноградреставрация” өндірістік ғылыми-жаңғырту шеберханалары өлместің күнін көріп қалды. Бұлардан басқа да мәдениет саласында көптеген жат өзгерістер болды. Егеменді еліміздің енді аяққа тұрып, нарықтық экономика заңдарын жаңадан үйреніп, бүкіл елімізде жүріп жатқан реформалар тұсында білместіктен орын алған асырасілтеушілік пен қателіктерді енді ары қарай тізе бермей, онсыз да мұның көпшілігі бұхаралық ақпараттардан белгілі болғандықтан, Әбіш Кекілбаев ағамыздың Сауытбек Абдрахмановпен “Егемен Қазақстан” газетінің 2002 жылдың 8 ақпанында жарияланған сұхбатында “... біз саяси реформаны 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін бастасақ, экономикалық реформаны 1995 жылғы референдум арқылы қабылданған жаңа Ата заңымыз, соған негізделген 1997 жылғы “Қазақстан — 2030” Стратегиясы жасақталған соң ғана сындарлы арнаға түсіре алдық. Президенттік республикаға өтіп, мемлекеттік реформаны үйлестіру құқығын заңдастырған соң ғана экономикалық реформа қуатты серпін алды”, — деп айтқан еліміздің экономикасындағы айқын бетбұрыс болған 1997 жыл еліміздің тарихи-мәдени мұраларын зерттеу, сақтау, жаңғырту, қорғау жүйесіне де оң өзгерістер әкелген жыл болды, енді солардың негізгілеріне тоқтала кетейік.

Міне, осы 1997 жылдан бастап Мәдениет комитетінің жаңа басшылары мен тарихи-мәдени мұраны жаңғырту саласына қайта шақырылған мекеме басшылары өз күштерін бұрынғы таратылған “Қазреставрация” тресінің негізінде қайта құрылған РМК “Республикалық мемлекеттік құрылыс-жөндеу және жаңғырту басқармасын”, Материалдық мәдениет ескерткіштерін жобалау институтын, жекешелендіруден аман қалған облыстық жаңғырту шеберханаларын ғылыми-зерттеу, жобалау, жаңғырту, қайта қалпына келтіру, сақтау жұмыстарына жұмылдыруға, облыстардағы мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайларын, өлкелік және облыстық музейлер мен кітапханаларды мүмкіндігінше сақтап қалуға, музей қойылымдарын (экспонаттарын) заман талабына сай жаңартуға, жаңа музейлер ашуға, кітап қорын сақтауға және оқырмандармен жұмысты жақсартуға бағыттады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы Жарлығына сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерінде жүргізілетін археологиялық және жаңғырту жұмыстары лицензиялануға жататын болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы ақпан айының 27-дегі Жарлығымен Қазақстан Республикасының “Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын кұру” атты мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл мемлекеттік бағдарламаның мазмұнының Қазақстан үшін, оның халқы үшін ең маңыздылығы еліміздің барлық тарихи, мәдени ескерткіштерінің кем дегенде 70 пайызын құрайтын далалық деп аталатын ескерткіштерді сақтап қалуға баса назар аударылуы еді.

Осы ұлан байтақ Қазақстан даласында шашырап, ең жақын дегені елді мекеннен ондаған, жүздеген шақырым алыс жатқан, табиғатпен етене бірлікте алып тарихи-мәдени ландшафтар қалыптастыратын көшпенді елдердің археологиялық және сәулет ескерткіштері Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының бас қазынасы — Әлемдік мәдени және табиғи мұраның ажырамас бір бөлігін құрайды.



Бұл ескерткіштердің көпшілігі діни және мемориалдық объектілер болып табылады, сондықтан да жаңа нарықтық экономикалық жағдайларда тиісті орнын таба бермейді. Кейбір Үкімет органдарының көзқарасы бойынша “пайдасыз” болса да ата-бабаларымыздың аруағы үшін, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін оларды қорғап, сақтап, жаңғыртып, келер ұрпаққа тапсыру бәріміздің міндетіміз. Бұған қоса еліміздің жоғарыда айтылған 1992 жылы қабылданған “Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану” туралы Заңында “Тарихи-мәдени мұра халықтың тарихи тағдырының аса маңызды айғағы ретінде, оның бүгінгі және болашақта дамуының негізі және сөзсіз шарты ретінде, бүкіл адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді, Қазақстан Республикасында мұны қамтамасыз ету барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың адамгершілік борышы және осы Заңмен белгіленетін міндеті болып табылады”, — деп жазылған.

Тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, жобасын жасау, жаңғырту, консервациялау, музейлендіру және айналасын көріктендіріп, абаттандырумен бірге оны пайдалану барысында барлық мұраның рухани тәрбиелік мәніне, тарихи маңызына көңіл аударатырып, саяси және экономикалық тиімділігін де ұмытпағанымыз жөн. Ол үшін олардың мәдени туризм маршруттары жүйесінде өз орындарын алуы керек, нақты айтсақ, ескерткіштердің Қазақстан тарихында алатын орындары мен ерекшеліктерін ескере отырып туристік инфрақұрылым жасауға уақыт жетті.

90-шы жылдар да өз ерекшеліктерімен есте қалды, атап айтсақ, сол кездегі ҚазақССР-і мен Түрік Республикасы арасында жасалынған келісімшарт бойынша Қожа Ахмет Иасауи және Арыстанбаб кесенелерін қайта жаңғырту еді. 1990 жылдың 5 желтоқсанында қол қойылған бұл келісімшарт бойынша “Вакиф Иншаат” фирмасы Әзірет Сұлтан кесенесінің іші-сыртын қайта жаңғыртумен, ал СТФА “Темел Арыстармаши” фирмасы іргетасын нығайтумен айналысатын болды.

“Вакиф Иншаат” фирмасы түріктің басқа да фирмаларын жұмысқа шақырып, жерасты суларын жинақтайтын дренаж жүйесін ретке келтіру, бір түсті шыңылтырмен қапталған қыштарды Түркияда дайындау сияқты істерді де атқарумен айналысты. 1993 ж. басталған жұмыс 2000 ж. дейін созылды, шын мәнінде келісімшартта аталмаған көптеген қосымша жұмыстар да іске асырылды. Атап айтсақ, барлық уақыт кесенені зерттеушілердің басты назарында болған ескерткіш бөліктерінің шөгу процесі, жерасты сулары мәселелері біржақты шешілді. Әсіресе кеңес дәуірінде “Тамыртекес тіреу-қазықтар” (Корневидные сваи) деп аталатын технологияны пайдалану ірі жетістік болды. Түрік фирмасының күшімен кесененің барлық қабырғаларының екі жағын да әр метр сайын тереңдігі 15 метрге жуық диаметрі — 10–12 см құдық-шұқырлар арнайы бұрғымен қазылды. Олардың 7 метрі топырақ қабатын, қалған бөлігі құмтас қабатын тесіп өткен болатын. Осындай 1500 шұқыр (шурф) бұрғыланып, ішіне темір біліктер орнатылып, арнайы сұйық бетон 350–400 атмосфералық қысыммен енгізілді. Мұндай енапат қысымнан тас қабатындағы шұқыр диаметрі 20–40 сантиметрге, ал топырақ қабатын тесіп өткен шұқыр диаметрі 80–90 см кеңеюі тиіс еді. Жерасты сулары бетон қазықтар бойымен жоғары өрлемес үшін сульфатты қышқылдар мен тұздарға төзімді цемент түрі пайдаланылды. Сонымен бірге, қабырғалардың іргесі ұзына бойына екі жағынан үштен бір қалыңдығындай тереңдікке, ал биіктігі 80 см дейін ойыла шабылып шықты және осы жұқартылған қабырғаға әр қазықтың тұсынан екі қабат рельс балка сыйып кететіндей тесіктер жасалды. Рельстер қазықтардың үстіне құйылған арматуралы бетон іргетасқа отырғызылды [43].

Бұл кезде 1985 жылдан бастау алған Түркістанның 1500 жылдық мерейтойын өткізу қызу әңгіме болып жатқан болатын. Түрік ағайындар кесенені тойға дайын еткенімен негізі 1980 жылдары қайта қалпына келтірілген, арада өткен 15 жыл ішінде біршама



ескіріп, тозған басқа ғимараттарды, кесененің қорғау аймағын қайта жаңғырту қажеттігі туды. Мерейтойды өткізу мерзімі бірнеше рет кейінге шегеріліп, ақыры 2000 жыл болып нақты белгіленді.

1993—1994 жылдары “Казреставрация” тресі жабылып, оның орнына Мәдени мұра департаменті ашылып, 1995 жылы ол да жабылып, треске қарайтын 19 облыстағы арнаулы жаңғырту шеберханалары мен оның өндірістік базалары облыстық атқару органдарының қарамағына өткен болатын, артынан олардың 14—15-нің біразы сатылды, жекешелендірілді, қалғаны таратылып кетті.

1979 жылы осы салаға Кентау қаласындағы “Мырғалымсайсвинецстрой” тресінің құрылыс жүйесінде істеп жүрген жерімнен Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың шақыруымен келіп, алғашында “Казреставрация” бірлестігінің өндірістік бөлімін, 1980 жылдан Алматы арнаулы жаңғырту басқармасын, 1988 жылдан “Казреставрация” тресін басқарып келген менің өзім де 1993 жылдың күзінде жұмыстан босауға мәжбүр болған болатынмын.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мәдениет министрі болып бекітілген Т.А.Мамашев мырза өзінің алдында осы мәдениет саласында қызмет атқарған басшылармен және ардагерлермен ақылдаса отырып, тарихи-мәдени мұраны сақтап қалу, қорғау және жаңғырту жүйесінде бұрын жұмыс істеген адамдардың ішінен мені Мәдениет министрлігіне қарасты қайта құрылған “Республикалық құрылыс-жөндеу және жаңғырту басқармасына” жұмысқа шақырды. 1995—1997 жылдары бұрынғы “Алматыреставрация” жаңғырту басқармасының кеңсесі мен өндірістік базасын тәртіпке келтіріп, мамандарды қайта жинадық (өйткені “Казреставрация” тресінің 1974—1975-нші жылдары Үкімет қаулысымен Алматыдағы Рысқұлов көшесіндегі арнайы салынған ғимараты мен өндірістік базалары ол кезде жекешелендіріліп кеткен болатын). Сол екі-үш жылда Алматы қаласында және облыста 9—10 тарихи-мәдени орындарды жаңғырту және жөндеу жұмыстарын орындап, түскен азын-аулақ қаржыға ағаш өңдеу цехын, түрлі-түсті металдан құю және тас қашау цехтарына қажет станоктар мен жабдықтар, 4—5 жүріп тұрған ескі (жаңаға шамамыз жетпейтін еді) автокөліктер мен тракторлар сатып алдық және басқа да техникалық мүмкіндіктерімізді арттыруға қатысты жұмыстар атқардық.

1997 жылдың аяғында И.Н.Тасмағамбетов Вице-премьерлік қызметімен қоса Мәдениет, денсаулық және білім министрі қызметін атқарып жүргенде Түркістан қаласында болып, сол кезге дейін созылып келе жатқан Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойының дайындық жұмыстарын тез арада бастау керектігін ескертті және сол жылы “Әзірет Сұлтан” қорық-музейінің құрамына кіретін жиырмаға жуық тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, жөндеу, консервациялау, қайта қалпына келтіру жұмыстары мен қорық-музейге қарасты 80 гектардан асатын мемлекеттік қорғау аумағын көріктендіру, музейлендіру, жарықтандыру мен аяқ жолдар салу үшін алғашқы 100 млн. теңгені Үкіметіміздің шешімімен бөлдірді.

1998 жылдың ақпан айында Мәдениет, денсаулық және білім министрлігінің Мәдениет департаменті (бұл кезде Мәдениет департаменті құрылған болатын) Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына қатысты жұмыстарға тендер өткізді. Бұл тендер комиссиясына сол кездегі Экономика және қаржы министрліктерінен мамандар қатысты. Оған біздің кәсіпорын да қатысып, мерейтойға қатысты тарихи-мәдени мұраларды жаңғырту, сақтап қалу (консервациялау), қайта қалпына келтіру және музейлендірумен қатар олардың айналасын көріктендіру, жарықтандыру және тағы басқа да жұмыстарын жеңіп алды. Әрі бұл іске облыстардағы бұрынғы жекешелендіруден, сатылудан аман қалған “Қызылордареставрация” мен “Талдықорғанреставрация” шеберханаларын да қатыстыруға рұқсат алдық. Бұл әрекет бұрынғы өз шеберханаларымыздың мамандарын жұмыспен қамтамасыз ету, әрі өндірістік базаларын сақтап қалу үшін өте керек еді.



Мұнан кейінгі Түркістандағы мәдени-тарихи мұраларға қатысты атқарылған жұмыстардың барлығы біздің кәсіпорынның күшімен атқарылғандықтан, оған аздап қана тоқталып өтейін.

Бұл жұмыстарды бастар алдында басқармамыздың Түркістан қаласында жеке балансы, негізгі айналым қоры, аздап техникасы, өз есепшоты мен мөрі бар филиалын аштық. Түркістан қаласының сол кездегі әкімі С.Сүгірбаев мырзаның көмегімен және бұрынғы “Түркістанреставрация” шеберханасының мамандарымен және бастығының (Әбдіхалық Халилаев) арқасында сатылмай сау қалған ескі цехтарын алдық. Ол цехтардағы арнаулы қыш күйдіретін пештерді, диірмендерді, лай илейтін, қыш кептіретін және т.б. жабдықтарды толық жөндеуден өткізіп, жұмысқа дайындадық. Сөйтіп 2000 жылдың Үкіметіміз белгілеген 20 қыркүйегінде өтетін Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына “Әзірет Сұлтан” республикалық қорық-музейінің құрамына кіретін жиырмаға жуық тарихи-мәдени орындарды толық қайта қалпына келтіріп, жаңғыртып, сақтап қалу технологияларының жаңа тәсілдерін қолданып, консервациялап т.б. мұражайға қатысты істерді атқарып, барлық мұралардың айналасының көріктендіру жұмыстарын аяқтап, мемлекеттік комиссияға тапсырдық. Атап айтқанда: Рабия Сұлтан Бегім кесенесі; архитектор Шмидтің 1942 жылы жасап қалдырған макетіне қарап қалпына келтірілген 800 шаршы метр жерді алып жатқан жартылай жерасты Халуат мешіті; 1952 жылы бұзып, қышынан май зауыты мен қыш зауытын салған, бірақ бұзар алдында архитектор Засыпкиннің барлық өлшемдерін сызып алып жасаған жоспарымен және төрт фасадының бейнесі түсірілген құжаттары негізінде іргетасынан бастап қайта қалпына келтірілген екі күмбезді руханият және сәулет ескерткіші болып саналатын Әли Қожа-Ата мешітінің ғимараты; XV ғасырдың бес күмбезді Шығыс моншасы; “Түркістан тарихы” атты тарихи-танымдық музейдің экспозициясы; *(Осы жерде музейге қатысты азғана мәлімет бере кетуді жөн көріп отырмын. Төрт қабырғасынан басқа еш нәрсесі қалмаған, бірақ та қолымызда бар құжаттарды пайдалана отырып XIX ғ. аяғында патша әскерлеріне арнап салынған әскери казарма ғимаратын (ұзындығы — 70 м, ені — 15 м) толық қайта қалпына келтірдік, жаңғырттық, сонан соң оның залдарында тас ғасырынан бастап Түркі қағанаты және ортағасырлар тарихынан Түркістан оазисіне қатысты мәліметтерді қоса жаңа заманға дейінгі уақытты қамтитын, 8 бөлімнен тұратын музей ұйымдастырдық. Бұл музейдің тақырыптық жоспарын Марат Әбдешов пен Марат Тұяқбаев деген өз істеріне және ғылымға берілген азаматтарымыз тарихи құжаттарға, өздерінің көп жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып және археологиялық материалдарды пайдаланып жазып шықты. Осы тақырыптық жоспар негізінде музей экспозициясын да, оған керек музей жабдықтарын да өз мамандарымыздың күшімен атқарып және жасап шықтық. Қазіргі мүмкіндігімізді пайдаланып, музейді құруға бар ынталары мен жігерлерін жұмсап, білімділік пен білгірліктерін аямай, уақытпен санаспай, күн-түн демей қызмет еткен Н.Имажанов, М.Тұяқбаев, Ж.Ерубаяев, Л.Бейсембаева, А.Ержігітова, А.Жүнісқожаев, С.Жүнісов, М.Давыдов, Ж.Романов, З.И.Кирякова, Н.Шербаев және басқа да азаматтарымыз мен қыздарымыздың ерекше еңбектерін атап өткім келеді).* Цитадельдің жарты шақырым болатын қорғанының толық құрылысы мен шахристанның ұзындығы 1,5 шақырым келетін, бойы 1,5 метрге дейін көтерілген қорғанының ізі және ондаған тағы басқа да тарихи орындар. Бұл жұмыстарға қолданылынған терракоталық кірпіштермен қоса басқа да ескі әдіспен арнаулы пештерде арнайы технологиямен дайындалатын қыштардың ондаған түрлері және майоликалық, керамикалық плиткаларды біз өз цехтарымызда Сауранның топырағынан, Қаратаудан алынатын Түйетас топырағын т.б. минералдық қоспалар қосу арқылы дайындадық. Қазақстанның Оңтүстік аймағында орналасқан дала және қала ескерткіштеріне арнап қыш, лай, басқа да материалдарды дайындаудың технологиясын өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап 90-шы



жылдарына дейін Қазақстанның “НИИСтромйпроект” мекемесінің ғалымдары — ғылым кандидаты С.С.Тәтібаева мен техника ғылымының докторы С.Т.Сүлейменов деген аға-апаларымыз көп жыл зерттеп, оның нәтижелерін біздің цехтарымызда байқаудан өткізіп, сол кезде-ақ біздің өндіріске енгізген болатын, кейін де ол технологияны практикада қолданумен қатар жетілдіріп отырдық. 2000 жылы Ашхабад қаласында тарихи-мәдени мұраларды жаңғырту, қайта қалпына келтіру және оларды келер ұрпаққа сақтап жеткізу жұмыстарына қолданылатын құрылыс материалдары жөнінде ЮНЕСКО шеңберінде өткен халықаралық семинарда терракоталық қыштар мен керамикалық, майоликалық плиткаларды дайындауда Қазақстан технологиясы Орта Азияда қолданылып жүрген технологиялардан артық болмаса кем емес деген жақсы баға алды.

1998—2000 жж. Түркістандағы жоғарыда айтылған жұмыстарды атқаруға Мәдениет министрлігіне қарайтын “Республикалық мемлекеттік құрылыс-жөндеу және жаңғырту басқармасынан” және оның Түркістан, Талдықорған мен Қызылорда қаласындағы бөлімшелерінен – барлығы 350-ден аса маман-реставраторлар, жұмысшылар мен құрылысшы-инженерлер, сәулетшілер мен технологтар және кострукторлар қызмет етті. Жоғарыда айтқанымыздай, біздің тресте 1500 астам адамнан Түркістанда жұмыс бастағанымызда 300-ге де жетпейтін мамандарымыз қалып еді, сол себептен қатарымызға кейіннен қосылған жастарымызды тәжірибелі мамандардың қасына қосып, тікелей жұмыс басында оқыту, үйрету арқылы жаңғырту жұмыстарының қыр-сыры мол, қиын да, күрделі жақтарын меңгерулеріне көмектесіп отырдық.

Осы жылдары жоғарыда айтылған жұмыстардан басқа да бірнеше Қазақстанның облыстары мен қалаларындағы тарихи-мәдени ғимараттарды жаңғыртуға, қайта қалпына келтіруге арналған істер атқарылды. Олар: Алматыдағы Біқылас атындағы Республикалық халық музыка аспаптары музейінің ғимараты, Жаркенттегі Уәлибай мешіті, Маңғыстау облысындағы жартасқа жарып салынған Бекет Ата мешіті, Батыс Қазақстан облысының Орда ауылындағы Жәңгір хан Ордасының тарихи-мәдени ескерткіштеріндегі жұмыстарды бастау және т.б.

Алматыда атқарылған және оған тоқтала кететін маңызды жұмыстардың бірі — сәулет ескерткіші болып саналатын сол кездегі “Қазақконцерт” бірлестігі ғимаратының 1991 жылдан бері қаңырап жатқан концерт залы мен фойесін 1998 ж.толық жаңғыртып, күрделі жөндеуден өткізіліп іске қосылды. 1999 жылы қазақ халқының ағартушы-ғалымы, әліппесінің атасы, “Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады” деп айтып кеткен А.Байтұрсыновтың тұрған үйін қайта қалпына келтіріп, мұражайын аштық. Мұражай ұйымдастыруға белгілі ғалым Ғарифолла Әнес басшылық жасады. Осы жұмыстардың барлығына сол кездегі біздің министрлігіміздің басшылары Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Қ.Е.Көшербаев, Е.М.Арын және Д.Қ.Қасейінов мырзалар көп көмек көрсетіп, қолдау жасады.

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойының дайындық жұмыстарына да біздің кәсіпорынның атсалысқанын жоғарыда айтып өткендіктен, Тараз қаласы мен ондағы тарихи-мәдени мұралардың тарихы мен атқарылған жұмыстарға тоқтала кетуге болады.

Тараз – Қазақстанның ең көне қалаларының бірі. VI ғасырдың өзінде-ақ Талас өзенінің жағасындағы бұл қалада 568 жылы Түрк қағаны Дызабұлдың әсем ордасында Византия елшісі Земарх қабылданады, ал 629 жылы Тараз (Далос-Талас) жайлы қытай жиһанкезі Сюань Цзянь жазып кетеді.

VII ғ. Тараз Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығына айналады. 751 жылы оны арабтар жаулап алды, 766 жылы қарлұқтардың қол астына өтті, ал IX ғ. соңынан бастап саманидтерге бағынады. IX—X ғғ. Тараз қайта гүлдейді, бұған оның маңындағы күміс кендері мен сауда-саттық үлкен әсерін тигізді.

X—XI ғғ. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды Қараханидтер жаулап алған тұста Тараз жаңа мемлекеттің бір бөлігінің астанасына айналды. XIII ғ. басынан бастап моңғолдар



шапқыншылығына дейін Тараз біресе қарақытайлардың, біресе наймандардың қолына өтіп, ақыры Хорезм шахы Мұхаммед ибн Текештің уысына түседі. 1212 ж. Мұхаммед шах Таразды моңғолдарға бергісі келмей, қаланы қиратуға бұйрық береді, бірақ қала сол ғасырдың ортасында-ақ қайта қалпына келтірілді. Бұл жайлы Вильгельм Рубруктың жазбасынан толығырақ білуге болады. Шыңғыс ұрпақтарының билік үшін қырқысы Тараз қаласының өмірін XV ғ. басында тоқтатады, алайда оның орнында қалған қоныс XVIII ғ. аяғына дейін өмір сүрді. Ертедегі Тараз құрылыстарының ішінен мұнда X—XI ғғ. салынған Қарахан кесенесі ғана сақталған және X—XI ғғ. салынған шығыс моншасының қалдығы археологиялық қазба кезінде табылды, XIII ғ. ескерткіштері есебінен тек Ұлық Білге Икбалхан-Шамансүр (Дәутбек) кесенесі ғана болып табылады.

Тараз қаласы жайлы ортағасырлық жазба деректерде жеткілікті айтылған, қаланы ғылыми тұрғыдан зерттеу 1867 ж. П.П.Лерхтан бастау алды, оны 1893 ж. В.В.Бартольд, 1929 ж. Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевич, 1958 ж. Т.Н.Сенигова жалғастырды. Онан бергі жылдары Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары бірнеше рет ірі ірі зерттеулер жүргізді.

Қарахан кесенесі XI—XII ғғ. салынған сәулетті күмбез, бірақ ескіріп, тозуына байланысты 1906 ж. қайта салынған. Аңыздар мен деректерге сенсек, мазар Қараханидтер династиясының атақты да, беделді бір өкілінің басына тұрғызылған, халық оны кейіннен “Әулие Ата” деп кеткен. Жаңадан салынған кезде оның ертедегі архитектуралық декоративтік көркемдігінің қалдықтары жойылған, сонымен бірге алғашқы жобасы да бұзылған. Қазір бұл порталды-күмбезді, жобасы төртбұрыш болып келген құрылыс. Орталық залға қоса үш бұрышына үш хұджра бөлмесі тіркелген, төртінші бұрышына төбеге шығатын баспалдақ орналастырылған. Сыртынан құрылыс қабырғалары қазіргі заманғы кірпішпен қапталған, ал ішінен – күмбез бен терезе қуыстарын жауып тұрған аркалары көне мазардан алынған төрт бұрышты кірпіштермен қаланған. Қарахан мазарын алғаш рет 1898 жылы В.А.Каллаур зерттейді, 1949 жылы бірінші рет өлшемдері алынды, 1950 жылдары архитекторлар Т.Бәсенов пен М.Мендікұлов зерттеді.

Қарахан кесенесіндегі қайта қалпына келтіру жұмыстары 2001 жылдың көктемінде басталып, 2002 жылдың қыркүйек айында аяқталды. Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойының ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысты. Сол келген сапарында кесененің ашылу рәсіміне де өзі қатысып, тарихи-мәдени мұраларды сақтап қалу және қайта жаңғырту саласында қызмет атқарып жүрген азаматтарға, оған көмек көрсетіп отырған облыс басшылары мен мәдениет қызметкерлеріне рақметін айтты.

Келесі бір ескерткіш — Шамансүр (Дәутбек) кесенесі, бұл да порталды-күмбезді құрылыс. Күйген қыштан қаланған, есіктері ою-өрнекпен әшекейленген. Оның төбесі қос күмбезден тұрады. Олар өзара арка арқылы бекітіліп, күмбездер сырт жағынан есікке тіреледі. Ішкі бөлменің орта шеніне тастан пирамида түрінде жасалған сағана қойылған. Оған жерленген адамның аты араб тілінде жазылған, жазуды 1893 жылы В.В.Бартольд, 1939 жылы А.М.Беленицкий оқып шықты. 1949 жылы құрылыстың өлшемдері алынып, жоспары сызылды және осы зерттеулер нәтижесінде кесененің XIII ғ. салынғаны анықталды. Бұл тарихи ғимаратта да Қарахан кесенесіндегідей өте күрделі қайта қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізілді, сонымен бірге бұл екі кесененің айналасын көріктендіру, оларға аяқ жолдар салу ісі де орындалды.

Таразға 18 шақырым жерде орналасқан Айша Бибі ауылында XI—XII ғғ. жататын ғажайып сәулет ескерткіші Айша Бибі кесенесі мен Бабажы Хатун кесенелері бар. Айша Бибі кесенесі Б.П.Деникенің бағалауынша, Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы сол замандардағы ескерткіштердің ең үздігі болып табылады. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А.Каллаур, 1938—1939 жылдары А.Н.Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ



филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген. Кесенені Қарахан (Әулие Ата) салдырған. Бірақ кесенені салған сәулетші-ұста туралы нақты дерек жоқ. Ол қима терракоталық қышпен безендірілген, көлемі 723x723 см құрылыс. Пішіні шаршыланып біткен кесене бұрыштары бағана-тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3x1,4) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа қышпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша Бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың бірінде күз, бұлттар, дөңгеленген дүние... деген сөздер жазылған. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) үш бөліктен: күйдірілген қыштан қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі жұқа қышпен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз қыштардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналарымен бекітілген оймыш ұсақ плитка-қыштар арқылы безендірілген. Әртүрлі көлемдегі плитканың шырмауық өрнегіне 70 түрге жуық әшекей қолданылған, ондай қыштар мен плитканың жалпы саны 60 мыңнан асады. Қашаумен қыш пен плитканы қолмен ойылып жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық әсем сәулеттік сипат, композициялық ұтымды шешімін тапқан. Кесене құрылысынан Әмір Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дәстүр айқын аңғарылады (Айша Бибі кесенесіне жүргізілген ғылыми-зерттеу, жобалау және қайта қалпына келтіру жұмыстары жөнінде толық мәлімет алдымыздағы арнайы бөлімде айтылады.)

Айша Бибі кесенесінің маңына орналасқан Бабажы Хатун кесенесі текше пішінді, тік бұрышты күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Бұл кесене — орта ғасыр сәулет өнерінің кезеңдік дамуын сипаттайтын құрылыс. Онда алғаш портал тұрғызу элементтері көрініс тапты. Ескерткіштің сырт пішіні шаршыланып келген (680x680), биіктігі 5 м астам. Қызыл қышпен қапталған мавзолей астыңғы текше негіз бен көп қырлы барабаннан және қырлы сүйір күмбезден құралады. Қас беті мен қаптал қабырғалары бір-біріне ұқсас. Қас бетіндегі аркалы есік босағаларында жебеге ұқсас тайыз қуыс пен күн бейнелі розеттер бар. Интерьерінің құрылысы айқын бұрышқа бөлінбеген. Төрт бұрышының еденінен 137 см биіктіктен пилястраға иек артқан арка парустар сегіз қырлы шеңбер құрайды, шеңберден жоғары он алты қырлы еңсе қалауы басталады. Күмбез өру ісіндегі мұндай конструкциялық тәсіл Орта Азия сәулет өнерінде сирек кездеседі. Мұндай қобылы күмбездерді Қазақстандағы Көккесене, Жұбан-ана сияқты көне ескерткіштерден көруге болады. Бабажы Хатун ескерткіші сырт пішінінің жинақы әрі қарапайым, оймыш-өрнектерінің үйлесімді, қыш қалауының сапалы болуымен ерекшеленеді. Қазіргі кезде ескерткіштің қабырғалары, барабаны мен күмбезінің едәуір жері қираған, алайда қолда бар тарихи құжаттарға сүйене отырып, кесенені толық күрделі жөндеуден өткізіп, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, жұмыс 2000 жылы басталып, 2001 жылы аяқталды. Ғалымдар бұл ескерткішті X—XI ғасырларға жатқызады.

Аталған ескерткіштерден басқа Жамбыл облысында тарихи ескерткіштер жетерлік, солардың бірі— қала ішіне орналасқан XIX ғасырда салынған Нәметбай мешіті, XX ғ. басында салынған Әбдіқадыр-бай мешіті, Қали Жүніс шығыс моншасының ғимараттары да жаңғыртылып пайдалануға берілді. Төрткөл қаласы (XI—XIII ғғ.) т.б. және қала маңына орналасқан Бектөбе-Жувихат (VI—XII ғғ.), Жуантөбе-Атлах (VI—XII ғғ.), Жал-



пақтөбе-Шігіл (VI—XII ғғ.) қалаларының орынында археологиялық нысандар ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Жазба деректерде Таразға жақын орналасқан Тойлықент-Адахкент, Оққұм-Дех Нүджикес, Шелжі, Сүс, Жаңа Талас, Хүтүхчин, Беру-кет, Кенжек, т.б. көптеген қалалардың болғандығы жайында айтылады.

Ал ендігі тақырыбымыз жоғарыда берген уәдеміз бойынша Айша Бибі кесенесі жайлы болмақ.

Бұл кесене жайлы айтыс-тартыс, алып-қашты әңгіме мен дау-дамайлар жиырма жылдан бері баспасөзде жарияланып келді. Олардағы “құртып кетті, бүлдіріп кетті” деген сыңайлы пікірлерді авторларының арына қалдырып, мәселені егжей-тегжейлі, уақыт бағдарымен дамыта отырып көпшілікке ұсынуды жөн көрдік.

Қазақстан реставрациясының жұмысын марқұм Өзбекәлі Жәнібековсіз әңгімелеу мүмкін еместігі барша жұртқа мәлім. Сол кісінің күш салуы арқасында бұрын Орталық (Мәскеу) пен Өзбекстан реставрацияларына тәуелді болып келген еліміз өз реставраторларының жұмысын жолға қойып, өткен ғасырдың 80-ші жылдары ғылыми-зерттеу және қайта қалпына келтіру орталықтарын ашты. Ресей мен Өзбекстан және өз Республикамыздың архивтерінде, кітапханаларында сақталған Қазақстанның тарихи-мәдени және сәулет құрылыстарына қатысты құжаттар мен еңбектер жинақталып, “Казпроектреставрация” ғылыми-зерттеу және жобалау институтының мамандарымен дайындалған жобаларды іске асырушы “Казреставрация” тресі ашылды. Бұл мекемелер өз жұмыстарын Қазақстан Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз байланыста жүргізді. Атап айтсақ, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мен Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты барлық дерлік жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты. Дайын болған жоба Мәдениет министрлігінің ғылыми-методикалық кеңесі талқылап бекітпейінше іске асырылмайтын. Іске асырылатын жобаның өзі де жұмыс барысында өзгеріске ұшыраса, тек жоғарыдағы кеңес шешімімен ғана атқаруға мүмкін болатын. Мұның барлығын айтып отырған себебіміз, тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмысын мемлекеттік қатаң бақылау мен терең ғылыми зерттеу жұмыстарынсыз атқару мүмкін еместігін, бұл жұмысқа ешкім де жүрдім-бардым қарамайтындығын, кездейсоқ адамдар мен ұжымдар тартылмайтындығын халыққа тағы да паш ету. Ел арасындағы “біреулер келіп қазып кетіпті, көп алтын тауып алыпты” деген сияқты әңгімелердің негізсіз екендігін көрсету. Мұндай әңгімелер Түркістан тойы алдында да кеңінен тарап, түрік ағайындарды жазықсыз айыптаған ұят іске айнала жаздады.

Әңгімеге арқау болған Айша Бибі кесенесі де бүгінгі күнге дейін осындай алып-қашты әңгімелерге арқау болған еді. Істің шындығы неде, ақиқатында қалай, міне, осы мәселенің бетін ашайық.

Айша Бибі, Қарахан, Бабажа Хатун жайлы аңыздар мен тарихи деректер халыққа кеңінен танымал болғандықтан, Айша Бибі кесенесінің құрылысына ғана тоқталып өтейік. Қазірге дейін жеткен кесененің тек батыс қас беті (фасады) шатырсыз, қалған бөліктерінен болмашы ғана фрагменттері сақталған. Ең алғашқы фотобейнесін Жетісуға В.В.Бартольдпен бірге экспедицияға келген С.М.Дудин жасаған, осы фотосуретті 1953 ж. архитектор Т.К.Басенов түсірген фотосуретпен салыстыра отырып мамандар ерекше байқалатын айырмашылық таппаған, яғни кесене 60 жыл ішінде елеулі өзгеріске ұшырамаған, — деген пікірді белгілі сәулетші-реставратор Б.Т.Тұяқбаева өзінің 80-ші жылдардағы мақаласында айтқан, сонымен қоса: “Әрбір тарихи ескерткіштер өздерінің функционалды міндеттерін атқару үшін оларды толық қайта қалпына келтіруге бар мүмкіндігімізді пайдалануымыз керек”, — деген ойын да қосады. Айша Бибі кесенесін консервациялау немесе қайта қалпына келтіруді ұсынған оннан аса жоба бар, олардың алғашқысы 1949 жылдан бастау алады. Алайда мамандарға бұл кесененің тарихи, ғылыми, сәулеттік құндылықтарын ескеріп, аса сақтықпен, жан-жақты зерттеуді толық жүргізіп барып қана қалпына келтіруге



болатыны түсінікті еді. Айша Бибі кесенесі уақтысында Орта Азия мен Қазақстандағы IX–XIII ғғ. жататын және сақталып қалған барлық кесене құрылыстарымен салыстыра зерттеліп, нәтижесінде фасады мен маңдайшасы Бұхарадағы Саманидтер кесенесіне, төбе жабыны Хорезмдегі Фахр ад-дин Рази, Текеш кесенелеріне және Батыс Қазақстандағы Абат Байтақ құрылысына ұқсас екені анықталған. Тіпті тап қасындағы сол дәуірге жататын Бабажа Хатун кесенесінің төбе жабынының өзі де үлгі болуға лайық еді. Дегенмен, нақты бір шешім қабылдауға бұл деректер аздық етеді, кесененің тұтас пішінін тану өте қиын. Төбе жабыны Бабажа Хатун, Манас кесенелерінің сияқты шатыр пішінді болды ма немесе Саманидтер мавзолейі тәрізді күмбез түрінде жабылды ма, міне, ең қиын жұмбақ осы болып тұрды. Дегенмен, жауын-шашыннан, экологиялық қауіптен сақтау мақсатымен шыны павильонмен қапталған ескерткішті не консервациялау, не толық қайта қалпына келтіру жайлы бір шешімге келу қажеттігі туды.

Осы мәселені қараған КСРО Мәдениет министрлігінің ескерткіштерді қорғау жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесі 1979 жылғы 15 мамырдағы және 1980 жылғы 4 сәуірдегі мәжілістерінде оң шешім қабылдады. Бұл құжат сол кездегі Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековке “Казпроектреставрация” институтына Айша Бибі кесенесін консервациялау және реставрациялау жобасын дайындауға тапсырыс (проектное задание) беру үшін негіз болды. Мұнда кесененің толық қалпына келтірілген эскиздік түрінің жобасын да және жекешелеген бөліктерін қалпына келтіріп барып консервациялаудың да эскиздік түрінің жобасын дайындау жүктелді. Негізгі талап ретінде бізге дейін жеткен барлық сәулеттік, сәндік бөлшектерді толық сақтау атап көрсетілген. Жобалау жұмысын дайындауға бір жыл мерзім бөлініп, негізгі міндет институт архитекторы Әбен Итеновке жүктелді де оның ғылыми кеңесшісі ретінде профессор М.Меңдіқұлов бекітілді. Жыл барысында институт қызметкерлері Айша Бибі кесенесін толық зерттеуден өткізеді, оның айналасын, ішін тазалау барысында көптеген жаңа материалдар — сыртын қоршаған обылы-өрнекті қыштар фрагменттері, күмбездің ұшар басындағы — құбба (ашылмаған гүл іспеттес) т.б. заттар табылды. Өлшемдері, жарма көріністері қайта суретке түсірілді.

Жұмыс барысымен Ә.Итенов 1980 жылдың қараша айында Мәскеудегі ЦНИИТИА (Научно исследовательский институт теории истории и архитектуры) институтының тарих секторының мамандары профессор О.Х.Халпахчян мен архитектура докторы В.Л.Воронинаны таныстырып пікірлерін сұрайды. Олар өздерінің қорытынды пікірлерін жазған құжатта жұмысқа жақсы деген баға беріп қолдайтындықтарын айтады және кесененің ішкі құрылысын толығырақ зерттеуге кеңес береді. Келесі 1981 жылдың наурызында біткен жобамен танысқан осы ғалымдар тағы да кесененің интерьерін қалпына келтіру жобасының жеткілікті дәлелденбегенін айта отырып, жұмыстың соңғы шешуші кезеңіне Өзбекстанның өнертану институтының атақты ғалымдары Г.А.Пугаченкова мен Л.Ю.Маньковскаяны және тағы басқа мамандарды да тартуды ұсынады. Осы ұсыныс негізінде жоба авторы Ә.Итенов Өзбекстандағы ортағасырлық сәулет өнерін зерттеуші ірі маман, архитектура докторы М.С.Булатовқа шығады. Жобамен жан-жақты танысқан М.С.Булатов “Казпроектреставрация” институты директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары М.Маманбаевқа жазған хатында жұмыстың толық аяқталмағанын (бұл да интерьерін қалпына келтіру жобасын әлі де фактілермен толықтыру қажеттігін айтады), кесенені ғылыми-зерттеуді жоспарлы түрде жүргізуді ескертіп, төбе жабыны жайлы өз пікірін ұсынады. Ғалымның пікірінше, төбе жабыны шошақ конус не көп қырлы пирамида түрінде болып, ол биік барабан не призма бейнесіндегі мойынға орналасқан болуы керек. Жалпы Айша Бибі кесенесін қайта қалпына келтіру жайлы идеяны қолдай отырып автор мұның ғылыми негізделуіне көп көңіл бөледі және өзінің кесене фасады мен жарма көрінісін түсірген сызбасын ұсынады.



Ақыры жоба 1981 жылдың 19 наурызында институттың (“Казпроектреставрация”) техникалық Кеңесінің мәжілісінде қаралады. Мұнда жоғарыдағы сарапшылардың ұсынысы есепке алынып, жобаның түзетілген, толықтырылған түрі ұсынылған болатын. Мәжілісте сөйлеген институт мамандары Э.И.Качурин, Б.Т.Тұяқбаева мен М.К.Сембин кесене барабаны, төрттігі мен кесененің жасын анықтауға байланысты ұсыныстар жасап, Мәдениет министрлігінің Методикалық кеңесіне талқылауға жіберу жайлы пікір білдіреді. Алайда соңғы шешімді Хамза атындағы өнертану институты мамандарының қолдауынан соң ғана қабылдау керек деп шешеді. Арада бір апта өткен соң, 1981 жылдың 25 наурызында Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесінің мәжілісі өтіп, аталған жоба талқыға түсті. Кеңес жұмысына белгілі ғалымдар М.М.Меңдіқұлов, С.С.Тәкібаева, К.М.Байпақов және Хамза атындағы Өзбекстан өнертану институтының маманы, архитектура докторы М.С.Булатов қатысады. Бұлардан басқа жиырмаға жуық осы саланың мамандары мәжіліске қатысып, Ә.Итеновтың жобасын талқыға салып сараптайды. Мәжіліске Ө.Жәнібеков төрағалық етіп, өз пікірін ашық айтып отырады және сөз соңында жақын маңда орналасқан химиялық зауыттың да әсерін есте ұстауды ұсынады. Мәжіліс автордың жобасын (мамандардың ұсыныстарын іске асырған түрінде) қолдап, төмендегідей толықтырулар ұсынады:

1. Кесененің сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқанын есепке ала отырып, оның сақталып қалған бөліктерін арнайы ерітінділермен бекітудің жобасын дайындау;
2. Ескерткішті толық қалпына келтірген соң бұрыннан қалған бөлігіне түсер ауыртпалықты анықтау;
3. Күмбездің қандай түрде болатынын шешу (конус немесе көп қырлы шатыр);
4. Қабірді тиісті қалыптасқан жүйемен ашып зерттеу;
5. Сәндік өрнекті қыштардың күмбез қыштарының түпнұсқасына сәйкес келуін зерттеу;
6. Химиялық зауыт қалдықтарының ескерткішке әсерін анықтау.

Байқап отырғанымыздай, күмбезден басқасы толық шешімін тапқан сыңайлы, ең бастысы – ескерткішті толық қайта қалпына келтіру жайлы шешім қабылданған.

Осы жылдың 16 сәуірі күні М.С.Булатов институт директоры Б.Т.Тұяқбаеваға жазған хатында Ә.О.Итеновпен бірге бір кеш бойы отырып жұмыс істегенін және Айша Бибі кесенесінің төбе жабыны мен бұрыштары жайлы басқа кесенелерді сараптау арқылы келген шешімдерін алты қағазға сызып жіберіп отырғандығын жазады.

Ал 22 мамырда осы институттың аға ғылыми қызметкері, Ахмет Иасауи кесенесінің сәулеттік құрылымын ұзақ жылдар бойы жемісті зерттеген ғалым Л.Ю.Маньковская Ә.Итеновтың жобасына өзінің пікірін білдіре отырып, автордың кесенені зерттеуде өте көп жұмыстар атқарғанын атап өтеді. Кесененің сыртын қаптаған кірпіштердің аса мол бөлшектері жинақталып, ескерткіштің құрылымдық шешімдері осыған ұқсас көптеген басқа кесенелермен салыстырыла зерттелгенін құптайды, ғалым Л.Ю.Маньковская “Ескерткіштің құрылымы бағанаға ұқсас екені (столбообразный) көзге көрініп тұр, бұл әсіресе ішкі (интерьер) көрінісінде анық байқалады. Күмбезі екі қабатты, сыртқысы шатыр түрінде болған, бұл тіпті сыртқы күмбездің барабаны мен бұрыштардағы желкендердің биіктігін барынша кішірейткенде де шығып тұр”, – деген пікір айтады. Соңында ғалым табылған материалдар авторға болашақта дайындалатын реставрация жобасына негіз болатын эскиздік жобаны ұсынуға мүмкіндік беретінін жазады және қайта қалпына келтірілетін бөліктердің реставрация заңына сәйкес түпнұсқадан ерекшеленіп тұруы қажеттігін баса айтады. Қорыта келе Л.Ю.Маньковская атқарылған зерттеулер негізінде жобаның инженерлік (техникалық) бөлігіне кірісуге болатынын ұсынды.

Көріп отырғанымыздай, Айша Бибі кесенесінің төбе жабыны М.С.Булатовтың пікірінше, шошоқ конус не көп қырлы пирамида болып, ол биік барабанға не (көп қырлы) при-



змаға орналасуы керек, ал Л.Ю.Маньковскаяның пікірінше, күмбезі конус бейнелі болып биік емес барабанға орналасуы тиіс. Дегенмен, екі ғалым да кесенені толық қалпына келтіруді қолдайды.

Бірақ әртүрлі “объективті де, субъективті де себептерге байланысты кесенеді атқарылатын жұмыстар орындалмай аяқсыз қалды. Арада жиырма жыл өткен соң ғана Тараз тойына байланысты 2001 жылдың 9-ншы қыркүйегінде Қазақстан Үкіметінің сол кездегі Вице-премьер министрі И.Н.Тасмағамбетовтің Айша Бибі кесенесі басында өткізген кеңесінде бұл кесененің еліміздің тарихында ерекше орын алатындығына, оны қайта қалпына келтірудің халқымыз үшін де, тарих пен мәдениет және ғылым үшін де үлкен маңызы бары екеніне жұртшылықтың көңілін аударып, мәселені қайта көтерді. Бұрынғы дайындалған жоба қайта тексеріліп, жаңа деректермен толықтырулар іске аса бастады. Жоғарыда аталған жобадағы кемшіліктер түзетіліп, көптеген есептеулер, компьютерлік зерттеулер жүргізілді.

Келесі 2002 жылдың 23 қаңтарында Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен пайдалану жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесінің мәжілісі болып өтті. Мәжілісте тек Айша Бибі кесенесінің тағдыры қаралып, оны қалпына келтіру мен консервациялаудың екі жобасы талқыланды. Алғашқысы Әбен Итеновтің 1980 жылдардан бері үздіксіз толықтырылып, дәйектеліп келе жатқан кесенені толық қалпына келтіру және көне бөліктерін консервациялау жобасы болса, екіншісі Темір Төреқұловтың кесененің көне бөліктерін консервациялау, жоғалған бөліктерін шыны мен металдан қалпына келтіріп, құрылысты түгелдей шыны павильонның астына орналастыру жобасы болды. Мәжіліске академик М.Қ.Қозыбаев ағамыз төрағалық етіп отырды. Ә.Итеновтың жобасы бойынша кесененің алғашқы нобайы толық қалпына келтіріледі. Ортағасырлық сәулетшілердің қолданған тәсілдеріне сүйеніп, кесене құрылымының үйлесімділік (пропорция) есептері, өлшемдері анықталған. Мұнда барабан биіктігі кубтың формадағы қас беттердің (фасад) өлшемдері негізінде есептеліп шығарылған, ал күмбез формасы ешбір қырсыз конус түрінде берілген. Жобаның ерекшеліктеріне тоқталмай-ақ, қорыта айтқанда, сол кеңесте көпшілік дауыспен сәулетші Ә.Итеновтің жобасы өтіп, кесенені толық қайта қалпына келтіруге барлық негіз бар деп шешім қабылданды. Ол жобаны қолдағандардың ішінде академиктер М.Қозыбаев, К.М.Байпақов, атақты сәулетшілер Т.Сүлейменов, А.Ордабаев, Д.Дембаев т.б. болды. Кеңестің шешімі сол кездегі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі И.Тасмағамбетовке және Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.Құл-Мұхаммедке жіберілді.

Сол шешім қабылданған соң 2002 жылдың наурыз айында И.Тасмағамбетов Қазақстан Республикасы мәжілісінің депутаттары Ш.Мұртаза, Қ.Тұрысов, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М. Құл-Мұхаммед және Еуразия университетінің сол кездегі ректоры М.Жолдасбеков пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары Н.А.Коржованы, сол кездегі Жамбыл облысының әкімі С.Үмбетовты, тағы басқа да ресми қызметкерлерді Жамбыл облысындағы Айша Бибі кесенесіне ертіп келіп, енді жұмысты бастау керек екендігін нықтап айтты. Қаржы министрлігіне сметалық құжаттарға сәйкес қаржы бөлуді тапсырып, ол мәселені де шешті және кесенені қайта қалпына келтіру барысындағы жұмыстардың өте күрделілігін ескере отырып, жұмыс мерзімін үш жылға 2002—2004 жылдар етіп белгіледі. 70-тен аса түрі бар, 60 мыңға жуық өсімдік іспеттес оюлары қолмен ойылып дайындалатын, лайының құрамын дайындау технологиясы өте күрделі терракоталық қаптама қыштарды Сауран топырағынан Түркістан қаласындағы қайта қалпына келтіру шеберханасының жартылай жерасты арнаулы пештерінде дайындадық, кесененің іргесін (фундаментін) арнаулы әдіспен бекіту, қабырғаларын көтеру, оны жоғарыда айтылған терракоталық қыштармен қаптау, барабанды, парустарды, аркалармен қоса ішкі және сыртқы күмбездерді көтеру сияқты



көне ескерткішке тән көптеген күрделі жұмыстарды біздің кәсіпорынның Түркістан бөлімшесінің мамандары орындады (бастығы Халилаев Ә.Н.). Кесенені қайта қалпына келтіру барысында көптеген қиындықтар кездескенмен, біздің қыш дайындаушыларымыз, оны күйдірушілер, қыш қалаушылар, аркалар мен күмбез көтерушілеріміз, тағы да басқа да маман-ұсталарымыз, инженерлеріміз өздеріне тапсырылған жұмысты абыроймен атқарып шықты. Кесенедегі жұмыстарды 2004 жылдың желтоқсан айының 20-да толық бітірдік, мемлекеттік жұмысшы комиссиясы жақсы деген бағамен қабылдады.

Кесененің сақталмаған ішкі күмбезі мен сыртқы күмбездерінің конструкциясын қайта қалпына келтіру жобасына терең де, жан-жақты эксперттік ғылыми-зерттеулер жүргізіп, өздерінің тұжырымдамаларын берген – сәулет ғылымының кандидаты Б.Т.Тұяқбаева мен сәулетші А.Н.Проскурин.

Айша Бибі кесененесі өзінің әсем тарихымен, рухани құндылығымен, құрылыс конструкциясындағы тригонометриялық есептеу шешімдерімен, түрлі ою-өрнектерінің күрделілігімен және олардың өзара қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешімін тапқан ерекше, қайталанбас ғажап сәулет және тарих ескерткіші болып табылады.

2005 жылы сәуір айының 24-де Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Айша Бибі кесенесіне арнайы келді, халық алдында сөз сөйлеп, салтанатты түрде кесенені ашып берді. Осылайша еліміздің тарихында ерекше орыны бар тарих және сәулет ескерткіші – таза сезімнің, пәктіктің, махаббаттың, сұлулықтың символына айналған Айша Бибі кесенесі жылына мыңдаған Қазақстан халқының келіп мінәжат етіп, сиынатын тағы бір киелі жеріне айналды.

Кесенедегі атқарылған жұмыстарға және кесененің өзіне баға берсек, шын мәнінде әлемдік реставрация заңдарына сай қайта қалпына келтірілген Қазақстандағы қайта жаңғырту өнерінің шыңы деуге болатын ғажайып ескерткіш десек қателеспейміз.

IV тарау

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СӘУЛЕТ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ:
ҰСЫНЫСТАР МЕН
ТҰЖЫРЫМДАР**





Мәдени мұра – тарихымыздың өзегі

Бүгіндері қазіргі заман құрылымына сәйкес адам баласының қоршаған ортасын бірсарындылыққа әкелетін ғаламдандырудан қорғау шарасы ретінде мәдени мұра ескерткіштерін елге әйгілеу, сақтап қалу бұрынғыдан да бетер маңызды шаруа болып отыр. Қазіргі құрылыс ғимараттарының өркендеуі, ақпарат жүйелерінің, байланыстың және көлік ағымының қарқынды дамуына қарай біз ескерткіш рухын сезінуден қалып бара жатқандаймыз.

Бүкіл адамзат тарихының дамуымен біздің тарихымыздың тығыз байланысы және өзара қатынасының нәтижесі болып табылатын мәдениет ескерткіштерін сақтауға бәріміз борыштымыз. Қазақстан территориясында дамыған өркениет бар болғанын дәлелдейтін, тізімге алынған 25000 ескерткіштің бірнешеуін ғана атап өтуге болады, олар: байырғы заман адамдарының қоныстары, бірнеше мыңжылдық тарихы бар қалалар, әлемдегі кірпіштен салынған бірінші күмбездердің бірі — б.з.д. IV–II ғғ. Баланды II кесенесі. Толстовтың “Окс пен Яксарттың ежелгі атырауларының ізімен” кітабында, “Рим күмбездерінің салынуынан жүз елу жыл бұрын Сырдария далаларында бірінші күмбездер салынған” деп жазған екен. Бұл сөздердің мағынасы әрбір адамға түсінікті болса керек.

Ал Маңғыстау ескерткіштерін бүкіл әлемде теңдесі жоқ деп айтуға болады, ол — біздің мақтанышымыз болып табылатын сәулет өнерінің дербес және өзіндік дәстүрмен дамудың Аралы сияқты Жамбыл облысындағы Айша Бибі кесенесі. Ол — сәулет өнерінің маржаны, Қазақстандағы XI–XII ғасырдағы сәулет өнері мен оның технологиясының даму деңгейін көрсетеді. Типологиялық аспект тұғырынан алып қарастырғанда, оны қандай да бір өнер мектебіне жатқызуға болар еді, бірақ бұл бүкіл әлемде өзіне ұқсас құбылыс таппай отыр. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауидің кесенесін ЮНЕСКО әлемдік ескерткіш деп таныды, бұл сәулет туындысын шығыстың сәулет өнерінің энциклопедиясы деп атауға толық болады. Бірігіп күш жұмсауының нәтижесінде бірталай ғасырға қытайлардың батысқа қарай жылжуына жол бермей, екі мәдениеттің алғашқы өзара ұйымдасуының айғағы ретінде Жамбыл облысындағы Түрік қағанатының мұсылман әлемімен саяси қарым-қатынасы кезіне жататын Ақыртас Сарай құрылысы — VIII ғасырдың бірінші жартысына жататын ескерткіш екендігін ғалымдар дәлелдеп отыр.

Мектеп қабырғасынан біз мысырлықтардың адам денесін мумиялау, бальзамдау және әлемнің жетінші кереметі болып табылатын пирамидаларды салуда жеткен жетістіктерімен таныс болған едік. Бірақ біз олардың ішіндегі адам денелерінің сақталуы жағынан біршама артып түскен өзіміздің пирамидаларымыздың тарихын біле бермейміз. Бұл Шығыс Қазақстандағы Берел қорғандары және олардың ішіндегі мүрделердің мүлтіксіз сақталуы — бірегей және бірден-бір құбылыс. Берел қорғанында жерленіп, мәңгі тоң жағдайында сақталған жылқылардың жасы 2500 жылдан асады. Қорған құрылысының өзіндік конструкциялық ерекшеліктерінің арқасында аттар ғана емес, сонымен қатар декоративтік-қолданбалы өнердің бағалы материалдары да сақталған. Халық ақ алтын деп атайтын, негізі күміс немесе ағаш болып келетін алтын әшекейлердің жасалу технологиясы — Сақ кезеңінде өмір сүрген шеберлердің осы күнге дейін ашылмай келе жатқан құпиясы. Ерте заманда өмір сүрген бабаларымыздың өнердегі жетістіктерін зерттеп, зерделеп, жоғалғанын тауып, бұзылғанын қайта қалпына келтіріп, халық игілігіне берсек, қазіргі және келер ұрпақтың өмірінде, өнердегі жолында, тәрбиесінде бағыттаушы рөл атқаратын болады. Осы рухани және материалдық байлықты сақтап қалу, келер ұрпаққа жеткізу сіздер мен біздерге аманат етіліп отыр, оны абыроймен атқарып шығу кең байтақ жерді, тарихи-мәдени мұраларды, ғажайып фольклоры мен табиғат байлығын қалдырған ата-бабаларымызға көрсеткен құрметіміз болады.



Енді, қазіргі уақыттағы осы салаға қатысты мәселелерге келейік. Барлық жердегідей, біздің жұмысымызда да кемшіліктер жетеді, оған әртүрлі себептер айтуға болар еді, бірақ біздің мақсатымыз сол кемшіліктерді болдырмау болғандықтан соған тоқталайық. Ескерткіштердегі реставрация, консервация және осыған қатысты барлық жұмыстар — терең зерттеліп дайындалған ғылыми құжаттарға сүйене отырып атқарылатын жұмыстар. Олардың барлығы көпшілік болып үйреніп, тәжірибе алмасып, бірлесе жұмыс істеп, өздеріңізбен ақылдаса отырып, уақыт барысында жөндеуге болатын кемшіліктер. Және осы жұмыстарды атқаратын біздің кәсіпорындардың қазіргі кезде қажетті түрде дамуына, ескерткіштерді сақтау ісіндегі халықаралық ұйымдардың талаптарына сай болуға, керекті құрал-жабдықтарды, арнайы техниканы, компьютерлік программаларды жаңартуға мемлекет тарапынан көмектің керегі біз үшін маңызды болып тұр. Жаңа құрал-жабдықтарға және технологияларға бейімделген мамандарды дайындау қажет. Сонымен қатар қалпына келтіру жұмыстары — кез келген кәсіпорынның қолынан келе бермейтін ерекше бағыт екендігін ұмытпаған абзал. Ескерткіштерді сақтап қалуға арналған халықаралық құжаттардың және Қазақстан заңдарының талаптары бойынша, біз құрылыстың көне технологиясының, материалдарының, құрал-жабдықтарының көп жылдар бойы үйреніп-білуді талап ететін құрылыс әдістерінің түпнұсқаға толық сәйкес келуін ұстануға тиіспіз.

Мәдени мұралардың басым көпшілігі бүкіл Қазақстан территориясы бойында бір-бірінен шалғай қашықтықтарда жатқандықтан, ескерткіштерді сақтаудың басты мәселелерінің бірі олардың жай-күйін бақылауда болып тұр.

Олардың жағдайын бақылап, тиісті шараларды қолдану үшін біз кем дегенде жылына бір рет ескерткіштерге баруымыз керек. Бүгіндері біздің кәсіпорынның экспедициялар ұйымдастырып, жаңа тарихи орындарды зерттеп жүрген ғылыми мекемелердің, жоғары оқу орындарының арнайы мамандары мен студенттерінің, облыстық инспекцияның, Республикалық мемлекеттік қорық-музейлердің облыстық, аудандық және ауылдық атқару органдарымен байланыстары өте әлсіз. Бір жүйедегі қызметкерлердің арасында да оперативті байланыс жоқ.

Әлі күнге дейін сәулетші-жобалаушыларға, сонымен қатар, Республикалық қалпына келтіру кәсіпорны мен оның облыстардағы бөлімшелеріне, музей-қорықтардың қызметкерлері мен инспекцияларға да пайдалануға болатын мәдени мұралардың жай-күйі туралы ақпаратты рәсімдеудің бірыңғай формалары мен талаптары қалыптаспаған және осы салаға арналған оқу құралдары да жоқтың қасы. Кез келген инспекция қызметкері ескерткіштің жай-күйін анықтайтын негізгі белгілерді және стандартты құжаттарды қалай толтыруды білуі тиіс. Бұл мәліметтер электронды базаға енгізіліп, барлық қызығушылық танытқан жұртқа ашық болуы керек.

Жергілікті өкімет органдары бұл мәселелермен тұрақты да байсалды айналыспағандықтан, көптеген жағдайларда кәсіпкерлердің жетегіне еріп кетеді. Олардың ескерткіштерді пайдалану жөніндегі қабылдаған шешімдері, уәкілетті органдармен келісу тәртібіне қарама-қайшы келіп жатады.

Ал бүгінгі күннің көрінісіне келер болсақ, сол тайпалардың ұрпақтары адамдардың мәңгі панасына беріп, аманат етіп қалдырған қабірлерін бұзып жатырмыз. Егер бұл әрекеттерді, республикалық деңгейде қатаң шаралар қолданып, тоқтатпайтын болсақ ертең-ақ бұл істер тұрақты ережеге айналары сөзсіз. Осы себептен облыстық инспекцияларға заң түрінде, өте жоғары деңгейде құқықтар мен уәкілдіктер беретін құжаттар дайындап, Үкімет тарапынан бекітіп, Мәдениет министрлігінің құрамынан басқарма немесе департамент ашу керек.

Ескерткіштерді қорғау және сақтау саласына, біз жалпы экономикаға арнап құруға тырысқан нарықтық механизмдер мен бәсекелестік онша үйлеспейді. Ескерткіштердің



жай-күйіне кері ықпалын тигізеді. Ескерткіштер табыс көзіне айналған күнде, оның тарихының, мәдениетінің және тәрбиелік мағынасының маңызы жоғалады. Рухани және тарихи ескерткіштердің басында кейбір жерлерде білімді маманның орнын сауатсыз молдалар басып отыр, ал олардың арнайы білімі болмағандықтан ескерткіштің тарихы мен маңызын келген халыққа түсіндіру кезінде өздігінше бұрмалауға бейім тұратындығы баршаға мәлім болар.

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтап қалу, қайта қалпына келтіру және осы салаға қатысты ұсыныстардың біразын атап кетелік. Олар:

— тез арада 2004—2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жалғастыру мақсатында 2007—2010 жылдарға арналған бағдарламаның республикалық және облыстық дәрежедегі жобаларын дайындау;

— жылдан-жылға “Мәдени мұра” жоспарында бекітілгендерден басқа ескерткіштерде немесе оның қорғау аймақтарында жұмыстар жүргізу үшін қоғамдық ұйымдар мен кәсіпкерлер тарапынан қаржыландыру саны көбейіп келеді, бұл шаралардың мақсатқа лайықтылығы жөнінде шешімдер қабылдау үшін облыстық инспекция құрамында мамандардан арнайы Кеңес ұйымдастыру керек. Көбіне ескерткіштерді рұқсатсыз жөндеуге рұқсат бермеген инспекция қызметкері көпшілік алдында ізгі ниеттерге қарсы шығушы ретінде қабылданады, ал осы Кеңес арқылы дұрыс шешім қабылдап, атқарушыларды да анықтауға болар еді;

— қорғау аймақтары анықталмаған және құрылыс салу зоналары реттелмеген мәдениет және тарих ескерткіштерінің қасынан әртүрлі құрылыс жұмыстарын жүргізуге уақытша моратория жариялау керек.

— шалғай аудандарда жатқан ескерткіштерде атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен технологиясын қадағалау үшін сол жұмыс түрлерін құжаттандырудың барлығына міндетті болып табылатын біртұтас ереже қабылдау керек.

Жоғарыда айтылған Кеңестің қатысуымен Уәкілетті орган жыл сайын лицензияның берілуі немесе оның мерзімінің ұзартылуы жөніндегі шешімдерді қабылдауы тиіс және ол лицензияға қоса жұмыс атқарушының қай объектілерде қандай жұмыстар атқаратыны жайында қосымша мәліметтер (приложение) болуы керек.

— Мәдениет объектілері сақтандырылуы тиіс және мекеменің лицензияны алу үшін ескерткішті алғашқы қалпына келтіруге лайықты мамандары, өндірістік базасы, зертханасы, жұмыс тәжірибесі мен қажетті барлық техникалық құрал-жарақтары болуы тиіс.

— Кез келген зерттеулер, жобалау жұмыстарының материалдары мемлекеттік қаржы есебінен атқарылған жағдайда, жоқ дегенде, осы саладағы мамандардың қолы жетерліктей болуы тиіс. Айқындық және ашықтық — қабылданған шешімдердің дұрыстығының жалғыз дәлелі және орындаушылардың өзара қарым-қатынасы, тәжірибе алмасуы жұмыс сапасының өсуінің кепілі.

Тоқ етерін айтқанда, ескерткіштің амандығының басты кепілі — қоғамның өзі, оның мүшелері — сіздер мен біздер және Қазақстанның мәдени мұраларын сақтап қалу, қайта қалпына келтіру саласында жауапкершілікпен атқаратын істеріміз.

“Қазақ әдебиеті” газеті. □ 40, 2005 ж.



**Қазақстандағы мәдени мұраларды зерттеу, сақтап қалу,
жаңғырту және пайдалану саласын дамытуға бағытталған іс-шаралар**

Қазақстан территориясы адамзат тарихындағы екі мәдениет – көшпелілік пен отырықшылықтың түйіскен, қатар орналасып аралас-құралас өмір сүрген және төл мәдениеттерінің үздік үлгілерін бір-бірінен қабылдаған тарихи ғажап аймақта орналасқан. Бұл аймақта сан түрлі халықтардың мәдени, рухани және тарихи ескерткіштерінің кешендері қалыптасты. Олардың тізімге алынғанының саны 25 мыңнан асады (соңғы 10—15 жылғы ізденістер мен зерттеулер нәтижесінде ескерткіштер санының 50 мыңнан асатыны жайында дәлелденген деректер бар).

Міне, осы бағасыз байлықтың иесі, сақтаушысы, зерттеушісі және бұл жайлы әлем халқын хабардар етушісі де тәуелсіз Қазақстан Республикасы мен оның халқы болып отыр. Бұл ауыр да абыройлы міндетті атқару Адамзат өркениеті алдындағы борышымыз, ғалам тарихына қосатын үлесіміз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы Қазақстан халқына Жолдауының негізінде Қазақстан Үкіметінің сол жылғы 5 қыркүйектегі нөмірі 903 қаулысымен бекітілген “Мәдени мұра” 2004—2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында” біздің салаға арнап нақты міндеттер жүктелген және оны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі көрсетілген.

Біріншіден, елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін зерттеу, зерделеу, қайта қалпына келтіру және сақтап қалудың, оларды тиімді пайдаланудың тұтастай жүйесін құру.

Екіншіден, ескерткіштерді қалпына келтіру ұйымдарының қызметіне бірыңғай басшылықты қамтамасыз ету, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау саласында бекітілген бағдарламалар мен жобаларды іске асыру міндетіне кіретін тарихи-мәдени мұраны қорғау, сақтап қалу, жаңғырту жөнінде республикада ұтымды құрылымды құру туралы мәселені шешу деген.

Қазіргі уақытта, мемлекеттік бағдарламаның орындалуы барысында, осы салада тұтас жүйенің жасалмауынан, орталықтандырылған құрылымның жоқтығынан болып жатқан келеңсіздіктер көрініс тауып отыр.

“Мәдени мұра” бағдарламасында көрсетілген іс-шараларды атқаруға жұмылдырылған мекемелер, өзіндік және ведомствалық мүдделерден аса алмай, бір-бірімен жоғары деңгейде кәсіби қатынас орната алмады. Жалпы бағдарлама түзілгенмен, әр мекеме өз жоспарымен әлек болды десек те артық емес, өйткені бұл сан-салалы жүйені жоғары деңгейде бір-бірімен үйлестіру, басқару, бақылау және қаржыландыру мәселесінің әлсіздігі қазіргі жағдайымызда анық байқалды.

Ескерткіштерді есепке алу, оларға куәліктер толтыру, нормативтік құқықтық және методикалық негіздерді дайындау, көне құрылыс материалдарын саралау, ғылыми-теориялық жұмыстар, мониторинг сияқты фундаментальді ғылыми зерттеулер бұл салаға онша қатысы жоқ деп, оларды қаржыландыру тиісті мекемелерден толық түсіністік таппай отыр. Өйткені бұл ғылыми-зерттеу жұмыстары мен құжаттар дайындау жүйелі түрде толық орындалып, тікелей ескерткіштердегі өндірістік жұмыстармен ұштасқанда ғана Қазақстанда өзіндік толыққанды реставрация мектебі қалыптаса алады.

Осы жерде айта кететін тағы бір мәселе бар, ол — бәсекелестік орта жасау туралы мемлекеттік саясат. Әрине, ешкім де нарықтық экономика заңдылығын жоққа шығармайды. Дегенмен де оның алғы шарттары жасалды ма? Батыс елдерінде ескерткіштердің дені қалалық ескерткіштер екендігін, ал Қазақстанның ең байтақ жеріне тарыдай шашылған тарихи-мәдени мұраларының 70 пайызынан астамы далалық ескерткіштер екендігін естен шығармауымыз керек. Осы деректердің өзін ғана негізге алсақ біздің



саламыздың мемлекет қарауында және бақылауы мен басқаруында болу керек екендігі айдан анық.

Бір терінің пұшпағын илеп жатқан бірнеше мекеме бір-бірімен бәсекелес болып, бір жұмысты бірнеше рет жасап, әрқайсысы өз жолымен жүріп, артық ақша жұмсағанынан көрі, алтындай уақытымызды да, қаржыны да тиімді пайдалану үшін тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, зерделеу, қайта қалпына келтіру саласына түбегейлі өзгеріс енгізіп, **орталықтандырылған басқару жүйесін, құрылымын құратын уақыт жетті.**

Біздің салада бірыңғай басшылықтың жоқтығынан әр аймақта әрқилы қалыптасып жатқан тарихи орындардағы келеңсіз жағдайлардың біріне ғана тоқтала кетейік.

Ғылыми дәйектермен негізделмеген “жабайы реставрация” қираған, бүлінген, ескірген ескерткіштердің барлығын қалпына келтіруді мақсат етіп қойған “бұл реставрациялық қозу” құбылысы да Қазақстанның бірнеше аймақтарынан жиі байқалады. Ешбір ғылыми дерекке сүйенбеген, көне заманғы технологияны, құрылыс ерекшеліктерін сақтамаған мұндай “реставрация” барымыздан айырмаса пайда бермейді. Өйткені ескінің көзі өзінің қоршаған табиғи ортасымен, сол заманға сай жасыл желегімен, өзіне тән көне құрылыс материалдарымен, ғылыми негізге сүйене отырып дайындалған жобалық құжаттармен қайта қалпына келтірілген ескерткіштер ғана бізге қойылған талаптарға сай және туристік инфрақұрылымға негіз бола алатындығына шүбә жоқ. Осы жерде қалыптасып бара жатқан жағдайға бір-екі мысал келтіре кетейін. Айша Бибі мен Бабаджа Хатун кесенелері дүниежүзілік деңгейдегі ескерткіштер, сәулет өнеріндегі қайталанбас ғажайып мұра, құрылыс технологиясы тұрғысынан да және тарихи маңыздылығымен де бағалы сәулеттік кешен. Кезінде қорғау аймағының анықталмауы кесірінен, тура түбінен шырақшы үй салып, ескерткіштер кешенін жан-жақты көрсету мүмкіншілігінен айырылып отырмыз. Біреу күнкөріс көзіне айналдырып, үйін зияратшыларға жалға беріп отырса, екіншілері дұға оқып, су сатып отыр. Бұл жерде ол адамдарды сынайын деп отырған жоқпыз, жерлеріне мемлекеттік Актілерді алып алған бұл ағайындардан шетелдік туристер келген кезде қысылатынымыз да анық. Осы жағдай бірнеше облыстарда белең алған. Бұл жерде ертеректе қалыптасып қалған дәстүр десек, соңғы екі-үш жылда бірде-бір мемлекеттік ұйымдармен келіспей-ақ, ешқандай жобасыз салынып жатқан Қызылорда облысындағы Асан Ата, Қорасан Ата қорымындағы, Маңғыстау облысындағы Сисен Ата қорымындағы, Түркістандағы “Әзірет Сұлтан” қорық-мұражайы айналасындағы, тағы да басқа жерлердегі құрылыстарды айтуға болады. Айта берсек, сірә, уақытымыз да жетпес. Әсіресе, Маңғыстаудың ескерткіштері табиғи ортасымен ғана бағалы десек артық болмас. Ата-бабаларымыздың тау ішіне үңгіп салған бұл ескерткіштері сол жерге қатысты дәстүрлі сәулет өнерінің табиғатпен ерекше үйлестік тапқан үлгісі болса, біздің замандастарымыздың салған құрылыстары керісінше әсер қалдырады. Бұл мамандандырылмаған кездейсоқ мекемелердің араласуынан болып жатқан жағдай.

Келеңсіз жағымызды ғана айта бермей, жақсы да жұмыстардың жүзеге асырылып жатқанына тоқтама кетейік.

Мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылып, қаржыландыру арқасында Түркістан қорық-мұражайы мен Отырарда жасалған жұмыстардың нәтижесі оңтүстік аймақтағы туризм инфрақұрылымына оң әсер етіп, келушілер мен зиярат етушілердің артуына себепкер болып отыр. Соның арқасында бұл қорық-мұражайларда нарықтық экономиканың алғы шарттары жасалып, өзін-өзі қаржыландыру саясаты бірте-бірте іске аса бастады. Енді содан түскен қаржының бір бөлігін ғылыми-зерттеу және сол қорық-мұражайдағы тарихи-мәдени мұраларды қалыпты жағдайда ұстап отыру үшін жұмсалуды қамтамасыз ету керек.



Рас, бұл жұмыстарға бірден-бір себеп болған мерейтойлар еді, енді ондай жұмыстарды тойларсыз да қолға алатын кез жетті. Бұл орталықтандырылған мемлекеттік саясаттың нәтижесі.

Тек республикалық деңгейде, мемлекеттік тұрғыдан ғана шешілетін мәселелердің негізгілеріне тоқталсақ:

– ескерткіштердің қорғау аймақтарын ғылыми негізде анықтау, олардың тарихи-мәдени ландшафтын сақтау және карталарын жасау;

– қайта қалпына келтіру, жаңғырту, консервациялау, музейлендіру жұмыстарын туризм және ұлттық дәстүр талаптарына үйлестіре отырып жасалуын қамтамасыз ету;

– мәдени мұраларды зерттеу, қорғау, сақтау, жаңғырту жұмыстарын жүйелі түрде қадағалап отыруды ұйымдастыру (облыстық инспекцияға құқықтық уәкілдіктер беру);

– қалалық, аудандық бас жобаларға мәдени мұраларды қорғау аймақтары туралы ұсыныстар дайындау;

– “Мәдени мұра” саласына лицензия беру мәселесі (мекемелерге, мамандарға және мұра басындағы қызметшілерге) және де басқа мәселелер.

Тікелей мәдени мұраларға қатысты күрделі қаржы көздерін талап ететін, бірақ оған онша көңіл бөлінбей отырған жұмыстардың екі-үш түрін атап өтейін:

– инженерлік-геологиялық, геотехникалық зерттеулерді жүргізу;

– стратиграфиялық, топографиялық кескіндемелерді дайындау;

– мәдени мұраларды пайдалану шектемелерін жасау.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы ескерткіштерді сақтап қалу, оларды қорғау халықаралық талаптарға сай деңгейде жүргізілуі үшін ғылыми-зерттеу, жобалау мен өндірістік жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру, басқару және іске асыру функциялары орталықтандырылып, бір мекемеге міндеттелуі керек, сол жағдайда ғана мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы кешенді де жүйелі түрде орындалады.

2004 ж.



ӘДЕБИЕТ

1. Восстановление памятников культуры (Проблемы реставрации). М., 1981, С. 4-10.
2. Лихачев Д.С. Восстановление литературных текстов Древней Руси// Восстановление памятников культуры. М., 1981. С. 230.
3. Сала Р., Деом Ж.М. Наскальные изображения Южного Казахстана. Алматы, 2005. С. 6-17. Рис. 1.4, 1.5, 1.6.
4. Котов Г.И. Некоторые заметки о реставрации древних зданий. Труды I съезда русских зодчих в 1892 г. СПб., 1894 (ксерокопия).
5. Покрышкин П.П. Краткие советы по вопросам ремонта памятников старины и искусства. Псков, 1916 (ксерокопия).
6. Михайловский Е.В. Реставрация памятников архитектуры. М., 1971.
7. История и теория реставрации памятников архитектуры. М., 1986.
8. Забицкая О.Л. Основные направления деятельности ЦГРМ в области охраны и реставрации архитектурных памятников// История и теория реставрации памятников архитектуры. М., 1986. С. 56-64.
9. Ополовников А.В. Опыт реставрации памятников деревянного зодчества Карело-Финской ССР. Автореферат. М., 1958.
10. Методика и практика сохранения памятников архитектуры. М., 1974.
11. Соколова Т.Н. Формирование некоторых тенденций реставрационной методики в послевоенное время// История и теория реставрации памятников архитектуры. М., 1986. С. 64-86.
12. Фейлден Б., Джокилетто Д. Руководство по менеджменту для объектов всемирного культурного наследия. ИККРОМ. Рим, 1993. С. 55.
13. Международная Хартия по консервации и реставрации памятников и достопримечательных мест (Венецианская Хартия). Венеция, 1964. Статьи 9-13.
14. Гендель Э.М. Инженерные работы при реставрации памятников архитектуры. М., 1980. С. 5.
15. Фейлден Б., Джокилетто Д. Руководство по менеджменту. ... 67 с.
16. Маньковская Л.Ю. Некоторые архитектурно-археологические наблюдения по реставрации комплекса Ходжа Ахмеда Ясави в г. Туркестане// Известия АН КазССР. Серия археол. и этнографии. Вып. 3 (14), 1960. С. 57-58.
17. Токтабаев А.У. История реставрации комплекса Ходжа Ахмеда Ясави в г. Туркестане. Архив НИПИ "Казпроектреставрация", 1970, Инв. ф 1294/2. С. 2-3 (ксерокопия).
18. Туякбаева Б.Т., Проскурин А.Н. К истории строительства Ханаки Ходжа Ахмеда Ясави// Известия АН КазССР. Серия общ. наук, ф 4, 1985. С. 63-69.
19. Бекчурин Мир-Салих. Описание мечети Азрета, находящейся в г. Туркестане// Военный сборник, 1886, ф 8. С. 209-217 (ксерокопия).
20. Семенов А.А. Распоряжение Генерал-губернатора Кауфмана о реставрации древних памятников Самарканда и Туркестана// "Туркестанские ведомости". 1872, ф 16.
21. Предполагаемая реставрация мечети Азрет в г. Туркестане// "Туркестанские ведомости" 1883, ф 90 (ксерокопия).
22. Туякбаев М.Қ. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы, 2000. 30-б.
23. Токтабаев А.У. История реставрации комплекса Ходжа Ахмеда Ясави в г. Туркестане. Архив НИПИ. С. 6-7 (ксерокопия).
24. Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент, 1930. С. 11 (ксерокопия).
25. Ремонт мечети Ходжа Ахмеда Ясави// "Туркестанские ведомости". 1911, ф 110 (ксерокопия).
26. Семенов А. Мечеть Ходжа Ахмеда Есевичского в г. Туркестане. Результаты осмотра в ноябре 1922 г.// Известия Среднеазиатского комитета по делам музеев, охраны памят-



- ников страны, искусства и природы (Средазкомстарис). Ташкент, 1926. Вып. I. 125-б. (ксерокопия).
27. *Нұрмұхаммедов Н.* Қожа Ахмед Яссауи мавзолейі. Алматы, 1980. 9-б.
 28. *Елеуов М.* Ескерусіз қалған ескерткіштер. Түркістан, 2005. 106-б.; Оңтүстік Қазақстан облысының Археологиялық картасы. Түлкібас ауданы. Түркістан, 2004.
 29. *Смагулов Е.А., Туяқбаев М.К., Бурнашева Р.З.* Отчет о полевых исследованиях Туркестанской археологической экспедиции в 1999 году. Архив РГП “Казреставрация”, С. 75-96.
 30. *Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б., Ордабаев А.* Подземное погребальное сооружение в Туркестане// Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата, 1977. С. 59-72; *Проскурин А.Н.* Мазар безымянный XVI в.// Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы, 1994. С. 279.
 31. *Немцева Н.Б.* Археологические раскопки у комплекса мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави 1958 г.// Вестник АН КазССР. Серия ист., археол. и этногр. Вып. 1 (15), 1961. С. 92-104.
 32. *Туяқбаев М.К.* Түркістан қаласына жерленген Әмір Темір ұрпақтары// Түркістан сырлары. Алматы, 2000. 65-69-бб.
 33. *Шахурин К.А.* Отчет об археологических раскопках мавзолея конца XV в. Рабии Султан Бегим в г. Туркестане. Алма-Ата, 1954. Рукопись. Архив РГП “Казреставрация”, инв. ф 41.
 34. *Немцева А.Б.* Археологические раскопки у комплекса Ходжа Ахмеда Ясауи (1958 г.)// Изв. АН КазССР. Сер. Ист., арх. и этногр. Вып. 1 (15), 1961. С. 55; *Сенигова Т.Н.* Культовые сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясеви// Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата, 1977. С. 42-52.
 35. *Сенигова Т.Н.* Культовые сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясеви. С. 58; *Смагулов Е.А., Настич В.Н.* Гончарные штампы с надписями XIX в. из Туркестана// Известия АН КазССР. Сер. общ. наук, 1983. ф 2. С. 45-50; *Туяқбаев М.К.* “Халуат” жерасты мешіті// Түркістан сырлары. Алматы, 2000. 41-51-бб.
 36. *Туяқбаев М.К.* “Халуат” жерасты мешіті// “Күмбез” журналы, 1998. ф 2. 27-28-бб.
 37. *Сенигова Т.Н.* Уникальное культовое сооружение Аулие Кумчик Ата в районе г. Туркестана// Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата, 1976. С. 105-121.
 38. *Сенигова Т.Н.* Дневник Туркестанского археологического отряда. 1973. Архив Института Археологии им. А.Х.Маргулана. С. 2; Ее же: Отчет об археологических раскопках в охранной зоне архитектурно-мемориального комплекса Ходжи Ахмеда Ясави (1973—1974 гг.) Алма-Ата, 1974. С. 40.
 39. *Марьяшев А.Н., Мотов Ю.А.* Крепостные стены позднесредневекового Туркестана// Известия АН КазССР. Сер. общ. наук, 1982. ф 1. С. 41.
 40. *Смагулов Е.А.* Отчеты об археологических раскопках 1983 и 1984 гг. В охранной зоне г. Туркестан. Алма-Ата, 1983. Архив РГП “Казреставрация”. Инв. ф 513. С. 6; Архив Института Археологии им. А.Х.Маргулана. Инв. ф 426.
 41. *Итенов А.О.* Фортификация позднесредневекового г. Туркестана// Маргулановские чтения. Сб. мат. конф. Алма-Ата, 1989. С. 184.; *Адильгереев Б.Х.* Исследовательские работы в охранной зоне г. Туркестан. Отчет. Алма-Ата, 1989. Архив РГП “Казреставрация.” Инв. ф 96. С. 1-7.
 42. *Туяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н.* Восточная баня в Туркестане// Архитектура и строительство. Алма-Ата, 1973. Вып. 4. С. 133-138.
 43. *Жунусов Т.Ж., Пустогачев В.А.* Усиление основания и фундамента мавзолея Ходжа Ахмеда Ясауи в г. Туркестане// Сохранение и развитие историко-культурной среды в природных и городских условиях современной Центральной Азии (Сборник статей и тезисов международной научно-практической конференции). Алматы, 2004. С. 185-190.

МАЗМҰНЫ

ҚАРТАЙМАС ӨНЕРГЕ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ (Алғы сөз орына).....	3
КІРІСПЕ	5
I тарау РЕСТАВРАЦИЯ ТАРИХЫНА ШОЛУ	8
II тарау ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ РЕСТАВРАЦИЯ	20
III тарау ҚАЗАҚСТАН РЕСТАВРАЦИЯСЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ	32
IV тарау ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ҰСЫНЫСТАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАР	57
ӘДЕБИЕТ	64

“Арыс” баспасының директоры
Ғарифолла ӘНЕС

ҚАНАТ ТҰЯҚБАЕВ
РЕСТАВРАЦИЯ – ЖАҢҒЫРТУ ӨНЕРІ

Редактор
Ш. Жамықаева

Суретші
Л. И. Тетенко

Техникалық редакторы
С. АҚЫЛОВ

ИБ Ғ 643
Басуға 05.04.2007 қол қойылды.
Пішімі 60x90 ¹/₈. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 15,5. Есептік баспа табағы 11,5.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс Ғ

“Арыс” баспасы,
050010, Алматы қаласы,
Құрманғазы көшесі, 29
Тел./факс: 261 66 28,
261 66 92, 242 65 56
E-mail: arys@nursat.kz
www.arys.kz



Тұяқбаев Қанат Қымызұлы – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданының Шорнақ елді мекенінде, 1952 жылдың 1-ші ақпанында мұғалімдер отбасында дүниеге келген.

1968 жылы Түркістан қаласындағы Ни-

китин атындағы онжылдық мектепті алтын медальмен бітірді. 1973 жылы Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы (сол кездегі) политехника институтының инженерлік-құрылыс факультетін, инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1973 жылы Шымкент қаласындағы Одақтық ғылыми-жобалау “Союзгипрорис” институтынан бастады. 1974 жылдан 1976 жылдың аяғына дейін Түркістан қаласындағы Одақтық дәрежедегі технологиялық оснастка зауытының құрылыс жөніндегі инженері қызметін атқарды, 1976 жылдан Кентау қаласының партия комитетінің шақыруымен “Мырғалымсайсвинестрой” тресінің Құрылыс материалдары комбинатына жұмысқа ауыстырылды. Онда мастер, цех бастығы, комбинаттың өндірістік бөлімінің бастығы қызметтерін атқарып, 1979 жылы Алматы қаласына шақырылып, ҚазССР Мәдениет министрлігіне қарайтын “Казреставрация” бірлестігінің өндірістік бөлімінің инженері, бастығы қызметтерін атқарады. 1980 жылы сол бірлестікке қарайтын арнаулы ғылыми-өндірістік “Алматыреставрация” басқармасының бастығы болып, ал 1988 жылдан 1993 жылдың аяғына дейін республикалық арнаулы жаңғырту “Казреставрация” тресінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1995 жылдан Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорыны – “Республикалық құрылыс-жөндеу және жаңғырту басқармасының” бастығы, ал 2005 жылдан кәсіпорын “Қазқайтажаңғырту” (“Казреставрация”) Республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылғалы осы кәсіпорынның директоры болып қызмет атқарып келеді.

1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен “Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері” атағы берілді, 2005 жылы Қазақстан Республикасының “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталды.